Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ӘОЖ 81'13:574 Қолжазба құқығында

**ШАГИРБАЕВА БАХТИГУЛЬ КОШКАРБАЕВНА**

# Ұлттық құндылықтарды түркітанымдық контексте меңгертудің лингводидактикалық негіздері

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы
профессор
Қапантайқызы Ш.

Шетелдік ғылыми кеңесші доктор
профессор
Ток Т.
(Денизли: Памуккале
университеті)

Қазақстан Республикасы
Астана, 2024

**МАЗМҰНЫ**


**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**........................................................... 3
**АНЫҚТАМАЛАР**............................................................................ 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**................................................ 6
**КІРІСПЕ**........................................................................................ 7
**1 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ**..................................... 14
1.1 Құндылық ұғымының мәні, оның түрлері............................................ 14
1.2 Құндылықтардың зерттелуі................................................................ 23
1.3 Түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесі........................................................................................................ 31
**2 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАСЫ**…………………………………………… 41
2.1 Білім беру жүйесінде құндылықтарды меңгертудің аксиолингвистикалық негіздері................................................................... 41
2.2 Қазақ тілін оқыту мазмұнында ұлттық құндылықтар жүйесінің қамтылу деңгейі...................................................................... 51
2.3 Ұлттық құндылықтарды меңгертуде қолданылатын мәтіндер жүйесі........................................................................................................ 60
**3 ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕҢГЕРТУ ӘДІСТЕМЕСІ**.......... 74
3.1 Тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдері және құндылық бағдарды анықтау.................................................................. 74
3.2 Оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық моделі.................................................... 82
3.3 Ұлттық құндылықтарды түркітанымдық контексте меңгерту тәжірибесі.................................................................................................. 91
**ҚОРЫТЫНДЫ**............................................................................... 100
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**........................................ 102
**ҚОСЫМША А** – Әдебиеттер мен сөздіктер............................................ 111
**ҚОСЫМША Ә** – 1-қосымша. 5-сынып оқулығында қамтылған құндылық бағдарлы мәтіндер авторларының тізімі................................. 112
**ҚОСЫМША Б** – 2-қосымша. 5-сынып оқулығы мәтіндеріндегі құндылық мәнді лексика...................................................................... 113
**ҚОСЫМША В** – 2-қосымша. 5-сынып оқулығында қамтылған мақал-мәтелдер.................................................................................... 119
**ҚОСЫМША Г** – 3-қосымша. 5-сынып оқулығында қамтылған тыйым сөздер........................................................................................ 121

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалған:

Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасының Заңы. Педагог мәртебесі туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсанда, №293-ҮІ ҚРЗ қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 16 қазанда, №914 бекітілген.

Қазақастан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің Бұйрық. Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы: 2023 жылдың 19 қыркүйекте, №294 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №249 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: 2022 жылдың 20 шілдесі, №2 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. Бұйрығы. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы: 2022 жылдың 15 желтоқсанда, №500 бекітілген.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы: әдістемелік нұсқау хат / Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2023 жылғы 25 сәуірдегі №3 хаттама).

## АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**Аксиологиялық лингвистика** (грек.axios – бағалы, құнды, logos – ілім және лат. Lingua – тіл) – моральдық, этикалық, мәдени т.б. құндылықтар, адам әрекетінің бағытын анықтайтын маңызды қағидаттар, адам әрекетіндегі уәжділік, жалпы құндылықтар теориясы туралы философиялық ілімді тіл арқылы зерттеуге бағытталған тіл білімінің саласы.

**Аксиология** (axia – *құндылық* және logos – *ілім, сөз*) **–** құндылық табиғатын философиялық тұрғыдан зерттеу.

**Әдіснама** – жалпы ғылыми әдіс немесе жеке ғылымдардың әдістері туралы ғылым. Әдіснама зерттеудің жалпы ғылымдық бағыт-бағдарын көрсетеді.

**Әдіс** – қойылған ғылыми мақсатқа жетудің жоспары. Әр ғылымның тек өзіне тән зерттеу әдістері болады. Әдіс әдіснамаға тәуелді болады, соған бағынады. Өйткені әдіснама зерттеудің жалпы ұстанымдарын белгілейді.

**Бағалау** – жағымды немесе жағымсыз сипаттарды белгілі бір нысанға қатысты айту, бағалау концептуалдандыруы мен бағалау категорияландыруы үдерісін қамтитын ментальды-вербалды әрекет.

**Дидактика** (гр. didaktikos – үлгі болатын, үйрететін) – білім беру мен оқытудың мазмұнын, заңдылықтарын, ұстанымдары мен әдістерін зерттейтін сан қырлы сала.

**Дискурс** (фр. discovers – сөйлеу) – дискурс; Экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық т.б. факторлармен бірлікте, оқиғалық аспектіде алынған жүйелі байланыстағы сөйлеу мәтіні.

**Индуктивті** (лат. Inductio - өршу, қозу) – индуктивный; Жеке фактілерден жалпылауға, жеке жағдайдан жалпы қорытынды жасауға бағытталған логикалық әдіс.

**Интерактивті** (ағ.“interact” “Inter” – “өзара”, “act”) – екіжақты әсер, субъектаралық белсенділік немесе белсенділіктің диалогтық режимі.

**Имплицитт**і – айқын емес.

**Интерпретация –** қоғамның белгілі бір мүшесінің әрекетінде қандай мән бар екендігін түсінуге бағытталған қадам болып табылады.

**Когнитивтік лингвистика** – когнитивтік тіл білімі (лат. cognito- білім, түсінік) – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы. Табиғи тілдің игерілу, қолданылу механизмін түсіндіруді және соған лайық оның моделін жасауды мақсат етеді.

**Концепт** (лат.conceptus ұғым, ой, түсінік) – адам санасының дүние, әлем, айнала туралы түсініктердің компоненті ретінде бірқатар гуманитарлық ғылымдардың нысаны болып табылады. Концепт тілдік таңбаның семантикасын білдіріп, мазмұнын қалыптастыратын бірден-бір құрал түрінде танылуы қажет (Н.Д. Арутюнованың пікірі бойынша).

**Құндылық бағдар** – адамның шындықты меңгеру жолындағы мақсатты нысаны.

**Құндылық сана** – құндылық сана ұғымына қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар жатады.

**Құндылық қатынас** – өзара қарым-қатынаста жеке тұлғаның ойлауы, эмоционалды компоненттері, адамгершілік және нақты сөйлеу қабілеттері беріледі.

**Мәтін** (лат.textum – қосылу, бірігу) – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі.

**Норма** – болмысты аксиологиялық тұрғыдан құрылымдау механизмі және нәтижесі.

**Лингводидактика** – тіл үйретудің жалпы теориясы. Тіл үйретудің жалпы заңдылықтарын зерттейді.

**Сайт** – компьютерлік желідегі дүниежүзілік мәліметтер өрмегінің негізгі құрылымдық элементі болып табылатын мәтін немесе графикалық ақпарат сақталатын гиперсілтемелік құжат.

**Термин** – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер.

**Эксперимент** – ғылыми қойылған тәжірибе, нақты тіркелген жағдайларда зерттелетін құбылысты бақылау.

**Эксплицитті** – астарлы мәтін (ой), баяндаудан туындайтын жеткізілмеген (айтылмаған) мағыналар ағыны.

**Эмпирикалық білім** – ғылыми фактіні білу. Бақылау және эксперимент – бұл білімнің эмпирикалық маңызды екі көзі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| АКТ | – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар |
| грек. | – грек тілінен |
| лат. | – латын тілінен |
| т.б. | – тағы басқа |
| ҚТТС | – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі |
| ҚР ҒЖБМ | – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| ТБТС | – Тіл білімі терминдерінің сөздігі |
| ФЭН | – Философиялық энциклопедиялық сөздік |
| ОҚТАС | – Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік |
| АТРФС | – Аксиологиялық татарча-русча фразеологиялық сүзлеге |
| ҚСЭ | – Қазақ Совет энциклопедиясы |
| ЖБҚТЖС | – Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі |
| ҚТЖС | – Қазақ тілінің жалпы жиілік сөздігі |
| PhD | – философия докторы |

# КІРІСПЕ

**Зерттеу жұмысының сипаттамасы.**

Соңғы жылдардағы антрополингвистикалық зерттеулер тіл мен ойлаудың күрделі арақатынасына бағытталуда. Тілдік зерттеулер әлдеқайда кең ауқымды қамтып, философиялық, дидактикалық ұстанымдарды айқындауға қатыса алатын мүмкіндігі көрінеді. Соңғы жылдарда тілтанымдық зерттеулер тірі ағзалардың басқаларынан санасы мен тілі жағынан бір саты жоғары тұрған адам баласының тану, сезіну, таңдау, бағалау, мақсат құру, әрекет жасау сынды күрделі құндылық бағдарлы әрекеттерін жүзеге асырудағы тіл мен ойлаудың арақатынасын тереңірек зерттеуге бағыт бұрды. Тіл білімінің аталған өзекті мәселелерін қарастырумен айналысатын философияның саласы аксиология мен лингвистика тоғысында пайда болған аксиолингвистика ғылымы.

Құндылық түсінігі алғаш рет философия мен психология салаларында анықталды. Ал дидактикалық анықтамалар осы ғылымдардың негізінде беріледі. Құндылық абстрактілі, ол – рухани дүниенің сыртқы қалыбы, сананың болмысы. Құндылыққа тікелей әсер ету немесе бақылау жүргізу мүмкін емес, алайда оны қалыптастырып, дамытуға ықпал етуге болады. Бүгінгі таңда ата-бабамыздың бізге мұра етіп қалдырған мол дүниетанымдық ілім-білімі мен рухани құндылықтарының құпиясын ашып, жас ұрпақтың бойына сіңіру – халқымыздың алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі.

Аксиолингвистикалық бағыт адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы ретінде қарастыра отырып, құндылықтар әлемінің тіл арқылы көрініс табу жолдарын зерттейді. Осы мәселені дидактикалық тұрғыдан қарастыру тұлғаның тілдік санасының қалыптасуы жолында құндылық бағдар көрсетуді көздейді. Құндылық бағдар – адамның шындықты меңгеру жолындағы мақсатты нысаны, ал құндылықтар адам болмысын танытады.

Белгілі бір ұлт өкілінің өз ұлттық құндылықтарын танып-білуі, бағалауы және өмірлік ұстанымына айналдыруы нәтижесінде оның ұлттық рухы толысады, нағыз имани, адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтайды. Рухани құндылықтардың қалыптасуы ұлттық сипатта көрініс табады. Сондықтан біздің жұмысымызда осы аталған ұлттық рухани құндылықтарды дамыту мәселесі қамтылады.

Зерттеу жұмысымызда түркі әлемінде ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесі ата-бабаларымыздың қоршаған ортамен, өмір сүрген қоғамымен бағалауыштық қарым-қатынасы негізінде қалыптасқан күрделі ұғым ретінде қарастырылады. Оның мәнін ашып, лайықты бағасын беру бүгінгі түркі қоғамының әлеуметтік дамуына өз әсерін тигізеді.

Құндылықтар ұлттық мінезді қалыптастыруда және ұлттың тектілігін жеткізуде үлкен рөл атқарады. Түркі халықтарын біріктіретін бірнеше негізгі құндылықтар – тамыры терең ортақ тіл, жазу, тарих, мәдениет, әдебиет, дін, діл. Түркі халықтарының қонақжайлылығы, батырлық пен батылдық, биік намыс, үлкенге ізет, кішіге ізет, еңбекқорлық, табандылық қасиеттері оларды басқа халықтардан ерекшелеп тұрады. Түркі халықтарының салт-дәстүрі мен тұрмыс-салты табиғатқа, дүниеге сүйіспеншілікпен қарау ұстанымына негізделген.

Өмірдің мәнін іздеу арқылы ақыл-білімге ұмтылған әрбір азамат ең алдымен өз ұлтының тарихи құндылықтарын бойына сіңіруі тиіс. Себебі қоғам мүшелерінің тарихи жады әлсіреп, тарихи санасы көмескіленген жағдайда ұлттық құндылықтарды бағалау деңгейі төмендейді, бұл қоғамдағы ұлттық тұтастыққа нұқсан келтіреді. Сондықтан түркі дүниесінде қалыптасқан әлеуметтік құндылықтар жүйесі – ерекше зерттеуді қажет ететін күрделі құрылым. Адам баласы өз өмірінің мәнін білуге ұмтылған сайын құндылықтарды түрлі ғылымдар тұрғысынан үздіксіз зерттеу нысанына алып келеді. Біздің жұмысымызда құндылықтардың философия (оның ішінде аксиология), әлеуметтану, психология, тіл білімі, педагогика ғылымдары тұрғысынан зерттелуіне талдау жасалады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.**

Құндылық ұлттың ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мүдденің, ұлттық салттың, ұлттық мінездің, ұлттық идеологияның даму барысына бағыт беріп отырады. Бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі ұлттың әлемдегі өзінің лайықты орнын иемдену, сын-қатерлерге толы дүниеде өз болмысын басқаларға дәлелдеу міндетін жүктейді. Бұл міндеттер білім беру жүйесін ұлттық құндылықтарға негіздей құруды, жас ұрпаққа ата-баба құндылықтарын танытуды өзектендіріп отыр.

Түркі халықтарының ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан өмірді танып, білудегі, ондағы құндылықтарды айқындап, басты мүддесіне айналдырудағы ұлттық ұстанымдары олардың құндылықтар әлемін танытады. Ұлттың ішкі тұтастығы оның пассионар тұлғаларының құндылық басымдықтарымен қамтамасыз етіледі. Түркі халықтар басынан кешкен тарихи кезеңдерде қалыптасқан ортақ құндылық басымдықтарды зерделеп, түсініп, бағалап, меңгеру түркілік негізде ата-бабаларымыз қалыптастырған жалпы адамзаттық құндылықтардың тамырын табуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда белгілі бір ұлттың құндылықтарын зерттеуде оны туыстас халықтардың ортақ тарихи-тілдік санасындағы құндылықтар жүйесімен өзара байланыста зерттеудің маңыздылығы қажет етіледі. Олай болса, құндылық бағдарлы білім беруде оқушы тілдің құдіретті күші арқылы қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтарын сезінеді, сол арқылы тілге, ұлтқа деген құрметі артады және тіл арқылы баға жетпес байлықты меңгеретінін саналы түрде түсінеді. Осы тұрғыда тіл арқылы меңгеруге болатын құндылықтарды менталитеттің өзегіне айналдыру әдістерін зерттеу өзекті болып отыр.

Ұлттық құндылықтарды лингводидактикалық тұрғыда зерттеуде құндылық бағдар мәселесі негізінен жалпы педагогикалық сипатта сараланса, ал тілдерді оқытуда құндылық бағдарды ұстану мәселесі негізінен орыс және басқа да шет тілдерін оқыту жүйесінде біршама зерттелген. Қазақ тілін оқыту мәселесіне қатысты бұл тақырып бірқатар еңбектерде тек теориялық тұрғыдан қарастырылған. Яғни, біздің зерттеу нысанымыз аясында нақты дидактикалық модельдер, әдістемелік ұсыныстар, технологиялар мен тактикалар, тапсырмалардың түрлері және т.б. қолданбалы нәтижелер ұсынған зерттеулердің жоқтығы бұл тақырыптың өзектілігін айқын көрсетеді.

**Зерттеу жұмысының нысаны ретінде** «тіл – тарих – мәдениет - білім –

таным - адам» интегративті жиынтығын аксиологиялық лингводидактика тұрғысынан қарастыру мақсатында қазақ тілін құндылық-бағдарлы оқыту үдерісі қарастырылады.

**Зерттеу пәнін** қазақ тілін құндылық-бағдарлы оқыту үдерісін ұйымдастырушылар – болашақ қазақ тілі мұғалімдерінің құндылық бағдарлары және оқу үдерісінде қолданылатын оқу материалының білім мазмұнында қамтылатын құндылықтар жүйесі құрайды.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – ұлттық құндылықтарды түркітанымдық контексте меңгертудің лингводидактикалық негіздерін айқындау.

**Зерттеудің міндеттері.** Қойылған мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысында мынадай міндеттер алға қойылды:

– құндылық, құндылықты бағалау ұғымдарының мәнін, олардың түрлерін, жүйеленуін айқындау, философия, психология, әлеуметтану, педагогика, лингвистика ғылым салаларында зерттелуіне талдау жасау;

– көне, орта түркі дәуірлерінен жеткен жазба деректер мен ғұламалардың даналық ой-пікірлері негізінде түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесін айқындау;

– білім беру жүйесінде құндылықтарды меңгертудің аксиолингвистикалық негіздерін айқындау, қазақ тілін оқыту мазмұнында ұлттық құндылықтар жүйесінің қамтылу деңгейіне талдау жасау;

– зерттеу еңбектер негізінде тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдерін айқындап, құндылық бағдарды анықтау тәжірибелерін жүргізу;

– оқу-тәрбие үдерісінде болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық моделін жасақтап, тиімділігін тәжірибеде дәлелдеу.

**Зерттеудің болжамы:**

**Егер** болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі меңгеретін «Аксиолингвистика» пәнінің білім мазмұнында түркі ата-бабаларымыз тарих таразысында екшеп, бізге жеткізген ұлттың рухани санасын нығайта түсетін іргелі құндылық идеялар молынан қамтылса; тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдеріне сай ұлттық құндылық бағдар беріліп отырса; тілдегі құндылықтар жүйесін бағалап, сезіну үшін кешенді құндылық бағдарлы әдіс-тәсілдер қолданылса, **онда** болашақ қазақ тілі мұғалімінің өз мамандығына, пәніне деген құндылық қатынасы қалыптасады; пәнді құндылық бағдарлы ұйымдастырудың аксиолингводидактикасын тәжірибе жүзінде көру арқылы болашақ маман қазақ тілі сабағын оқыту үдерісін ұлттық құндылықтарға негіздей құрудың, аксиологиялық мәтіндермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін меңгеріп шығады.

**Зерттеудің жетекші идеясы:**

Білім алушының таным-түсінігінде көне түркі әлемі моделінің реконструкциясын жасау арқылы ата-бабаларымыздың қоршаған ортаға, өмірге, әлемге, әлеуметтік мәселелер мен этномәдени дәстүрлерге деген құндылық қатынастарын айқындауға және сол арқылы тұлғаның өмірлік құндылық бағдарын қалыптастыруына әсер етуге болады.

**Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері.**

Аксиологиялық лингвистика және лингводидактика бағытында орындалған зерттеу жұмысымызда адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың басты мақсаты ретінде қарастыра отырып, «ұлттық құндылық бағдары айқын ұстаз ұлт болашағын айқындайды» идеясы, «тіл – басты рухани құндылық» қағидаты және «жаһандану үрдісі жағдайында жалпытүркілік лингвоэтномәдени құндылықтарды менталитет өзегіне айналдыру» ұстанымы басшылыққа алынады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін түркітану, лингвистика, лингвопсихология, аксиолингвистика, лингводидактика салаларындағы теориялық және әдіснамалық мәселелерге қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми зерттеулері құрайды. Бұл тұрғыда аксиолингвистика саласындағы А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, М. Серғалиев, Х. Басымов, А. Алдашева, Б. Момынова, З. Ерназарова, Ғ. Дюсембина, Ғ. Түсіпбекова, З. Құрманәлиева т.б. ғалымдардың еңбектері мен аксиологиялық лингводидактика саласындағы Н.Ж. Құрман, З.Ш. Ерназарова, Ш.Қ. Құрманбаева, Г.М. Калматова, А.Д. Дейкина, Е.С. Родченкова, Л.П. Гадзаова, Г.У. Ахмедова, Э.Е. Олейник, Е.В. Белоконева т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерін атап айтуға болады.

Диссертациялық жұмыста аксиолингвистика ілімінің негіздері түркі өркениетінің жетістіктерін, жалпыадамзаттық және ұлттық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың қалыптасуын, олардың болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғаліміне беретін бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы жүйесі ретінде көрініс тапты. Адамның зат пен құбылысқа, сапаға берген бағасының тілдік бірліктерден көрініс табуы нәтижесінде қалыптасқан тіл білімінің дербес бағыты – аксиолингвистиканың ғылыми негіздері лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика, лингвопсихология, лингводидактика салаларымен бір арнада қарастырылады.

**Зерттеу әдістері.**

Жұмысымызда құндылықтардың аксиологиялық, әлеуметтанымдық, психологиялық, түркітанымдық, лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік-концептілік, лингводидактикалық мәнін айқындау мақсатында теориялық талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар ұлттық білім беру жүйесінде меңгерілетін құндылықтар жүйесі мен болашақ қазақ тілі мұғалімінің құндылық бағдарын анықтап, дамыту міндеттерін шешу және зерттеу жұмысының әр түрлі кезеңдерінде гипотезаны тексеру үшін статистикалық, сауалнама, эксперименттік әдістер қолданылды. Зерттеудің негізгі нәтижелері бақылау әдісінің көмегімен алынды. Бұл зерттеу әдістерінің қолданылуы ұлттық құндылықтар қатарын талдап, оны жалпыадамзаттық құндылықтармен байытуды көздейтін білім берудің аксиологиялық негіздерін айқындауға мүмкіндік берді.

**Зерттеудің теориялық маңызы.** Тақырыптың өзектілігі зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығын анықтайды. Жұмыста қарастырылған құндылықтар және құндылық бағдар теориясы ұлттық білім беру жүйесінде негізге алынып отырған құндылық бағдарлы білім берудің дидактикалық моделін айқындауға мүмкіндік береді. Тіл білімінде құндылық бағдарды талдау

болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің құндылықтар жүйесін құруға, ұлттық тілдік сананы зерттеуге кең мүмкіндіктер ашады.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.**

Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер мен пайымдаулар қазақ тілін оқыту әдістемесін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін нақтылауға,құндылық-бағдарлы оқыту әдістерін анықтауға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын «Аксиолингвистика», «Түркітануға кіріспе», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курстары бойынша дәрістер мен семинарларда қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы**.

– диссертацияда құндылықтар мәселесі «тіл – сана – баға – сезім – білім – таным – адам» интегративті жиынтығы ретінде аксиологиялық лингводидактика тұрғысынан қарастырылды;

– қазақ тілі оқулықтары мәтіндерінің аксиолингводидактикалық әлеуеті сараланып, түркітанымдық бағыттағы мәтіндер мазмұнына қатысты ұсыныстар жасалды;

– болашақ қазақ тілі мұғалімінің өз кәсібіне деген аксиологиялық көзқарасы зерттеліп, «құндылық сана», «құндылық қатынас», «құндылық бағдар» ұғымдарының ғылыми мәні ашылды;

– тілдегі құндылықтардың мазмұны мен мәнін бағалап, сезіну арқылы оларды тұлғаның өмірлік құндылықтарына айналдырудың әдістемесі ұсынылды;

– тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдері нақтыланып, соған сәйкес білім беру үдерісін құндылық бағдарлы ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылық бағдар көрсетіп отырудың маңызы дәлелденді;

– «Аксиолингвистика» пәнінің білім мазмұнын түркітанымдық негізде ұйымдастырудың жаңаша дидактикалық моделі ұсынылды.

**Диссертацияның негізгі тұжырымдары:**

1. Құндылықтар жеке адамдар мен қоғамды бір-бірімен және қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасаудың дұрыс жолын таңдауға бағыттайды. Бүгінгі жаһандық сын-қатерлер кезеңінде әрбір ұлт өз ата-бабаларынан мирас болып жеткен құндылықтарды біліп, бағалауы тиіс. Құндылық атаулы **тіл** арқылы танылады, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

2. Түркі халықтары өнер-білімі мен мәдениетін, салт-дәстүрін ғасырлар бойы адамгершілік құндылықтарға негіздей дамытып келеді. Түркі елінің этникалық бірегейлігіне қауіп төндіріп тұрған жаһандану үдерісіне қарсы тұру үшін тарихи жадты жаңғыртып, ұлттық құндылықтарға заман тұрғысынан **жаңаша мән бере оқыту** қажет.

3. Мәтін кеңістігіндегі аксиологиялық, тарихи, әлеуметтік-мәдени фон оқушының құндылық бағдарын қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан қазақ тілі оқулықтарына оқушының рухын оятатын, ұлттық тілдік санасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін, тілдің тарихына қатысты мәліметтерді қамтитын түркітану бағытындағы зерттеулер нәтижелері мен түркі зиялыларының еңбектерінен үзінділер де молынан енгізілуі қажет.

4. Тұлғаны құндылықтар әлемінде бағдарлау «**іздеу – бағалау – таңдау – мақсат құру**» кезеңдерінен тұратын **механизм** арқылы жүзеге асырылады.

Сондықтан студент алып жатқан кәсіби білімінің **мәнін** тауып, түсініп, жүрегімен сезініп, өз ақыл-санасы тұрғысынан бағалап, өз өмірлік құндылығы ретінде таңдап алып, иемденіп, өмірлік ұстаным ретінде қолдануына қол жеткізген кезде ғана өзі меңгеретін білім мазмұнын құндылық деп қабылдайды.

5. «Аксиолингвистика» пәнін оқытудың дидактикалық моделі өлшемшарттары мен күтілетін нәтижелерін, қалыптастыру жолдарын, дидактикалық ұстанымдарын, аксиологиялық мәтіндер мен тапсырмалар жүйесін, интерактивті әдіс-тәсілдерді қамти отырып, болашақ қазақ тілі мұғалімінің аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді.

**Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы.**

Зерттеу жұмысының басты нәтижелері 12 ғылыми басылымда көрініс тапты. ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамсыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинақтарында 3 мақала, ҚР ғылыми басылымдарында 4 мақала жарияланды:

1. Оқу мен тәрбие үдерісінде оқушы бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары// Көкшетау университетінің хабаршысы. – 2019. -№2. – 387-391 б. ISSN 2707-9910.

2. Жаңа қазақ жазуы – тілдің иммундық тетіктерін жаңғыртушы құндылық // Көкшетау университетінің хабаршысы. – 2019. - №2. – 352-357 б. ISSN 2707-9910.

3. Ұлттық құндылықтың түркітанымдық контекстегі көрінісі // Көкшетау университетінің хабаршысы. – 2020. - №4/1. – 122-130 б. ISSN 2707-9910.

4. ЖОО-да аксиология пәнін оқытудың маңыздылығы// Наука и жизнь. – 2020. -№6/1. – 268-272 б.

5. Formation of national value orientations of students in the axiolinguistic aspect// Көкшетау университетінің хабаршысы. - 2023. - №2. – 112-124 б. ISSN 2707-9910. DOI: 10.59102/kufil/2023/ iss2 pp.

6.Аксиологическое направление дистанционного обучения национальных ценностей// LX Международный научный конференция «Актуальные научные исследования в современном мире», Выпуск 4(60),часть 7, Переяслав, апрель 2020, 176-181 стр. ISSN 2524-0986.

7.Түркі халықтарына ортақ мифтік-культтік ұғым атауларының аксиолингвистикалық аспектілері//V Международный научно-практическая конференция "Европа и тюркский мир: наука, техника и технологии"//Анкара, май, 2020. III том. - 213-221 б. ISBN 978-601-267-399-9.

8. Türklük bilimli Metinlerinde Milli değerler // Türklük bilimi incelemeleri, Түркия, Денизли, Памуккале университеті. - 2022. - 32-39 б.ISBN: 978-625-00-0622-1.

9.«Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру// Қазақстанннның еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қадыржан Қабиденұлы Әбуевтің 80 жылдық мерейтойы және университетте тарих мамандығының қалыптасуына арналған «Отан тарихының деректануы мен тарихнамасының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - 2019. – 241-245 б. ISBN 978-601-

261-421-3 (1). ISBN 978- 601-261-420-6.

10.Ұлттық құндылық – ұлттың күретамыры//«Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. - 2019. - 128-130 б. ISBN 978- 601-7962-59-3. Нұр-Сұлтан қ.

11.Ахмет Байтұрсынов және ұлттық құндылық //Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынов мұрасы – әлемдік руханият кеңістігінде» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. - 2022. – 229-233 б. ISBN 978-601-261-535-7. Көкшетау қ.

12.Түркі халықтарына ортақ ұлттық құндылықтардың аксиолингвистикалық аспектілері// «Сөйлеу мен тілдегі сөз: филология ғылымындағы қазіргі зерттеу» атты филология ғылымдарының докторы, профессор О.А. Сұлтаньяевтың туғанына 85 жыл толуына арналған VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – 2023. - 205-214 б.ISBN 978-601-261-551-7.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.**

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі бөлім, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Жұмысымыздың «Құндылықтардың тілдегі көрінісі»** атты бірінші тарауында құндылық ұғымының мәні, оның түрлері, құндылықтардың зерттелуі, түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесі мәселелері қарастырылды.

**«Құндылықтарды меңгертудің лингводидактикасы»** атты екінші тарауында білім беру жүйесінде құндылықтарды меңгертудің аксиолингвистикалық негіздері мен қазақ тілін оқыту мазмұнында ұлттық құндылықтар жүйесінің қамтылу деңгейі айқындалып, ұлттық құндылықтарды меңгертуде қолданылатын мәтіндер жүйесіне талдау жасалды.

**«Ұлттық құндылықтарды меңгерту әдістемесі»** тақырыбындағы үшінші тарауда тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдері айқындалып, құндылық бағдарды анықтау тәжірибесі негізінде қол жеткізген нәтижелер ұсынылды. Оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық моделі түзіліп, ұлттық құндылықтарды түркітанымдық контексте меңгерту тәжірибесінің барысы мен қорытындылары берілді.

**Қосымшаларда** 5-сынып оқулығында қамтылған құндылық бағдарлы мәтіндер авторларының тізімі және 5-сынып оқулығы мәтіндерінде берілген құндылық мәнді лексика жинақталып, ұсынылды.

# 1 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

## 1.1 Құндылық ұғымының мәні, оның түрлері

Құндылықтар негізінен өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне **баға** беру негізінде қалыптасады. Қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырып, реттеуді құндылықтар дейміз. Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы – аксиология (гр.axia – құндылық, logos – ілім, сөз) деп атайды. Аксиологиялық бағыт адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың басты мақсаты ретінде қарастырады. Адамның дүниеге, әлемге деген қатынасы рухани және құндылықтық негізден құралады және сол арқылы ол әсерленіп отырады [1].

Құндылық – идеал ретінде өмір сүретін неғұрлым жағымды сапаға ие обьектілер мен тұлғаның ең маңызды, бағалы қасиеттерінің жиынтығы. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде:* «1. Құндылық – қымбаттылық, бағалылық. 2. Маңыздылық, мәнділік. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттігін білуге болады», - деген анықтама берілген (Қосымша А).

Тіл білімінде құндылықтарды аксиологиялық лингвистика зерттейді. Тіл білімі терминдерінің сөздігінде: «Аксиологиялық лингвистика (грек.axios – бағалы, құнды, logos – ілім және лат. Lingua – тіл) – моральдық, этикалық, мәдени т.б. құндылықтар, адам әрекетінің бағытын анықтайтын маңызды қағидаттар, адам әрекетіндегі уәжділік, жалпы құндылықтар теориясы туралы философиялық ілімді тіл арқылы зерттеуге бағытталған тіл білімінің саласы», - деген анықтама беріледі (Қосымша А).

Жалпы мағынада «қалау, ұмтылу, қажеттілік, қызығушылық және т.б. нысаны болатын барлық дүниені құндылық немесе игілік ретінде түсінуге болады» [2]. «Құндылықтар нысанға да, оларды қабылдайтын адамға да қатысты емес. Құндылықтарды адам таниды. Алайда қалаған нысанға қалаған құндылық «беріле салмайды, оларды тәжірибе немесе логикалық пайымдау арқылы түсіну мүмкін емес. Құндылықтар қандайда да бір түрде нысандармен байланысты, бірақ олардың нақты қасиеттерін білдірмейді және бұл обьектілердің шынымен бар-жоғына да байланысты емес. Бұл жерде нысандардың өздері нақты емес, тек идеалды... бірақ олар да сана құбылыстарына жатпайды. Бұл бір-бірін жоққа шығаратын ережелер тізбегі бағалаудың табиғатының парадоксальды сипатына байланысты» [3]. Құндылықтың толығырақ анықтамасы «Философиялық энциклопедиялық сөздікте» берілген: «...адам қызметінің алуан түрлілігі, олардың ауқымына кіретін қоғамдық қатынастар және табиғат құбылыстары құндылық қатынастарының обьектілері ретінде- "–«обьективті құндылықтар» ретінде әрекет ете алады, яғни жақсылық пен жамандық, ақиқат пен өтірік, сұлулық пен ұсқынсыздық, рұқсат етілген немесе тыйым салынған, әділ немесе әділетсіз, т.б. тұрғысынан бағаланады. Тиісті құбылыстарды *бағалауда* қолданылатын әдістер мен критерийлер қоғамдық сана мен мәдениетте «субьективті құндылықтар» (нормативтік өкілдіктер түрінде көрсетілген

көзқарастар мен бағалаулар, императивтер мен тыйымдар, мақсаттар мен жобалар) ретінде бекітіліп, адам әркетінде бағдар көрсетуші қызметін атқарады» (Қосымша А). Құндылық қоршаған ортаның құбылысы (зат, субстанция, оқиға, әрекет) түрінде немесе ойлау фактісі (идея, бейне) түрінде болуы мүмкін. Құндылық бағдар – адамның шындықты меңгеру жолындағы маңызды сипаттамаларының бірі, ал құндылықтар адамның дүниетанымының негізін құрайды. Адамның өзіне қатысты құндылықтар оның мүдделерінің обьектісі ретінде қызмет етеді, ал оның санасы үшін олар обьективті және әлеуметтік шындық ортадағы күнделікті бағдар қызметін, оның қоршаған заттар мен құбылыстарға әртүрлі практикалық қатынастарын белгілеу қызметін атқарады. Обьективті құндылықтармен қатар қоғамдық сананың кейбір құбылыстары да субьектінің мүддесін идеалды формада (жақсылық пен зұлымдық ұғымдары, идеалдар, моральдық нормалар мен принциптер) білдіретін құндылықтар ретінде әрекет етеді. Сананың бұл формалары шындықтың кейбір нақты немесе ойдан шығарылған құбылыстарын жай ғана сипаттап қоймайды, оларды бағалайды, мақұлдайды немесе айыптайды, олардың жүзеге асуын немесе жойылуын талап етеді, яғни олар нормативтік сипатқа ие, олардың маңыздылығы оның қасиеттерімен анықталмайды. Бұл категорияның өмір саласына араласуы туралы жазған Н.Д. Арутюнова: «құндылық ұғымы...өмір сүру механизмдерінде үйлестіруші (адам мен заттар әлемі арасында), ынталандырушы (іс-әрекетке бағдарлаушы), дидактикалық және реттеуші (міндетті) қызмет атқарады» деп есептеген [4].

Құндылық ұғымына қатысты көптеген анықтамалар бар. Олар бірқатар детальдары тұрғысынан айырмашылыққа ие болғанымен, түп негізінде адамзаттың қызығушылығы, ниеттері, талпыныстары, нақтырақ айтқанда, адам немесе адамдар тобына маңызды обьектілермен байланысты. «Жалпы айтқанда, кезкелген қызығушылықтың кез келген нысаны құндылық бола алады» [5]. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздікте (С. Құлманов) құндылықтарға «адамдардың, қоғамның, мемлекеттің мүдделері мен мақсаттарына қызмет ететін және кез келген қажеттіліктерді қанағаттандыруға қабілетті пайдалы обьектілер, заттар, құбылыстар» деген анықтама бере келіп, *табиғи* (адамның өмір сүруіне қажетті табиғи жағдайлар – күн жылуы, ауа, ылғал және т.б.), *экономикалық* «еңбек нәтижелері, өндіріс құралдары, өндірілген материалдық игіліктер; оның ішінде қоғамдық-саяси, материалдық және идеологиялық қатынастар – бостандық, теңдік, әділдік және т.б.); *этикалық* (адамгершілік, адалдық, міндеттеме және т.б.); *эстетикалық* (сұлулық); *ғылыми* (шынайы) деген түрлерін ажыратып көрсетеді (Қосымша А). Ал, С. Роббинс пен Т. Судья: «Құндылықтар – жеке немесе қоғамдық тұрғыдан алғанда мінез-құлықтың белгілі бір түрі немесе тіршіліктің түпнегізі қоғамға қайшы мінез-құлық пен тіршіліктің түпнегізіне қарағанда «дұрысырақ» деген негізгі наным», - деп есептесе, Милтон Рокич құндылықтарды екі топқа бөліп қарастырады: 1. Түпкі құндылықтар – адамның өмір бойы қол жеткізгісі келетін мақсаттары. Оған өркендеу мен экономикалық табыс, бостандық, денсаулық пен әл-ауқат, әлемдегі бейбітшілік және өмірдің мәнін жатқызады. 2. Амал құндылықтары

қалаған мінез-құлықтарды немесе түпкілікті мақсаттарға жету құралдарын қамтиды. Оған тәуелсіздік пен өзіне деген сенімділік, өзін-өзі тәрбиелеу, мейірімділік пен мақсаттылық жатады деп есептейді [6, 7]. Ғалым В. Франкл құндылықтар өмір мәнінің негізі деп есептейді. Ол құндылықтарды шығармашылық, көңіл-күй және қатынас құндылықтары деген үш топқа жіктейді [8]. Құндылықтар «адам болмысының мағыналық негізін құрап, адам өмірінің бағыты мен мотивациясын белгілейді» [9]. Философиялық тұрғыдан құндылық «объектінің немесе субъектінің іс-әрекетінің мәдениетте қалыптасқан кейбір үлгілермен (идеал, стандарт, норма) өзара байланысы және осы үлгіге сәйкестік дәрежесін белгілейді» [10].

Әлем өзінің байлығымен және алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Әлемді рухани-тәжірибелік игеру үдерісі барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады. Бұл қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар тұлғаның сезімі және ұмтылыстарына сәйкес келетін, әлемге деген ерекше эмоционалдық реңге ие болатын қатынасты білдіреді. Адамның әлемді пайдалылық және т.б. тұрғысынан *бағалау* құндылықтар арқылы сипатталады. *Құндылықтар әлемі* – мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетін, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін адамгершілік санасының басым көрінетін саласы. Әрбір мәдениеттің өз құндылықтар кешені бар. Құндылықтар адам болмысының әртүрлі пішініне қатынасын білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу үдерісіндегі қалыпты дүниелер. Қалыпты мәнге қайырымдылық, сұлулық, әділеттілік мұраттары ие болуы мүмкін. Құндылықтар өмір сүріп қана қоймайды, сонымен қатар бір-бірімен салыстырыла отырып, өзіндік құндылықтық қатарды, құндылықтық сатыны құрайды. Бізге белгілі барлық құндылықтар адамға бағытталған және кез-келген өзінің нақты тарихи пайымдалуы мен іске асуында салыстырмалы болып келеді. Алайда, бұл жерде нақты тарихи өмір сүретін адамдар және әлеуметтік топтардың қажеттіліктері мен мүдделерін өтейтін игіліктер ғана құнды деген пікір туындамайды.

Құндылық әрқашан бағалаумен байланысты, кең мағынада–бір нәрсенің пайдалылығын, орындылығын анықтау, яғни құбылысты немесе фактіні «жақсы-жаман» шкаласына орналастыру, оң немесе теріс көзқарас. Бағалау – құндылықтардың өмір сүру формасы. Бағалау таңдану немесе ашулану, ұмтылу немесе бас тарту, махаббат немесе жек көру түрінде көрініс тапса эмоционалды-сенсорлық болады немесе объектінің маңыздылығы бағаланса: шолуларда, мәлімдемелерде, сыни мақалаларда, сараптамалық қорытындыларда және т.б. Лингвомәдениеттану үшін ең маңыздысы – ауызша берілген бағалар. Көбінесе құндылық пен бағалау семантика сияқты тілдік құбылыстармен, мағынаны білдірудің лингвистикалық және сөйлеу құралдарымен, номинативті бірліктердің өзгеру және таңдау заңдылықтарымен анықталатын парадигматикалық қатынастармен (семантикалық-стилистикалық синонимия, лексикалық және фразеологиялық бірліктердің дисперсиясы және т.б.) байланысты.

Осылайша, құндылық пен бағалау идеалдың сұрыптаушылары ретінде

біздің санамыздан тәуелсіз объективті түрде өмір сүреді. Олар тілдік құралдарды, сөйлеу-ойлау әрекетінің әдістерін таңдаумен байланысты. Таңдау – адамдар қызметінің мәдени маңызды саласы немесе, кем дегенде, тіл мәдениетінің қажетті құрамдас бөлігі. Осылайша, құндылық жалпы мәдениет сияқты белсенділікпен байланысты және оның механизмінде конструктивті рөл атқарады. Шынында да, адам әрқашан бір нәрсеге ұмтылады, бір нәрседен қашады. Сонымен бірге ол айналасындағы адамдарға, өмірлік жағдайларға, өзінің мінез-құлқына баға беріп, осы бағалау негізінде әрекет етеді.

Егер объект өзінің белгі белгісін алса, ал оны ұсынған жеке немесе ұжымдық субъектіден бөлініп шығады. Сондықтан кез келген ұғымдар, олардың кәдімгі немесе ғылыми мағынасында құндылықты білдіретініне қарамастан, құндылықтар болып табылады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Құндылықтарды *қасиеттер* деп ұққан дұрыс. Олар бізге бала кезден, ана сүтімен бірге, ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде қалыптасады. Құндылықтарды тану жолы оңай емес. Ең қиын мәселе – нағыз құндылықтарды жалғаннан, шынайы еместен ажырата білу. Құндылықтар әр адам үшін әртүрлі болып келеді. Реттілігіне қарай, маңыздылығына қарай өзгеріп отырады. Себебі адам өмірі үнемі қозғалысқа, ізденістерге толы.

Адамның зат пен құбылысқа, сапаға берген *баға*сының тілдік бірліктерден көрініс табуы нәтижесінде тіл білімінің дербес бағыты – аксиологиялық лингвистика ғылымы қалыптасып, лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика және когнитологиялық тілтаным салаларымен бір арнада үндестік тауып келеді. Лингвистикалық аксиология үшін ең алдымен аксиологиялық парадигмадағы *«бағалау»* категориясын қарастыру маңызды. Бірқатар зерттеушілер (А.А. Ивин, Л.А. Сергеева, В. Вичев және т.б.) «құндылық» түсінігімен тығыз байланыста субъектінің ерекше, құндылықтық қатынасының нәтижесі ретінде айқындалатын *бағалау категориясын* қарастырады.

Айналамыздағы әлем құбылыстары объективті қасиеттерге ие, олар санада ғана емес, сонымен бірге адаммен белгілі бір қарым-қатынаста болады, оның мақсаттарына жетуге және оның өмірлік жоспарларын жүзеге асыруға ықпал етеді немесе кедергі келтіреді. Сондықтан адам шындықты танып қана қоймайды, сонымен қатар оны ұмтылысы, қажеттілігі мен мүдделері тұрғысынан *баға*лайды. Біртіндеп құндылықтық сана қалыптасады, оның құрамдас бөліктері құндылық парадигмасын құрайды. Аксиология әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, жалпыадамзаттық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік-мәдени, ұлттық және материалдық құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектері мен бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі ретінде көрініс тапты.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелгі грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық дегеніміз – «адамның өмірді *баға*лауы». Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. Құбылысты, затты жағымды *бағалау* үшін

құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым этика. Аристотельдің пайымдауында: «... этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» [11]. *Бағалау* – танымдық феномен ретінде сапаны анықтау формасы. *Бағалау* дегенді әлемді тану, оған сыни көзбен қарау деп түсінуге болады. Өмір сүру кеңістігіндегі субъектінің қабылдау, тану тәжірибесі. Бағалау адамды қоршаған ортамен, табиғатпен, әлеуметтік және басқа да шындықпен, адамдармен байланыстырып, құндылықтар әлеміне енгізеді. *Бағалау* арқылы біз құндылықтарды танимыз. *Баға* беру арқылы лингвистикалық аксиологиялық талдау жүргізіп, әлемнің тілдік суретінде аксиологиялық аспектілерді көрсетеміз. Л.А. Сергеева объектінің сипаттамасын тек құндылық категориясы арқылы көрсететін пікірді ғана айтуға болады деп есептейді [12].

Жалпы алғанда, *бағалау*ды тілдік сананың өзегін құрылымдаушы және дүниенің құнды бейнесін қалыптастыратын фактор ретінде қарастыруға болады. Себебі қазіргі лингвистканың антропоцентристік ұмтылыстары *бағалау*ды зерттеу нақты мәдениеттің, ұлттың, тарихи дәуірдің құндылықтар жүйесі мен адамды тұлға және бағалаудың пәні мен объектісі ретінде қалыптастыратын контекстен тыс қарастыру шынымен мүмкін емес екенін көрсетеді. Бірақ *бағалау*ды тек құндылық туралы пікір ретінде түсіну, біздің ойымызша, бұл категорияның шекарасын тарылтады. Себебі *бағалау* функциясы объект пен оқиғаның әлемнің қандай да бір идеалдандырған моделімен қатынасынан тұрады, ал онда субъект үшін маңызды басқа, *құндылықтан* тыс та сипаттамалар (мысалы, мүмкіндік пен шарасыздық, анықтылық пен шындыққа жақындық т.б.) болуы мүмкін. Сондықтан *бағалау*ды құндылық қатынас арқылы емес, мәнділік қатынас тұрғысынан анықтаудың қажеттілігі туындайды. «*Бағалау* – тұлға үшін нысанға алынған дүниенің маңыздылығы, салмақтылығы, құндылығы, қажеттілігі, пайдалылығы, мақсаттылығы, эстетикалығы мен этикалығы және т.б.» [13]. «*Бағалау* адамның мақсатына, көзқарасына, түсіну деңгейіне тікелей байланысты» [14]. Шындығында, бағалаудың оң немесе теріс екенін анықтау үшін субъектінің танымдық әрекеті танымдық өріске енеді.

*Бағалау*шы ретінде әрекет ететін субъект шындыққа дәл жақындап, өз көзқарасын білдіреді. Сөйлеу процесінде сөйлеу арқылы қарастырылатын объектіге субъектінің *бағалау* қатынасының жағымды және жағымсыз түрлерінен басқа бейтарап түрі де жарамды. Құндылық пайымдауында ең бастысы объектінің құндылыққа қатынасы емес, *бағалау* объектісінің нормативтік идеалға, стандартқа, үлгіге сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы пікір білдіру маңызды болады. Осылайша, егер мән стандартқа бағытталған болса, онда *бағалау* стандартпен салыстыру нәтижесі болып табылады. Бағалауыштық мән тілдік жүйеде қосымшалардан басталып, мәтіндерге дейін барлық деңгейлерінде көрсетілуі мүмкін. Н.Д. Арутюнованың пікірі бойынша

құндылықты *бағалау* дегеніміз – когнитивті акт, соған сәйкес адамның өмірі мен қызметінде алатын орнын анықтау үшін субъектінің *бағала*натын объектіге қатынасы белгіленеді [4, с. 24]. *Бағалау* арқылы да біз құндылықтарды танимыз.

«Адамның таным субъектісі ретіндегі белсенді қызметі – шындықты эмоционалды және *бағала*ушы түрде қабылдау» [15]. Адам өз өмірінің мәнін анықтау үшін алдымен заттарға құндылық тұрғысынан мән береді, алдымен заттардың мағынасын ажыратады. Сондықтан адамды бағалаушы деп атаймыз. Адамның сыртқы дүниемен күрделі қарым-қатынасын зерттеу тарихы құндылық пен *бағала*уды адам санасының іргелі категорияларының бірі дәрежесіне көтереді. Сондықтан гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларының мамандары: философтар мен психологтар, педагогтар мен әлеуметтанушылар, лингвистер мен ақпарат теориясының мамандары – бұл психикалық құбылыстарды ғылымда бар әртүрлі позициялар мен тәсілдер арқылы зерттейді. Құндылық пен *бағалау* мәселесі философиялық ғылымдарда (аксиологияда, гносеологияда, логикада, этикада, эстетикада) әсіресе қарқынды түрде талқыланды, олардың кейбірінде құндылық пен *бағалау* «рефлексия» және «таныммен» қатар қойылған негізгі ғылыми категориялар ретінде әрекет етеді. Бағалау әрекеті сыни тұрғыдан ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Адам бір зат пен құбылысқа сын көзімен қарап, оған қатысты өз пікірін, бағасын қалыптастырады. «Сын деп адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, *баға* беруді айтамыз... Адамның қай ісінен шыққан нәрсе болса да, сынға салудағы мақсат–жақсы, жамандығын ашу, мән-мағынасын анық таныту» [16].

Әдетте бағалау лексикасының ішінде жағымдыдан гөрі жағымсыз лексика көбірек болады екен. Бұл жайында өзбек ғалымы Д.Б. Бойматова бағалау нәтижесінде туындайтын лексикаға талдау жасай келе, жағымдыдан гөрі жағымсыз жағдайларға қатысты лексиканың көп болатындығын, оған жағымды жағдайдың адам эмоциясына азырақ әсер етуі себеп болатынын айтады: «Маълумки, инсонлар кишиларнинг ижобий хатти-харакатларига эътибор қилишдан кура, асосан, салбий холатларни кузатишга мойиллик сезадилар, чунки ижобий холатнинг хис-туйғуларимизга таъсири қамроқ булади. Салбий бахолаш лексикасининг бойлиги (кенг маънода айрим объект ва буюмларни салбий бахолаш инобатга олганда) ижобий таърифлар лексикасидан кура куп ва хилма-хилдир» [17].

Жалпы алғанда, құндылықтар дүниесі – тұлғаның дүниетанымына негізделген іс-әрекет пен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған, ішкі және сыртқы әсерлерге байланысты адам бойында қалыптасқан, биік мақсат көздеген ізгі қасиеттердің өмір сүру барысындағы көрінісі деп тұжырымдауға болады. Әдебиеттерде құндылықтардың *жіктелуі* әдетте былайша беріледі: өмірлік (витальды) *(өмір, денсаулық, игілік, экология т.б.);* әлеуметтік *(әлеуметтік мәртебе, жағдай, байлық, отбасы, тәуелсіздік т.б.);* діни *(құдай, сенім, ғұрып, мешіт т.б.);* моральдық *(қайырымдылық, достық, сүйіспеншілік, парыз, адалдық, әділеттілік т.б.);* эстетикалық *(сұлулық, идеал, үйлесімділік т.б.);*

*саяси (заңдылық, мемлекеттілік, ата заң, азаматтық, еркіндік т.б.).* Осылайша құндылықтар жалпы мәдени реттеушіліктің динамикамен сипатталатын қозғалмалы саласы ретінде қарастырылады.

Ғылымда құндылықтар типологиясы «хронотоп» ұғымымен корреляцияланған айқын кеңістіктік аспектіде құрылады. Бұл жүйелеуге сәйкес құндылықтардың 13 түрі ажыратылады:

– мемлекеттік-саяси, әскери-күштік, азаматтық-құқықтық құндылықтар бойынша (күш, қауіпсіздік, әділеттілік, заңдылық және т.б.);

– тарихи-мәдени құндылықтар («уақыттар байланысы», мәдени-тарихи жад, дәстүрлер сабақтастығы, адам орны және т.б.);

– «коммунитарлық» құндылықтар (ұжымда немесе қоғамда өзін-өзі тарату құндылықтары);

– «табиғи» немесе қоршаған ортамен байланысты құндылықтар (таза ауа, таза су, денсаулық, халықтың ұзақ өмір сүруі және т.б.);

– ғылыми-танымдық құндылықтар (білім және білім беру біліктілігі, білім беру жүйесі және т.б.);

– тұлғалық құндылықтар (жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту құндылықтары);

– діни және конфессиялық құндылықтар (нормалар, рәміздер, мәтіндер, рәсімдер, храмдар, икондық кесіндеме және т.б.);

– әлеуметтік стратификациялық құндылықтар (оппозицияларды: «аристократизм», «ұлттық» немесе басқа контексте «интеллект», «дөрекілік», «буржуазиялық», «маржиналдық» және т.б.);

– көркемдік және эстетикалық құндылықтар [18].

Сонымен қатар құндылықтар ұғымымен қатар мен антиқұндылықтар да зерттеушілер назарын өзіне аударған. Л.К. Байрамова татарша-орысша аксиологиялық сөздігінде витальды, рухани, киелі, әлеуметтік-утилитарлық, материалдық-утилитарлық, зияткерлік-когнитивтік, өнегелік-этикалық, эмоционалдық-утилитарлық, діни құндылықтар мен антиқұндылықтар деген топтарға бөліп, келесі гиперонимдік диадаларды ұсынады: «1. Тормыш/Яшәү – Үлем (өмір – өлім). 2. Сәламәтлек – Авыру / Авыру кеше (денсаулық - ауру». 3. Бәхет – Бәхет –Бәхетсезлек (бақыт – бақытсыздық)4. Ватан – Чит ил. / Чит жир. / Чит як (Отан – жат ел, жер). 5. Эш / хезмәт – Эшсезлек. Ял. Ялкаулык (еңбек – демалыс, жалқаулық, іссіздік). 6. Байлык / Муллык – Ярлылык. Фәкыйрьлек (байлық – кедейлік); 7. Акыл – Ахмаклык (ақыл – ақымақтық). 8. Хакыйкать Ялган (ақиқат – жалған). 9. Көлү. Көлергә. – Елау. Күз яшьләре (күлкі – жылау). 10. Ожмах. / Жәннәт. – Жәһәннәм. / Тәмуг (жұмақ – тамұқ) (Қосымша А).

Зерттеу еңбектерде құндылықтарды шартты түрде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар деп бөлу де кездеседі. Дегенмен жалпыадамзаттық құндылықтар жеке адамдар мен ұлттардың құндылықтарынан құралатын болғандықтан, олардың өзара тығыз астасып, байланысып, бір-бірінен туындап жатуы заңды болады. *Жалпыадамзаттық құндылықтар* адам бойында тумысынан болады. Әр адамда рух бар. Рух болмаса, дене жоқ. Рух дегеніміз – жалпыадамзаттық құндылықтардың жиынтығы. Табиғи құндылықтар мен жүре пайда болатын құндылықтар – жалпыадамзаттық құндылықтардың жиынтығы.

Табиғи құдылықтар мен жүре пайда болатын құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтарды жоя бастайды. *Жалпыадамзаттық құндылықтарға* адам өмірі, бейбітшілік, теңдік, бостандық, махаббат, достық, отбасы, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, денсаулық т.б. тәрізді барлық адамзат баласына ортақ құндылықтарды жатқызуға болады. Ал ұлттық құндылықтар мәдениет, әдебиет, тарих, өнер, тіл, дін, діл, ар, ұят, намыс, абырой, дәстүр, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық дүниетаным, ұлттық мінез, туыстық қатынастар және т.б. ұғымдар қамтиды.

Адам өмірінің мәні – құндылықтар жүйесінің тұлғалық интеграциясы. Барлық құндылықтар қоғамдық өндірістің нәтижелері болады. Адамның қажеттілігі немесе құндылықтары зат немесе идея түрінде болуы мүмкін. Осыған байланысты құндылықтар материалдық немесе идеалдық (рухани) болып бөлінеді (1-сурет).




Сурет 1 – Материалдық және рухани құндылықтар

*Материалдық құндылықтар* – тікелей тұтыну құралдары мен заттары (баспана, тамақ, киім, техника, әшекей бұйымдар, алтын мен асыл тастар, ақша, меншік, құрылғылар, еңбек құралдары, тұрмыс құралдары, және т.б.

*Рухани құндылықтар* философиялық, діни, эстетикалық, адамгершілік, құқықтық, саяси идеялардан туындайды. Бұл идеялар әртүрлі уақыт пен кеңістіктегі адамдардың сапалы өмір сүруге деген ұмтылыстарын білдіреді. Идеялар зерттеу еңбектерде, өнер туындыларында, архитектуралық құрылыстарды бейнелетіндіктен, олар материалдық сипатта көрініс табады. Мысалы, көшпелі түркі халықтарының тұрмысында қолданылған кез келген материалдық құндылық дана халықтың өмірлік философиясының рухани құндылықтарынан бір-бірінен туындайды, бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Рухани құндылықтар ұғымын білдіретін концептілер: рух, иман,

адамгершілік, сүйіспеншілік, әсемдік, ақиқат, ізгілік, мейірімділік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, төзімділік, сенім, қайырымдылық, достық, адалдық, әділеттілік және т.б. Яғни, рухани-адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүние қасиетінің өлшемі адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін- өзі танып, өзін-өзі *бағалап*, сол арқылы дүниені, әлемді тануы. Рухани-адамгершілік құндылығы жоғары адам ең алдымен әділ, мейірімді және қанағатшыл болады. Тұлғаның бай руханилық санасы – өмірдің мәнін сезінуге, өзінің өмірдегі орнын табуға, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсінуге, жақын адамдардың алдындағы жауапкершілігін сезінуге, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындауға мүмкіндік береді. Р.Б. Перри «Құндылықтардың жалпы теориясы» атты еңбегінде «құндылық» ұғымына жан-жақты түсініктеме бере келе, рухани құндылықтарға мейлінше мән береді және материалдық құндылықтар емес, неғұрлым әлеуметтенген және эмоциялық тұрақтылығымен ерекшеленетін идеялар ғана мәдениет пен өркениеттің негізін құрайды деген тұжырым жасайды. Перри өз еңбектерінде құндылықтарды қарапайым, күрделі, жағымды, жағымсыз деп топтастырады [19].

Белгілі бір ұлт өкілінің өз ұлттық құндылықтарын танып-білуі, бағалауы және өмірлік ұстанымына айналдыруы нәтижесінде оның ұлттық рухы толысады, нағыз имани, адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтайды. Рухани құндылықтардың қалыптасуы ұлттық сипатта көрініс табады. Сондықтан біздің жұмысымызда осы аталған ұлттық және рухани құндылықтар мәселесі қамтылады. Бүгінгі ғаламдану үдерісінде ұлттық құндылықтарды сақтау дегеніміз – өз ұлтының бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну керек. Ал мұның бәрі мәдениет, таным, тіл деген ең негізгі құндылықтардың беріктігіне келіп тіреледі. Бұл үшеуі – халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі. Ұлттың рухани бағдары, негізгі өмірлік ұстанымдары, дүниетанымы да осы құндылықтарға байланысты қалыптасады. Дәстүрлі танымдағы құндылықтар әлемі адамның рухани әрекеті, рухани байлығы, оның адамгершілік санасының сипатын білдіреді. Бұл қоғам мен адамдарға жақсылық пен жамандықты, ақиқат пен адасуды, әсемдік пен сиықсыздықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, рұқсаттылық пен тыйым салушылықты, мәнді мен мәнсізді ажыратуға негіз болады. Құндылық ұлттың ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мүдденің, ұлттық салттың, ұлттық мінездің, ұлттық идеологияның даму барысына бағыт беріп отырады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәстүрліліктің даму деңгейіндегі ұлттық құндылықтардың алатын орны ерекше және бай. Бұған дәлел – мақал- мәтелдер, жырлар мен аңыздардан құралған, оқиғаларға толы өткен тарихты білдіретін ауыз әдебиеті, ғасырлар бойы қалыптасқан салт дәстүрі, әдет- ғұрпы, тарихы.

### 1.2 Құндылықтардың зерттелуі

Түркі дүниесінде қалыптасқан әлеуметтік құндылықтар жүйесі – ерекше зерттеуді қажет ететін күрделі құрылым. Адам баласы өз өмірінің мәнін білуге

ұмтылған сайын құндылықтарды түрлі ғылымдар тұрғысынан үздіксіз зерттеу нысанына алып келеді. Біздің өз жұмысымызда құндылықтардың философия (оның ішінде аксиология), әлеуметтану, психология, тіл білімі, педагогика ғылымдары тұрғысынан зерттелуіне тоқталамыз.

Құндылықтар дәстүрлі түрде *философияның* зерттеу пәніне жатады, дәлірек айтсақ, философияның аксиология саласында қарастырылады. Құндылылық ұғымы философияда қоғамның, әлеуметтік топтардың және жеке адамдардың өмірінде маңызды болып көрінетін заттар мен құбылыстарды айшықтау үшін қолданылады. Адам әлемі әрқашан құндылықтар әлемінен тұрады. Адам құндылығының өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы аксиология дейді (грек тілінде axis – *баға*лы, құндылық, logos-ілім, ғылым). Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның объективті орны мен құндылық әлемдегі құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әртүрлі құндылықтар байланысы туралы ілім.

Қазақ Совет энциклопедиясында:«Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әртүрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін айқындайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді (Қосымша А).

Философ ғалымдар құндылықты субъектінің өз идеяларымен мақсаттары арқылы елестеткен, қабылдаған және бағалаған нысана ретінде түсінеді. Олардың тұжырымы бойынша, құндылық–тарихи айқындалған қоғамның немесе топтың адамдарына ақиқат, мақсат-мұрат ретінде пайдалы, қажетті құбылыстардың түйіні. Құндылық тек өмірде бар нәрсе ғана емес, оны тұлға бойына сіңіруді жүзеге асыру. Сол үшін мақсатты түрде күресе білу. Философиялық тұрғыдан алғанда құндылық – қоғам, топ және жалпы адам үшін ең құнды және қасиетті ұғым. Әрбір мәдени дәуірдің өзіндік құндылықтары, яғни жоғары құрметке ие болатын құбылыстар жүйесі болады. Осы рухани абсолюттер өзгергенде, қоғамда келесі тарихи кезең басталады. Құндылық ұғымы мәдениеттің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Ол үшін не маңызды екенін адам өзі анықтайды. Көптеген құндылықтар жалпы адамзатқа ортақ. Мысалы, өмір сүру, өмірді сүю, ата- ананы қадірлеу, құрметтеу. Бұл барлық адамдар үшін қымбат рухани құндылықтар. Философия ғылымы құндылықты өмірге үздіксіз бейімделу деп түсіндіреді.

Құндылық – адамның өмірін мәнді де сәнді ететін ұғымдар жүйесі. Адамзат тарихында қандай қиындық көрсе де адамды тұлға етіп сақтайтын рухани негіздер қалыптасқан. Бұл рухани тіректер бірте-бірте құндылықтарға айналды. Құндылықтар шындықты реттейді, оған маңыз, мағына, мән, береді. Тарих қойнауынан жеткен құндылықтар әрқашан бағалы, себебі ол адамдардың

ата-бабаларымыздың идеал өмірге деген ұмтылысын білдіреді. Сондықтан құндылықтарды біліп, заман тұрғысынан жаңаша бағалап, меңгеруіміз керек.

Қазіргі уақытта отандық аксиологияда құндылық «субъект үшін объектінің құны» ретінде анықталады. Бұл мән оң және теріс болуы мүмкін, сондықтан мәннің биполярлық құрылымы бар: әрбәр мән қарсы мәнге сәйкес келеді. Құндылықтар әлемнің құндылық бейнесін құрайды, ол мәдениеттің ерекшеліктеріне байланысты және адам білімінің белгілі бір құндылықты ішкі жүйесін қайта құрумен байланысты ұжымдық және жеке құндылықтарды қамтиды. Құндылық бағдар біржолата қалыптасып, бекіп қалған дүние емес, ол қоғам мен мәдениеттің өзгеруіне сәйкес өзгеріске ұшырап отырады. Философ-ғалым В.П. Тугаринов құндылықты белгілі бір құбылыстың немесе заттың нақты бір адамға не қоғамға маңыздылығы, мәнділігі түріндегі категория ретінде қарастырады: «Құндылық – адамдардың қажеттіліктері мен мақсаты, қызығушылығы жағынан алып қарағандағы пайдалы, қажетті және жағымды деп есептелінетін құбылыстар немесе құбылыстардың қасиеті». Ғалым құндылықтарды төрт топқа топтастырады: 1. Өмір құндылықтары: өмір, денсаулық, отбасы, өмірдегі қуаныш, адамдармен қарым-қатынас т.б. 2. Материалдық құндылықтар: баспана, тамақ, киім, техника т.б. 3. Әлеуметтік-саяси құндылықтар: қоғамдық тәртіп, қоршаған әлем, бостандық, қауіпсіздік т.б. 4. Рухани құндылықтар: білім, ғылым, өнер т.б. [20].

*Әлеуметтану ғылымында* зерттеу пәні негізінен белгілі бір адамдар, қауымдастықтар немесе қоғамдар ұстанатын мәнді артықшылықтар (идеалдар, нормалар) түріндегі әлеуметтік құндылықтар болады. Құндылықтар жүйесі «идеологияның негізі, әлеуметтік реттеудің құндылықтық-нормативтік механизмі қызметін атқаратын мәдениеттің құрамдас элементі» деп түсініледі (Қосымша А). *Әлеуметтанушы* ғалымдар құндылықтардың әлеуметтік мәртебе, тұрмыстық жағдай, отбасылық ахуал, әлеуметтік желідегі қарым-қатынас, тәуелсіздік т.б. түрлерін анықтайды. Әлеуметтанушы Б. Ерасов: «Адамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын құндылықтың, іс-әрекеттің пайда болуы белгілі бір мақсатпен тікелей байланысты болады» деп қорыта келе, әлеуметтік құндылықтардың келесі түрлерін ажыратады: саяси мұраттар, мемлекет тарихы, мемлекет, мәдениет, мемлекеттік шекара, салт-дәстүр, тіл, т.б. [21]. Демек, әлеуметтанымдық тұрғыдан жасалған зерттеулерде біздің нысанымызға қатысты тарих, мәдениет, дәстүр, тіл деген құндылық мәнді ұғымдар қамтылады.

Әлеуметтік құндылықтар күнделікті тұрмыс ырқымен дарып, ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын әрі бүкіл қоғамның немесе әлеуметтік топтың аясында тәжірибені екшеп, реттеуге қызмет ететін, белгілі бір байланыстағы адамдар үшін ортақ болып саналатын әлеуметтік мәні бар құндылықтардың, мінез- құлық нормалары мен қағидаларының, түсініктердің, нанымдар мен дәстүрлердің жүйесін құрайды. Әлеуметтік мәдениет – адамдық қарым- қатынастарды реттеудің маңызды тұлғалық әлеуметтік тетігі, ал құндылық – норма, үлгі, мұраттармен қатар осындай реттеу жүйесінің шешуші элементі болады. Әлеуметтік құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және бүкіл қоғамда немесе әлеуметтік топта өмірлік тәжірибені сіңіруге және реттеуге қызмет ететін

әлеуметтік мәні бар әрекеттер, мінез-құлық нормалары принциптер, түсініктер, сенімдер мен дәстүрлердің жүйесін құрайды. Әлеуметтік мәдениет адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеудің маңызды тұлғалық және әлеуметтік механизмі болады, ал құндылық нормалар, үлгілер және идеалдар түрінде осы жүйенің шешуші элементі қызметін атқарады. Сондықтан құндылықтарды әлеуметтанымдық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор.

Жалпы алғанда, адамзат құндылықтарды оған деген құштарлық ұмтылыс, оны тануға және құрметтеуге ұмтылу немесе керісінше әрекет деп түсінеді. Осы тұрғыдан алғанда, құндылықтар ортақ мақсат, оған жету жолдары және бастапқы нормалар қызметін атқарады. «Құндылықтар – мақсаттар туралы ортақ идеялар» [22]. Құндылық пен мақсат арасындағы байланыс мынада: Генетикалық тұрғыдан алғанда құндылықтар мақсаттан туындайды. Ал мақсаттарды жүзеге асыру құндылықтармен байланысты болады. Құндылықтар: а) адамдардың мақсаттары мен мінез-құлық нормаларын айқындаушы; ә) фундаментальды нормалар қызметін атқарушы; б) мәдениеттің мәнін ашушы; в) адам әрекетінің қызығушылық пен өнімділік жағдайына әсерін тудырушы; г) қоғам мен жеке адамның қарым-қатынасын айқындаушы күрделі жүйе ретінде сипатталады.

Әлеуметтанушылар құндылықтарды әрекеттің белгілі бір ережелері немесе реттеушілері ретінде қарастырады. Олар үшін құндылық дегеніміз – қажеттілігі бар, маңызы айқындалған әлеуметтік нысан. Әлеуметтанушылар құндылықтардың жалпыадамзаттық және ұлттық деген түрлерін анықтайды. Осыған сәйкес мынадай қорытындыға келеміз: құндылықтар қоғам мен адамнан тыс жерде болмайды. Адамсыз ешнәрсенің өзіндік құны жоқ. Құндылықтар адамның қоғамдық-әлеуметтік ортадағы қызметі мен іс- әрекетіне байланысты қалыптасады. Осылайша, адамдар мен құндылықтар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Демек, біздің зерттеуімізде түркі әлемінде ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтар жүйесі ата- бабаларымыздың қоршаған ортамен, өмір сүрген қоғамымен бағалауыштық қарым-қатынасы негізінде қалыптасқан күрделі ұғым ретінде қарастырылады. Оның мәнін ашып, лайықты бағасын беру бүгінгі түркі қоғамының әлеуметтік дамуына өз әсерін тигізеді.

*Психологияда* құндылық категориясы ең күрделі категориялардың бірінен саналады, өйткені бұл әрі уәждемелік, әрі танымдық тұрғыдан қарастырылады. Құндылықтар адамның әлеуметтік әлемді тану үдерісін анықтайды және сонымен бірге оның әлеуметтік ортадағы мінез-құлқын психикалық тұрғыдан реттеуді жүзеге асырады. Ол адам әрекетінің ең маңызды тұстарын айқындайды, сондықтан олар әмбебап (психологиялық) және мәдени-спецификалық сипатқа ие. «Құндылық» ұғымы психологиялық құбылыстардың белгілі бір кешені ретінде қарастырылады. Олар терминологиялық тұрғыдан алғанда әртүрлі ұғымдармен белгіленгенімен, мағыналық жағынан бір негізге тіреледі. Әртүрлі әдебиеттерде бұл терминді «маңыздылық», «өмірлік ұстаным», «мән», «өзіндік мағына», «психологиялық қарым-қатынас» деген ұғымдармен қатар қолдану кездеседі. Жалпы алғанда, психологияда құндылық мінез-құлықтың қарама-қарсы немесе кері тәсілінен немесе болмыстың түпкілікті мақсатынан гөрі жеке немесе әлеуметтік тұрғыдан жақсырақ деген тұрақты сенім ретінде анықталады.

Бұл жүйенің негізін адамгершілік құндылықтар құрайды. Зерттеушілер атап өткендей, «ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ұлт мәдениеттің негізгі құндылықтары отбасын қорғау, денсаулық, шынайы достық, адалдық, ақыл-ой, өмірдің мәні, ішкі үйлесімділік» болады [23].

Құндылықтар тақырыбындағы зерттеулер негізінде біз «құндылық» ұғымында екі түрлі түсініктің ұштасатындығын анықтадық: 1. Құндылық қатынастың объектісі болатын заттардың сыртқы қасиеттерінің сипаттамасы (заттық). 2. Осы қатынастың субъектісі ретінде адамның психологиялық сапалары (саналық). Заттық құндылықтарға заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеті жатады. Ал, санадағы құндылыққа – қоғамдық ой, мақсат, баға беру, түрлі нормалар жатады. Құндылықтарды психологиялық тұрғыдан зерттеуде оның адам санасындағы мәні мен маңызы, адамның іс-әрекеті мен өмір сүру салтына әсері қарастырылады.

Әлеуметтік психологияда аксиология жеке және әлеуметтік маңызды идеялардың, көзқарастардың, мінез-құлық стереотиптерінің және қарым-қатынастарды реттеудің белгілі бір жүйесі ретінде түсіндіріледі. Атақты психолог-ғалым А.Маслоу құндылықтарды қажеттіліктерден өрбіте отырып, оларды барлық тірі жанға тән талғамды ұстанымға балайды. Ойшылдың тұжырымында алуан адамдық қажеттіліктер топқа шоғырланған және елеулігі мен адамдардың мінез-құлқына әсер ету кезеңі жағынан белгілі бір иерархияға орналасқан. Ғалым құндылықтарды жоғарғы және төменгі деген екі топқа бөліп жіктейді. Оның пікірінше, адам әрқашан жоғарғы құндылықтарға ұмтылады. Себебі ол адам табиғатының өзінде өмір сүреді. Жоғары құндылықтар өзін дербестендіретін адамдарға тән, бұл – ақиқат, қайырымдылық, әдемілік, тұтастық, бөлінушіліктің алдын алу, өміршеңдік, бірегейлік, кемелдік, қажеттілік, толықтық, әділеттілік, тәртіп, қарапайымдылық, байлық, шырақтық, ойын, жеткіліктілік және т.б. [24].

Аксиологиялық бағыт адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың басты мақсаты ретінде қарастырады. Ізгілік адамгершілік құндылық ретінде адамның сезіміне, қызығушылығы мен проблемаларына көңіл аударуды тәрбиелеуді негізге алады, адамға әлемдегі ең жоғары құндылық ретінде карауды қалыптастырады. Соңғы жылдардағы антрополингвистикалық зерттеулер тіл мен ойлаудың күрделі арақатынасына бағытталуда. Тілдік зерттеулер әлдеқайда кең ауқымды қамтып, әдеби, пәлсапалық, логикалық ұстанымдарды айқындауға қатыса алатын мүмкіндігі көрінеді. Соңғы жылдарда тілтанымдық зерттеулер тірі ағзалардың басқаларынан санасы мен тілі жағынан бір саты жоғары тұрған адам баласының тану, сезіну, таңдау, бағалау, мақсат құру, әрекет жасау сынды жан қуатының күрделі әрекеттерін жүзеге асырудағы тіл мен ойлаудың арақатынасын зерттеуге кеңінен бағыттала бастады. Тіл білімінің аталған өзекті мәселелерінің бірін қарастырумен айналысатын пәлсапаның саласы аксиология мен лингвистика тоғысында пайда болған аксиолингвистика ғылымы. Соңғы жылдары *лингвистикалық ғылымдар*

*шеңберінде* құндылықтарды зерттеу өзектілікке айналды, мұның басты себебі қоғам тілдегі құндылықтарды әртүрлі деңгейлер тұрғысынан қарастыруда. Аксиологиялық лингводидактиканың зерттеу нысаны «тіл – сана – мәдениет - білім – таным – адам» интегративті жиынтығы болғандықтан, оның пәнін тілдегі құндылықтардың мазмұны мен мәнін айқындау арқылы өмірлік құндылық ұстанымдарын белгілеу деп тануға болады. Сондықтан құндылықтарды лингвистикалық зерттеу *когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, дискурстық* тұрғыдан кешенді зерттеулерде де көрініс табады. Лингвомәдениеттануда тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігі зерттеледі, ал құндылықтардың тілдік объектіленуі осы өзара әрекеттесу аспектілерінің бірі ретінде зерттеледі. Лингвистердің идеялары бойынша, тілдегі құндылықтарды зерттеудің негізін *когнитивтік концептілер* құрайды, бұл құндылықтарды лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған зерттеулерді когнитивтік деп қарастыруға негіз береді.

Кейбір лингвистер құндылықтардың ұқсас интерпретациясын ұсынады. И.А. Стерин құндылықтарды «белгілі бір халық ғасырлар бойында жинақтаған және әрбір жаңа буын ұрпақ өзіне мұра етіп алатын әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық идеялар мен көзқарастар жинағы», – деп анықтайды [25]. Құндылықтар жүйесі немесе аксиологиялық әдіс әлеуетінің негізін құраушы категориялар тілде сақталады және тіл арқылы беріледі. В. Фон Гумбольдт концепциясы бойынша тіл белгілі бір этнос өкілдерінің ойлауымен, санасымен, әлеуметтік және мәдени өмірімен тығыз байланысты. Халық рухы белгілі бір негіз ретінде ұлт пен этностың менталитеті қызметін атқарады. Тіл – адам рухының негізгі әрекеті. «Халық тілі – оның рухы, ал халықтың рухы – оның тілі. Бұдан асқан барабар ұқсас нәрсені елестету қиын» [26].

Аксиологиялық лингвистикалық талдаудың мақсаты әлемнің ұлттық тілдік бейнесінде оның құндылық фрагменті – аксиосфераны, сонымен қатар оның әлеуметтік анықталған сегменттерін – жеке әлеуметтік топтар мен жеке тұлғалардың құндылықтарын, қоғамның рухани-адамгершілік жағдайын диагностикалау, құндылық бағдарларын айқындау және сипаттау. Құндылық категориясы – бұл тілдің құндылық-семантикалық кеңістігінің негізін құрайтын лингвомәдени категория. Құндылықтарды лингвистикалық зерттеу салыстырмалы әспектіде әсіресе перпективалы болып көрінеді. Бұл әртүрлі тілдердегі құндылықтардың лингвистикалық объектіленуінің спецификалық ерекшеліктерін ашуға, сондай-ақ осы объектификацияның жалпы тенденцияларын көрсетуге мүмкіндік береді [27]. Осы тұрғыдан алғанда, белгілі бір ұлттың құндылықтарын зерттеуде оны туыстас халықтардың ортақ тарихи-тілдік санасындағы құндылықтар жүйесімен өзара байланыста зерттеудің қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезде тіл мен құндылық мәселесін сөз етуші ғалымдар бұл мәселеге біржақты қарамай, олардың өзара байланысы мен бір-біріне әсер- ықпалын ескеру қажеттігін айтады. Тіл мен құндылық өз алдына дербес, бөлек жүйе деп саналғанымен, олардың өзара ұқсас жақтары көп. Ең бастысы, тіл де, құндылық та *сананың* көрінісі ретінде адамның *дүниетанымын* бейнелейді.

Лингвистикадағы антропоцентристік әдіс тілді адам болмысымен байланыста қарастырады. Әлемдегі барлық құбылыстар адам тәжірибесі мен құндылықтары тұрғысынан қарастырылады. Олай болса, ұлттық дүниетаным мен ұлттық құндылық ұлттық менталитет негізінде қалыптасады. Тіл білімінде құндылықтарды талдау ұлттық тілдік танымның, тілдік тұлғаның моделін жасауға қатысты зерттеулердің шеңберін кеңейте түседі. Тіл – ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал. Құндылықтарды анықтау үшін қалай дегенде де тілдік фактілерге сүйенетіндігіміз сөзсіз.

Тіл – қай заманда болмасын маңыздылығын, қажеттілігін жоғалтпаған аса мәртебелі құндылық. Аксиология мен тіл білімінің арақатынасын зерттеу бізге тілдің аксиологиялық аймағын қарастыруға мүмкіндік береді. Құндылық бағдар арқылы адам дүниеде өз орнын тауып, қарым-қатынасқа түсу барысында қоршаған ортаға, шындыққа, сұхбаттасушысына, өзге де жағдайларға қатысты баға бере отырып, құндылық бағдарын айқындай алады және өзіне қажетті ортаны қалыптастыра отырып, өзгелердің құндылық танымына да әсер ете алады. «Адам дүниеге өзінің жеке тәжірибесінің сүзгісінен ғана емес, бәрінен бұрын қоғамдық тәжірибенің сүзгісінен қарайды» [28]. Яғни танымдағы дүние туралы концептілік жүйе – ақиқат болмысқа деген субъективті көзқарас пен объективтік қатынастар – құндылықтар жүйесін құрайды.

Тіл біліміндегі құндылық бағдарларды талдау тілдік тұлға моделін жасауға және ұлттық тілдік сананы зерттеуге кең мүмкіндіктер ашады. Мәдени құбылыс ретінде тіл белгілі бір қоғамда қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мәңгілік құндылықтарды қамтиды. Сонымен қатар, «тіл мәдениет пен ойлаумен үздіксіз әрекеттесіп, ана тілінде сөйлеушіні белгілі бір әлеуметтік-мәдени қауымдастыққа жататын жеке тұлға ретінде қалыптастырады» [29].

Қазақ тіл білімінде аксиолингвистикалық зерттеулер сонау ХХ ғасырдың басынан бастап А. Байтұрсынұлының зерттеулерінен бастау алып, М. Балақаев, М. Серғалиев, Х. Басымов сынды тілші ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты. Қазіргі қазақ тіл білімінде аксиолингвистика біршама кең ауқымда зерттеліп келеді. Бұл бағытта Ш. Нұрғожина, А. Алдашева, Б. Момынова, З. Ерназарова, Ғ. Дюсембина, Ғ. Түсіпбекова, З. Құрманәлиева т.б. ғалымдардың бағалауыштық мағына жайында публицистика стиліне, прагматикалық аспектіге, газет мәтініне, саяси дискурске арналған зерттеулері бар.

Құндылықтар мәселесі пайдалы мен зиянды, жақсылық пен зұлымдықтың, әділдік пен әділетсіздіктің, дұрыс пен қабылданбайтын, әдемі мен ұсқынсыздың, идеал мен жақсылықтың орнығуымен байланысты екені белгілі. Тіл арқылы адам өзін қоршаған ортаға деген көзқарасын білдіреді. Кез келген тілде бағалауыштық мәндегі лексика маңызды орынға ие. Олардың қатарында тұрақты сөз тіркесінің аксиолингвистикалық қызметін ерекше атауға болады. Өйткені тұрақты сөз тіркестерінде халық танымында қалыптасқан белгілі бір оқиғаға (затқа, құбылысқа) қатысты пайымдау, тұжырымдау, бағалау болады. Тіліміздегі экспрессивті тұрақты сөз тіркестерін дайын күйінде зат не құбылыс туралы көзқарас пен бағалауда қолдануға болады. Ғалым Л.К. Байрамова татар фразеологиялық бірліктерінің аксиологиясын зерттей келе, олар адам және қоғам

үшін ненің құнды немесе құнсыз болуы керек екенін және құндылығы жоқ нәрсені сипаттап көрсететінін айтады (Қосымша А). Ғалым В.И. Карасик: «Тілдік шеңбер: тұлға, концептілер, дискурс» атты еңбегінде адамзат болмысына тән «құндылықтар кеңістігін» екі негізде талдап көрсетеді: біріншіден, «аксиологиялық вертикаль» немесе тігінен айқындалатын құндылықтар әлемі; оларға автор суперморальді, моральді, утилитарлы, субутилитарлы нормаларды жатқызды; екіншіден, «аксиологиялық горизонталь» яки көлденең сипаттағы құндылықтар қатарында ол жеке тұлғалық, топтық, этномәдени, универсалды нормаларды сөз етті [30].

Құндылық ұғымымен қатар жүретін бағалау категориясы қазақ тіл білімінде жақсы зерттелген. Р. Сыздық әдеби стандарт және нормадан ауытқушылық туралы зерттеуінде сөз таңдауға қатысты талдаулар жүргізе отырып, мәтінтүзімде субъектінің түрлі уәждерге байланысты тілдік құралдарды таңдайтындығын мысалдармен дәлелдеп берген. Сондай уәждердің бірі ретінде сипаттау барысындағы субъектінің бағалауыштық көзқарасы екендігін айтқан [31]. М. Серғалиев эмоционалдылық пен баға берушілік әсіресе ауызекі сөйлеу стиліне тән екендігін, яғни ауызекі сөйлеу барысында субъективтік баға беруші тілдік құралдардың жиі қолданылатындығын айтады [32]. Э. Оразалиева когнитивтік лингвистика жайлы зерттеуінде танымдық құндылықтар мен тұжырымдардың танымдық теорияларын сұрыптайтын бірнеше фактордың бірі ретінде аксиологиялық факторды атап көрсетеді [33].

Жалпы алғанда, аксиологиялық фактор – адамзат жаратылысына тән құндылықтар әлемін зерделеуге мүмкіндік беретін ұстанымдар жігі, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қазына мен асыл мұраның қайнар көзі деп ұғынылады. Оның негізгі қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар арқылы анықталып, танымдық қабылдаудың жалпыға ортақ және жеке этникалық өзгешеліктерін талдап көрсетуге бағытталады.

Тіл білімінің *түркітану саласында түркі халықтарының ортақ құндылықтарын зерттеу* соңғы жылдарда ерекше қарқынмен қолға алынып келеді. Түркітану (тіл білімі) ғылымы бүкіл түркі тілдері туралы ғылым саласы ретінде түркі тілдерінің тарихы мен бүгіні, түркі жазба ескерткіштерінің тілі, ортақ түркі жазулары мәселелерін диахронды, синхронды тұрғыда зерттейді. Бұл салада Ә. Қайдар, М. Томанов, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, Т. Қордабаев, Ә. Ибатов, А. Аманжолов, Р. Сыздық, Б. Әбілқасымұлы, Т. Жанұзақов, Е. Қажыбеков, С. Құдасов, Ж. Манкеева, Ж. Түймебаев, Қ. Сартқожаұлы, Р. Шойбеков, С. Бизақов, Г. Смағұлова, М. Ескеева, Г. Сағидолда, С. Сатенова, А. Салқынбай, Ш. Жалмаханов, А. Жартыбаев, Р. Авакова, Е. Саурықов, Қ. Молғаждаров, О. Сапашев, Б. Сүйерқұл т.б. ғалымдардың еңбектерінде түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі басты рухани құндылық ретінде қарастырылады.

«Түркі халықтарын суперэтностық тұтастыққа ұйыстырудың басты тетігі – тіл десек, бір негізден, яғни жалпытүркілік тектілден өрбіген қазіргі түркі тілдері арасындағы сабақтастықты анықтап, әр тілге тән заңдылықтардың қалыптасу ерекшеліктерін «тіл және этнос», «тіл және қоғам», «тіл және мәдениет» контексінде зерттеу қазіргі түркологиядағы көкейтесті мәселелер

саналады. Бұл мәселелер, сайып келгенде, түркітілдес халықтардың мәдениетаралық қарым-қатынастарын сапалық жаңа деңгейге көтеруге, жаһандану үрдісі жағдайында жалпытүркілік лингвоэтномәдени құндылықтарды сақтап қалуға және насихаттауға белгілі дәрежеде септігін тигізеді», – деген Ж. Түймебаев пен Г. Сағидолданың пікірі де біздің тұжырымымызды растай түседі есептейді [34]. Түркітанушы ғалымдар Б.М. Смагулова [35], М.З. Закиев [36], Б.Л. Таирова [37], Г.В. Килавуздың [38] зерттеу еңбектерінде түркі халықтарының рухани-мәдени бірлігі мен ортақ құндылықтары, жалпы түркілік идеология мәселелері қарастырылады. Түркітанулық бағыттағы осындай ғылыми зерттеулер түркі халықтарының өткені мен бүгінгі өмірін қамтитын тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін, басқа да рухани-мәдени құндылықтарын бүгінгі жас ұрпаққа танытуда, түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы мен рухани тұтастығын қамтамасыз етуде баға жетпес рөл атқаратыны сөзсіз.

Құндылықтарды *педагогикалық тұрғыдан зерттеу* жайында айтқан кезде алдымен құндылық бағдар қалыптастырудың жалпы педагогикалық мәселелерін зерттеген еңбектерге тоқталамыз. Атап айтқанда, Педагогикалық пәндерді оқыту барысында құндылық бағдарды қалыптастыру мәселелері Г.Қ. Джонисованың [39], С.Р. Разикованың [40], В.В. Корнилованың [41], Д.Х. Саликовтың [42], Н.М. Омарованың [43] диссертациялық еңбектерінде қарастырылған. Бұдан бөлек оқушылар мен болашақ педагог мамандардың құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесін қазіргі әлеуметтік-саяси жағдайлар тұрғысынан зерттеуге бағытталған көптеген ғылыми мақалаларды кездестіреміз. Аталған ғылыми еңбектерде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рухани құндылықтарын дамыту ісіне дайындауда ұлттық тәлім-тәрбие мұраларын қолдану жолдары [44]. Жастардың құндылық бағдарын қалыптастырудың басты тетігі ретінде патриоттық тәрбие беру жолдары [45]. Жасөспірімдердің құндылық бағдарларының өзгеру себептеріне әлеуметтік-психологиялық талдау жасау мәселелері қарастырылған [46].

Ал құндылық бағдар қалыптастыруды әдістемелік тұрғыдан тілдерді оқыту кезінде зерттеген еңбектер қатарында орыс тіліне қатысты Г.М. Калматова [47] мен А.Д. Дейкинаның [48], шетел тілдерін оқытуға қатысты Е.С. Родченкова [49], Л.П. Гадзаова [50], Г.У. Ахмедова [51], Э.Е. Олейник [52] және Е.В. Белоконеваның [53] кандидаттық, докторлық диссертацияларын атап көрсетуге болады.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретудің аксиолингвистикалық негіздері алғаш рет Н.Ж. Құрманның зерттеулерінде ғылыми негізделді [54]. Қазақ тілін ересектерге жеделдете оқытудың аксиолингвистикалық негіздері Ш. Құрманбаеваның зерттеуінде қамтылды [55]. Бұл еңбектерде құндылық бағдарлы оқыту мәселесі негізінен теориялық жағынан қарастырылды. Қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытудың әдістемелік қырлары қамтылған еңбектер қатарында З.Ш. Ерназарованың [56] және осы зерттеу жұмысының авторы – Б. Шагирбаеваның ғылыми мақалаларын атап көрсетуге болады [57-59].

Аталған педагогикалық зерттеулерде құндылық бағдар мәселесі негізінен

жалпы педагогикалық тұрғыда қарастырғанын көреміз. Ал жеке пәндер тұрғысынан тіл үйренушінің құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесі шет тілдерді үйрету әдістемесінде біршама зерттелген. Талдау нәтижесінде қазақ тілін оқытып, үйретуде құндылық бағдар қалыптастыру мәселесінің негізінен теориялық тұрғыдан ғана зерттелгеніне көзіміз жетті. Сондықтан білім алушының құндылық бағдарын қалыптастырудың әдістемесін ұсынатын, нақты тапсырмалар кешенін қамтыған еңбектердің қажеттілігі айқындалды.

### 1.3 Түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесі

Дүние жүзінде барлық халықтар, адамзат өркениетінің кеңістігінде өмір сүріп жатқан әртүрлі қауымдастықтар өздерінің рухани мәдениеті мен қоғамдық болмысының үнемі гүлденіп, дамып, жетіліп, өсіп-өркендеуін қалайды. Осы күш-жігер мен мүдделердің арқасында әртүрлі өркениеттер қалыптасып, олар тарихи үдерісте жүйелі, ұйымдасқан қоғамдық құрылымдар түрінде көрініс табады. Ал өзінің тарихи қалыптасқан рухани құндылықтары мен руханиятын бағаламайтын қауым өкілдері өркениет тұрғысынан тиімді даму жолына түсе алмайды. Сондықтан белгілі бір әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістікте қалыптасып, үстемдік құратын құндылықтар жүйесінің болуы кездейсоқ құбылыс емес. Ол қайталанбас рухани дүние ретінде өзіндік тарихи болмыстың терең қабаттарында нығайып, тарихи үдеріс пен тарихи сананың қажетті құбылысы ретінде көрінеді. Сонымен бірге ол бірте-бірте қоғамдық құрылымдардың дербес дамуына қажетті қозғаушы күшке айналады және жан-жақты өрісті қамтиды. Ал осындай себеп-салдарлық заңдылықтарға бағынбайтын, өткінші құндылықтарға негізделген кездейсоқ сипаттағы қоғамдық құбылыстар таза саясаттың жетегінде кетіп, шынайы халықтық мағындағы рухани дүние деңгейіне көтеріле алмайды. Демек, құндылықтардың қалыптасуы мен оның дамуы кез келген этноәлеуметтік кеңістік үшін өте маңызды және өзекті мәселе.

Құндылықтар – белгілі бір қоғам үшін маңызды, құнды немесе бағалы деп саналатын сенімдер мен ұстанымдар жүйесі. Құндылықтар жүйесі адамдарды жақындастырады және жер бетінде біртұтас халықтардың пайда болуына негіз болады. Демек, құндылықтар қоғамдық дамудың әртүрлі кезеңдерінде халықтарды шын мәнінде біріктіретін ұлы күш қызметін атқарады. Құндылықтар қоғамның әрбір мүшесінің бақытты өмір сүру үшін мақсат қоюына, мінез-құлқын реттеп, шешім қабылдауына әсерін тигізеді. Сонымен қатар құндылықтар жеке адамдар мен қоғамды бір-бірімен және қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасаудың дұрыс жолын таңдауға бағыттайды. Бүгінгі жаһандық сын-қатерлер кезеңінде әрбір ұлт өз ата-бабаларынан мирас болып жеткен құндылықтарды біліп, бағалауы тиіс. Түркі халықтары – ортақ мәдени және тарихи мұрасы бар сан алуан этникалық қауымдастықтар тобы. Олардың жеке басының негізін құрайтын құндылықтар ғасырлар бойы салт-дәстүрлері мен мәдени нормалары арқылы қалыптасып, дамиды. Түркі халықтарының тамыры Орта Азияның ежелгі тайпаларынан бастау алатын бай және күрделі тарихы бар.

Бұл ерекше дала мәдениетінің ежелгі дәстүрлері мен терең тамыры болды, бірақ отырықшы елдердің мәдениетімен салыстырғанда олар жайлы әлдеқайда азырақ белгілі. Ұлттық дүниетаным ғасырлар тезінде ұлт мәдениетімен тікелей байланыста бірге дамып, бірге қалыптасады. Түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилев идеясы бойынша этникалық жүйенің өсуі мен дамуын «бірегей этникалық өріс реттейді» [60]. Өйткені ұлттың ішкі тұтастығы оның пассионар тұлғаларының құндылық басымдықтарымен қамтамасыз етіледі. Қауымдастық мүшелерінің психологиялық өзара тәуелділігі мен байланысы этникалық жүйенің күйреуін болдырмайтын күшті факторға айналады. Қазіргі көпмәдениетті және көпэтносты қоғамның жаһандық жағдайында біртұтас этномәдени жүйедегі адамдардың тұлғааралық және этносаралық қатынастарының құндылық бағдарларын анықтау өте маңызды. Дәстүрлі қоғамдағы тарихи кезең мен қазіргі кезең өкілдерінің құндылық басымдықтарын, олардың отансүйгіштігін, ата-баба өсиетіне адалдығын, экологиялық мәдениетін, т.б. қасиеттерін салыстыра зерттеу олардың ұлттық құндылықтарды үнемі жоғары қойып келгенін көрсетті.

Ата-бабаларымыздың көшпелі өмір салты олардың табиғатпен тығыз қарым-қатынасына, өзгермелі орта жағдайларына бейімделу қабілетіне байланысты қалыптасты. Соның нәтижесінде түркі халықтары төзімділікке, тапқырлыққа және табиғатпен тікелей байланыста өмір сүруге бағытталған құндылықтардың жиынтығын қалыптастырады. Сондықтан ұлттық құндылықтар жүйесіне талдау жасау, зерттеу, маңызын ұғыну, игеру бүгінгі күнде өте маңызды. Ата-бабаларымыз қалыптастырған әмбебап құндылықтардың түп тамырын түркілік негізден іздеуге бағытталған зерттеу жұмысымыздың өзектілігі де осы жерден танылады.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарының тарихи бастаулары мен ортақ түркілік кезеңдер жайлы: 1. Қазіргі Қазақстанның бүкіл аумағын ежелгі арийлердің көптеген тайпаларының игеруі. 2. Сақ патшаларынан қалған қоныстар мен қорғандар. 3. Көк Тәңір мен Ұмайға сенген ғұн тайпаларының рухани дүниесінің таралуы. 4. Түркі қағанатының құрылуы, оғыз және қыпшақ тайпаларының жаңа түркі әлемін құра бастауы. 5. Орхон-Енисей құлпытастарында руна таңбалары пайда болған түркі дәуірі. 6. Қазақстан жеріне араб-ислам рухының тарай бастаған және Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари сияқты ойшылдардың әлемге таныла бастаған кезеңі. 7. Түркі халықтары арасында сопылық дәстүрінің рухани ілім ретінде таралуы және Қожа Ахмет Ясауи сияқты рухани тұлғаның өз замандастарының алдында беделінің көтерілуі», – деп көрсетіледі «Тарих толқынында» еңбегінде [61]. Тарихта әр кезеңде белгілі бір ұлттар мен халықтардың құндылық бағдарының қалыптасуына тарихи, мәдени, діни, әлеуметтік, экономикалық, саяси және экологиялық факторлардың күрделі өзара әрекеттестігі әсер етіп келген. Бұл факторлар қоғамдағы жеке адамдардың сенімін, көзқарасын және мінез-құлқын, сондай-ақ олардың ұжымдық құндылықтары мен дүниетанымын қалыптастырады. Бұл ерекшеліктерді зерттеу қоғамның болашақ дамуының құндылық бағдарына айқындау үшін өте маңызды.

Құндылықтар ұлттық сипат қалыптастырушы қызмет атқарады, ұлттың

тектілігінен хабар береді. Бүгінгі түркі халықтарының өмірлік құндылықтары олардың ортақ рухани сипатын көрсетеді. Түркі халықтарын біріктіруші бірнеше басты құндылықтар бар. Олар – тамыры тереңнен бастау алатын ортақ тіл, жазу, тарих, мәдениет, әдебиет, дін, діл. Түркі халықтарының қонақжайлылық, ерлік пен батылдық, ар-намысты жоғары ұстау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, еңбекқорлық пен табандылық қасиеттері оларды басқа ұлттардан ерекшелейді. Түркі халықтарының салт-дәстүрі, тұрмыс- тіршілігі, табиғатқа, әлемге сүйіспеншілікпен қарау ұстанымына негізделген. Өмірдің мәнін іздеу арқылы ақыл-білімге ұмтылып, өнері мен мәдениетін дамытқан түркі халықтары тарихта әлем мойындаған ұлы ел болып келеді.

Қоғам мүшелерінің тарихи жады әлсіреп, тарихи санасының көмескіленуі олардың құндылық ұстанымдарының әлсіреуіне әсер етеді.

«Қоғамның жалпы құндылықтар жүйесінің әлсіреуі, ыдырауы немесе тозуы қоғамды бұзады, ұлттық тұтастыққа нұқсан келтіреді» [62]. «Кез келген этнос белгілі бір қоғамда өмір сүріп, дамуы үшін өзінің қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын тарих бойында қалыптасқан дүниетанымдық бағдарларын негіздей құруы қажет» [63]. Сондықтан түркі халықтарының тарихи кезеңдерде қалыптасқан құндылықтар жүйесін саралап, талдау оны заман талабына сай жаңаша зерделеп, бағалауға, сол арқылы құндылық бағдарды ұстануға мүмкіндік береді.

Түркі әлемі тілі, діні, көне тарихы, рухани болмысы, мәдениеті мен өнері ортақ, бір тамырдан тараған туыс халықтардан құралады. Түркі халықтары – тілі мен мәдениеті ортақ сан алуан этностардың тобы. Олар Шығыс Еуропадан Орталық Азияға дейінгі ұлан-ғайыр аумаққа таралған және олардың тарихы біздің дәуіміздің ерте ғасырларынан басталады. Түрік ғалымы А.Б. Ержиласун түркі халықтарының болжалды ортақ тарихы 2000 жылдан астам уақыт бұрын Орталық Азиядағы ерте түрік тайпаларынан бастау алатынын, ал бүгінгі ғылымда белгісі, ең ерте түркі тайпаларының біздің заманымыздың VI ғасырында қазіргі Моңғолия иен Қытай жерінде өмір сүрген көктүріктер болғандығын атап көрсетеді [64]. Уақыт өте олар батысқа қарай қоныс аударып, бүкіл Орталық Азияға, Таяу Шығысқа және Еуропаға тараған. Қазіргі таңда түркі халықтары шоғырланған түрде Түркия, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей мен Қытайдың кейбір жерлерінде мекен етеді. Тарих бойындағы халықтың басынан кешкен тәжірибелері, жеңістері мен күрестері олардың ұжымдық жады мен болмысын құндылықтарын, көзқарастарын және сенімдерін қалыптастырады. Түркі халықтарының дүниетанымының, мінез-құлқының, құндылықтарының қалыптасуына тарихи оқиғалар, мәдени дәстүрлер, дін, география сияқты түрлі факторлар әсер етті. Түркілік мінез-құлыққа тән сипаттар – дүниеге үстемдік мұраты, күш, атқа міну, жәрдем беру, құрбандық пен жеңіліске адалдық тәрізді ортақ құндылықтар. Бұл түркі ұлтының ұлт ретіндегі ортақ құндылықтарын және біз «ұлттық құндылықтар» деп атайтын ұғымдарды ашады. Ғалам мен халықтың жаратылуы, түркі ұлтының қалыптасуы, түрлі түркі мемлекеттерінің құрылуы, дамуы, күйреуі, жеңістері мен жеңілістері түркілердің болмысында осындай өзіндік із

қалдырған [65].

Тарихи тамыры бір түркі халықтарының ұлттық-рухани мәдениеті арасында ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан үздіксіз сабақтастық бар. Түркі халықтарының бірлігін дәлелдейтін және бір-біріне жақындататын басты құрал – олардың тілі. Ол жайында Ахмет Байтұрсынұлы: «Түрік тіліміз әуелі бір тіл болды, кейін ел бұтақталып, өскен кезде тіл де бұтақталды. Түбірі бір болғанымен, түрі өзгеріп, түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тілінен ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп – әр түрлі бөтен жұрттарымен сыбайлас болып араласқандықтан», – деп жазған болатын [66].

Түркі халықтарының ортақ құндылықтарының біртұтас бірлігін терең танып, сезіну түркі өркениетінің болашақ даму бағдарын айқындайды. Түркілік мәдениеттің ең биік жетістігі – оның рухани дүниені даналық үлгілерімен көрсете білуі, Түркі даласында рухани құндылықтардың негізгі жүйесі тарихтың әр кезеңінде түркілік даналықтың тереңіне үңіліп, дала философиясына бойлаған ғұламалар еңбектерінде айқын көрсетілген. Түркі ғалымдары өз еңбектерінде адам өмірін басты құндылық деп санап, адам жаны мен рухани әлемінің ішкі тұтастығын сақтау арқылы бақытты, бейбіт, мәнді өмір сүру идеясын көтерді. Көне түркі, орта түркі дәуірлерінен жеткен жазба деректерден түркі халықтары үшін бақытты өмір мен бейбіт мекен құндылықтарының аса маңызды болғанын көреміз. Осы құндылықтарға ие болып тұру үшін түркі халықтары өз бойында адалдық, әділдік, ар-намыс, ізгілік, izеттілік, адамгершілік, парасаттылық, батылдық, ерлік, қайырымдылық, кеңпейілділік, қонақжайлылық, жомарттық т.б. қасиеттерін дамытқан. Түркі халықтары өнер-білімі мен мәдениетін, салт-дәстүрін ғасырлар бойы адамгершілік құндылықтарға негіздей дамытып келеді. Алайда бүгінде жаһандану түркі елінің этникалық бірегейлігіне қауіп төндіруде. Оған қарсы тұру үшін тарихи жадты жаңғыртып, ұлттық құндылықтарға бүгінгі заман тұрғысынан жаңаша мән беру қажет. Бұл тарих қойнауынан этностың рухани санасын нығайта түсетін іргелі құндылық идеяларды іріктеп алу арқылы жүзеге асады.

Ұлы Дала түркі халықтарын жоғары рухани құндылықтарға деген ұмтылысқа жігерлендірді. Сол құндылықтардың мәнін түсінуге жетеледі. Ол үшін оны суреттей білетін, халыққа өнер тілімен жеткізе білетін қабілеттілік қажет болды. Бойында ондай қасиеттері бар ақын, жыршы және тағы басқа өнер иелері қалың бұхара халықтың ортасынан шықты. Жалпы қазақ халқының тарихында, оның мәдени дамуында музыка мен поэзияның алатын орны ерекше. Олар этностың бірігуіне, ұрпақ байланысының үзілмеуіне жағдай жасап, көшпелі қоғамның эстетикалық құндылықтарын дүниеге әкелді деуге болады [67].

В.И. Карасик еңбектерінде аксиологиялық құндылықтар ұлттық танымда жинақталған ұлттың әлем туралы білім қоры – *концепт,* яғни тілдік аксиологияның нысаны «тіл – сана – мәдениет – адам» ретінде қарастырылады [30, с. 27]. «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталатын, белгілі бір ұлттың мәдени құндылықтары жөніндегі ұрпақтан-ұрпаққа берілетін сан

ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [68]. «Жеке адам санасындағы ментальды түзілім ретіндегі концепт қоғамның концептілік аясын, яғни мәдениетін көрсетеді. Яғни мәдениет бірлігі ретінде қарастырылатын концепт дегеніміз – қоғамдағы әрбір жеке адамның меншігіне айналатын ұжымдық тәжірибенің негізінде қалыптасады» [69]. «Аксиологиялық *концептілердің* басты ерекшелігі – олар адамның ділдік әлемі мен мәдени әлемінің түйісінде пайда болады» [70].

Түркі халықтары өміріндегі басым құндылықтары негізінде тілімізде көптеген аксиологиялық *концептілер* туындаған. Зерттеушілердің түркі халықтарының тұрмысы мен дүниетанымы, мәдениеті мен тарихы жайлы жазылған еңбектері мен әр ғасырларда өмір сүріп, түркілік философияның негізін қалаған ғұламалардың даналық ой-пікірлеріне талдау жасау «адам, өмір, құтты мекен, киелі жер, бейбіт тұрақ, тұрақтылық, батырлық, ерлік, қайсарлық, өр рух, адалдық, әділдік, ар-намыс, ізгілік, ізеттілік, адамгершілік, парасаттылық, салт-дәстүр, қайырымдылық, тіл, тарих, мәдениет, әдебиет, ортақ жазу» сынды аксиологиялық концептілерді анықтауға мүмкіндік берді.

Мәселен, түркі халықтарының басым құндылық бағдарлары жайлы айтылған еңбектердің қатарында Х ғасырда Орталық Азияны аралап, басынан кешкендерін жазған араб саяхатшысы Ахмад ибн Фадлан жайлы

«Ибн Фадлан саяхатнамесі» атты еңбекті айтуға болады. Ол еңбекте түркі халықтары өміріндегі *қонақжайлылық, кеңпейілділік, ерлік* құндылықтарының маңызын көрсететін көптеген нақты деректер беріледі [71]. XIII ғасырда Азияға көп саяхат жасаған венециялық көпес және зерттеуші Марко Поло өзінің Азиядағы саяхаттары мен Құбылай хан сарайындағы басынан кешкендерін егжей-тегжейлі баяндайтын әйгілі саяхат жазбасында түркі халықтарының әдет-ғұрыптары мен мәдениеті жайлы құнды деректер жазып қалдырған. Ол сапарында кездескен түркі халықтарын *адалдықты, батылдықты, қонақжайлылықты* жоғары құндылық деп санайтын қаһарлы жауынгерлер ретінде сипаттайды [72]. Ислам әлемінің тарихы мен мәдениеті туралы көп жазған мұсылман әлеуметтанушы, тарихшы және философ ғалымы Ибн Халдун XIY ғасырдың аяғында жазылған «Мұқаддима» атты еңбегінде түркі халықтарының құндылықтары мен әдет-ғұрыптары жайлы сөз ете келіп, олардың бойындағы *қызу қандылық пен ерлік қасиеттері* жылқы етін жеуімен байланысты деп түсіндіреді [73]. Османлы зерттеушісі және саяхатшы жазушысы Евлия Челеби XYII ғасырдың екінші жартысында Осман империясы мен одан тыс жерлердегі қырық жылға жуық саяхаттарын жазған «Саяхат кітабы» атты еңбегінде түркі халықтарының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін жан-жақты баяндайды. Жазушы түркі халықтарының көшпелі өмір салтын, жылқы ұстау мәдениетін, дәстүрлі киімдерін, тағамдарын, діні мен музыка және биін сипаттай келіп, *қонақжайлылық* дәстүрін ең жоғары құндылық ретінде санағандарын атап өтеді [74].

Тарихшылар арасында түркі халықтарының әлемдік мәдениетке тигізген ықпалының дәрежесі туралы түрлі пікірталастар бар. Солардың ішінде көптеген ғалымдар түркі халықтарының құндылықтары мен салт-дәстүрлері, өнердегі

жетістіктері жаһандық өркениетке елеулі үлес қосты деген пікірді жақтайды. Мәселен, Эстер Якобсон-Тепфер өзінің «Скифтердің өнері: эллиндік әлем шегіндегі мәдениеттердің өзара әсері» атты еңбегінде біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықта Еуразия даласында өмір сүрген көшпелі түркілердің арғы ата-бабасы – скифтердің өнері мен мәдениеті жайлы жазады. Еңбекте скифтердің құндылықтары мен дәстүрлері және олардың ежелгі дүние өнері мен мәдениетіне әсері қарастырылған. Якобсон-Тепфер скифтердің табиғат әлеміне терең құрметпен қарап, икемділікпен тұтынған күрделі мәдениеті болғанын айтады. Автор бұл құндылықтар көбінесе зергерлік өнерінде көрініс тапты деп болжайды. «Скифтердің ежелгі дүние өнері мен мәдениетіне қосқан басты үлестерінің бірі – алтынмен жұмыс істеу шеберлігі. Скифтер күрделі алтын әшекейлерімен және басқа да сәндік заттарымен танымал болды, олар көбінесе түйіршіктеу және филиграния сияқты озық әдістерді әдет-ғұрыптары мен металл өңдеудегі шеберлігіне тәнті болған ежелгі гректердің өнері мен мәдениетіне де айтарлықтай әсер еткен. Бұл әсерді гректердің скиф мотивтері мен стильдерін өз өнерінде, әсіресе эллиндік дәуірде қабылдауынан көруге болады», – деп жазады. Автор тарихи жазбаларда жиі суреттелетін скифтер «варварлар» болған деген түсінікті жоққа шығарып, олар ежелгі дүниеде *өнер мен мәдениет* құндылығының орнығуына өлшеусіз әсер еткен күрделі қоғам өкілдері болғанын айтады [75].

Көрнекті тарихшы, түркітанушы Питер Голден «Түркі халқы: тарихи очерк» атты еңбегінде түркі халықтарының құндылықтары мен салт-дәстүрлерінің әлемдік мәдениетке айтарлықтай ықпал еткенін дәлелдейді. Ол түркі халықтарының көшпелі өмір салты мен ерлікке, адалдыққа, қонақжайлылыққа мән беруі көршілес қоғамдардың мәдениетіне әсер етіп, тіпті жаһандық өркениеттерде ізін қалдырғанын айтады. Голден түркі халықтарының «төре» (этикалық және әлеуметтік нормалардың жиынтығы) ұғымында бейнеленген *адалдық* пен *ар-намыс* құндылықтары Орталық Азия мен оған жақын аймақтардың әлеуметтік құрылымдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады деп болжайды. «Ашық үй» дәстүрінде бейнеленген *қонақжайлылық* пен *жомарттық* қасиеттері көршілес қоғамдардың әдет-ғұрыптарына да әсер еткенін атап өтеді. Түркі халықтарының көркемдік және әдеби дәстүрлері де әлемдік мәдениетке елеулі үлес қосқанын, атап айтқанда, түркі халықтарының эпостық әдебиетінің жарқын үлгісінің бірі – қырғыз халқының «Манас» эпосы Орталық Азияның мәдени болмысына үлкен әсер етіп, дүние жүзіндегі басқа да эпостардың дамуына ықпалын тигізгені жайлы жазады [76].

*Тіл* құндылығының ұлттық болмысты қалыптастырудағы маңызы өте жоғары. E.A. Csato мен Л. Йохансонның «Түркі тілдері» атты еңбегінде *тіл* құндылығының ұлттық болмысты қалыптастырудағы маңызы жайлы айтылады. Авторлар қазіргі түркі тілдерінің тарихи дамуын, грамматикалық ерекшеліктері мен жазу жүйелерін зерттей келіп, бұл тілдердегі ортақ фольклор мен тұрмыстық-мәдени лексиканың түркілік бірегейлікті қалыптастырудағы рөліне тоқталады [77].

Түркі бабаларымыздың адам өмірінің мәніне үлкен жауапкершілікпен

қарап, оның әрбір сәтін құндылық ретінде бағалағанын көреміз. Шындығында, адам өз өмірінің мәнін, бағасын, құндылығын білуге ұмтылған кезде ғана өзін табиғаттың басқа санасыз өкілдерінен жоғары ұстай алады. Ол құндылықтарсыз адам табиғи түйсіктерді қамтамасыз ету деңгейінде ғана тіршілік етеді. Мұндай жағдайда адамзаттың рухани эволюциясы жүзеге аспайды. Күлтегін ескерткішінде (кіші жазу) жазылған: (Өтүкен жерін мекендеп, керуендер жіберіп отырсаң, еш қайғың жоқ. Өтүкен тау қонауын мекендесең, мәңгі ел құрып отырмақсың. Бір тойсаң, ашығам деп ойламайсың. Мұның үшін өзіңді өрлеткен қағанның сөзін қабылдамай, әр жерге барып, ол жерде көп алқындың, аздың...», – деген жолдарын [78] елінің қамын жеп, жағдайын ойлаған, өз заманындағы төніп тұрған ішкі-сыртқы қатерлерді терең болжап, бағалаған, *бақытты өмір, құтты мекен* құндылықтарының мәнін халқына ұғындыруға тырысқан ел басшысы, жауынгер азаматтың ақыл-өсиетін танимыз. Көне түркі әліпбиінде тасқа қашалып жазылған көне түркі жазба ескерткіштерінің ең ірілері – Моңғолиядағы Орхон өзенінің бойынан табылған Күлтегін, Білге Қаған, Тониұқұқ ескерткіштері. Бұл ескерткіштер жайлы зерттеу жүргізген түрік ғалымы М. Ергін: «Тас бетіне жазылған тұңғыш түркі тарихы мен мәдениеті – дүние жүзіндегі ең мағыналы құлпытастар», - деген баға берген [79]. Н.Г. Шаймердинова көне түркі жазба ескерткіштері негізінде сол қоғамдағы адамның әлеуметтік жағдайын түсіндіретін ғұрыптарға талдау жасай келіп, оларды аксиологиялық (құндылық) әдет-ғұрыптар деп бағалайды [80].

Бітіктастарда қашалып жазылған көктүріктер жайлы алғашқы тарихи деректер түркі халықтарының рухани-мәдени дамуының өте жоғары деңгейге көтерілгенінің айқын дәлелі болды.

Әрбір жеке түркі халықтары төл мұрамыз деп меншіктейтін, барша түркі жұртына ортақ тұлға – Қорқыт ата туралы аңыздар да ата-бабалар дәуіріндегі құндылықтар жүйесін жеткізуде маңызы жоғары, баға жетпес мұра. Белгілі қорқыттанушы мамандардың бірі академик А.Х. Марғұлан: «Қорқыттың өліммен күрес философиясы – дүниежүзілік тарихта сирек кездесетін құбылыс, сонымен бірге ол адамзат баласы жасаған ең жарқын бейнелердің бірі», -деп жазды [81]. Қорқыт шығармашылығы «өмірді бағалай білу» идеясына құрылды. «Китаб-ы деде Коркут» еңбегінде берілген: «Ескі мамық бөз болмас, Кәрі (ескі) жау дос болмас; Шыққан жан қайтып келмейді, өлген тірілмейді; Ата (баба) малының керегі не? Баста дәулет болмаса», «...қонақ түспейтін үйлердің құлап қалғаны дұрыс», «жылқы жемес ащы шөп шықпаса игі; адам ішпес ащы су ақпаса игі», «әке атын шығармас дөрекі ұлдың дүние есігін ашпағаны игі» т.б. деген тәрізді қанатты сөздерінен *адам, өмір, дүние-байлық, сат-дәстүр, тәрбие* сынды құндлықтарға игілік, қажеттілік категориялары тұрғысынан берілген бабалар дәуірінен жеткен бағалар мен пайымдарды танимыз.

Кез келген рухани әлемде түрлі маңызды және мәнді дүниелерде қалыптасып, дамып жатқан идеялар мен құндылықтарға терең мән беретін, олардың тек өз заманы үшін ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де өзектілігін атап көрсететін көрнекті тұлғалар болады. Олардың қатарында Шығыс әлемінің көрнекті философы, ұлы дана ойшыл *Әбу Насыр Мұхаммед ибн Узлағ әл-Фараби*

бар. Ол ғылым мен білімнің, адам мен дүниенің ең терең байланыстарын, қасиеттері мен ерекшеліктерін құндылықтар ретінде көрсете білді. Әл-Фараби «Мемлекет қайраткерінің афоризмдері» және «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаттарында өз заманында сирек кездесетін ойларды айтады, өмірдің тарихи негіздерін қайта құру тұрғысынан өте маңызды ережелерді ұсынады және ойын айтады; адамның белсенді іс-әрекетімен қалыптасып, дамып келе жатқан қоғамның шығу тегі туралы, мемлекеттік құрылым, қоғамдық өмірдің әртүрлі формалары, адам мінез-құлқының этикалық және басқа да ережелері туралы айтылады. Әл-Фараби өз еңбегінде қайырымды қаланы надан, әдепсіз қалаға, адасқан қалаға қарама-қарсы қойды, осындай ақиқатқа жеткізер тура жолдан адасқан қалаларды қиыншылық күтіп тұрғанын ескертеді. Мемлекеттің рухын *адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, адалдық, қоғамдағы тұрақтылық, ізгілік* сынды құндылықтар көтереді деген идены дәріптейді [82].

Өмір құндылығының шынайы мәнін ашуда Шығыс рухани дініміздің өкілі *Қожа Ахмет Ясауидің* орны ерекше. Оның бүкіл сопылық өмірі Аллаға, адамға және Ақиқатқа деген сүйіспеншілікті жырлауға арналды. «Диуани Хикмет» еңбегінде Қожа Ахмет Ясауи «әділ сөйлеп, адал жүр» деп, ізгілікке баулып, адам бойындағы ең ізгі қасиеттер ретінде *адалдық пен ар тазалығы, ізеттілік пен парасаттылық* сынды құндылықтарды насихаттады. «Арды сақта, болсаң да малға кедей», «Жаны адалды әр уақытта қолдайды Аллам», «Адал жолды тұтқандарға ізет қылғын» деген жыр шумақтарымен адал ризықпен күн кешудің мәнін баса айтты. Қожа Ахмет Ясауи «...қоғамдағы мәселелердің барлығына моральдық тұрғыдан баға беріп, мейірімділік, әділеттілік, қайырымдылыққа шақырады. Қоғамда осындай дүниетанымдық негіздер мен бағыттардың белсенді құрылымы мен терең мазмұны қалыптасқан жағдайда ғана оның әрбір азаматқа игі ықпалын тигізетінін оқырманға барынша анық жеткізуге тырысады» [83].

Түркі тілінде жазған алғашқы энциклопедиялық шығармаларының бірі – *Жүсіп Баласағұнидың* бізге қалдырған асыл мұрасы – 13 мың жылдық тарихы бар «Құтты білік» дастаны [84]. Саясат, адамгершілік, тәрбие, еңбек туралы толғаныстарға негізделген бұл философиялық-педагогикалық еңбектің тәрбиелік мәні мен маңызы зор, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуын дәріптейді. Бұл шығарманың ерекше маңыздылығы – автордың қоғамдағы адамгершілік, ізгілік, әділдік, мейірімділік тәрізді моральдық құндылықтарды айқындап беруінде болды. Философ ақын «Құдай кімге ақыл, ой, білім берсе, мың да бір жақсылық жасай алады»; «Ақыл бар жерде ұлылық [болмақ], білім кімде болса, [намысы] биік болады»; «Ақылды ұғады, білімді біледі, білімді, ұғымды тілегіне жетеді»; «Адам дана болса, [талпынса] пайдалы, [Оған] білім қосылса, қадір-қасиеті артады»; «Бар жақсылық ақылмен жасалады, Бектер бұл дүниеде білімімен ерекше [қадірлі]»; «Тіл – ақыл мен білімнің тілмашы, Ер бақытын арттыратын жүйрік тілді меңгер» деген қанатты сөздерінде *ақыл, білім, тіл* құндылықтарын адамдықтың көрсеткіші ретінде қарастырады. «Ғұлама Ж. Баласағұни шығармашылығы адамгершіліктің жүйесін жасаумен,

жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындаумен, тұлға дамуы мен тұлғалық кемелденудің мәнін ашумен ерекшеленеді» [85].

Түркі әлемінің тағы бір алыбы *Махмұд Қашқаридің* «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде түркі халықтарының тілі, фольклоры мен этнографиясы, этникалық терминологиясы, рухани мәдениеті мен болмысына қатысты құндылықтар жан-жақты қамтылды. «М. Қашқари шығармасы – көне түркі халқының тілдік-этникалық болмысының жарқын көрінісі ретінде құнды, әдеби-мәдени дәстүрлердің дамуы мен жетілуіне ықпал еткен, рухани өзін-өзі тануға зор мүмкіндіктер туғызған бірегей тілдік ескерткіш» [86].

Бұл еңбектің түркі халықтарының рухани құндылықтарын далалық өркениетке сай танытуда, рухани мәдениеттің жарқын үлгілерін ғасырлар қойнауынан әкеліп, келер ұрпаққа жеткізуде қосқан үлесі орасан зор. Еңбекте түркі халықтарының сөздік қоры ғылыми тұрғыдан жүйеленді, *тіл* басты рухани құндылық ретінде жаңаша тұрғыда дәріптелді. Есімдер мен етістіктер кітапарында ұсынылған он мыңнан аса сөздер мен сөз тіркестерінің түсіндірмелерінен, мақал-мәтелдер мен бәйіттерден берілген үзінділері түркі халықтарының орта ғасырлардағы рухани, материалдық құндылықтары жайлы нақты мәліметтер береді.

Жоғарыда талдау жасалған пікірлерді қорыта келе, жалпы адамзатқа тән *адам* мен *өмір* әмбебеп құндылықтары түркі халықтары үшін де жоғары мәнге ие болған деген тұжырымға келеміз. Түркі халықтары бақытты өмірді ең әуелі *құтты мекен, киелі жер* құндылығымен байланыста қарастырған. Табиғаттың төл ұрпағы–түркі халықтары *бейбіт тұрағын*, ондағы *тұрақтылықты* сақтау үшін бойында құнды қасиеттерді дамытты. *Батырлық, ерлік, қайсарлық* қасиеттері мен *өр рухының* арқасында ұлан-ғайыр жерді жауларынан қорғап, ұрпағына мирасқа қалдырды. Тұрмыс – тіршілігінің өзегіне *адалдық, әділдік, ар-намыс, ізгілік, ізеттілік, адамгершілік, парасаттылық* ұстанымдарын негіз етіп алды. *Салт-дәстүрлері* арқылы көрініс тапқан *қайырымдылық, кеңпейілділік, жомарттық, қонақжайлылық* қасиеттері түркі халықтарын басқалардан ерекшеледі. Қайырымдылықтың орнын қатал бәсекелестікке негізделген өзімшілдік басып жатқан тұста, тіпті бауырлас елдер үшін де өзара ынтымақтастық мәселесі шешілмей отырған бүгінгі кезеңде түркі халықтарының осы қасиеттерін насихаттап, ұрпаққа таныту маңызды.

Түркі халықтарының бірлігін дәлелдейтін және бір-біріне жақындататын ең басты ортақ құндылық – олардың *тілі.* «Әрбір халықтың өзіне ғана тән ұлттық-мәдени құндылықтары дүниенің тілдік бейнесі негізінде ашылады» [87]. Ғасырлар бойы дамып келген ортақ *тарих, мәдениет, әдебиет* жайлы деректердің барлығы осы тіл арқылы жетіп отыр. Ортақ тілдің қасиеттерін айшықтайтын ортақ *жазу* да – түркі халықтарының көне дәуірдің өзіндегі мәдени даму деңгейін көрсететін бірден-бір тарихи құндылығы. Құндылық атаулы тіл арқылы танылады, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Түркі халықтарының бүгінгі даму бағытындағы ортақ құндылықтарын сақтап қалатын да, бір-біріне жеткізетін де осы тіл болмақ. Сондықтан тіл арқылы ортақ құндылықтарды танып, зерттеу, оларды болашақ ұрпаққа жеткізу ісі жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Түркілік өркениеттің құндылық теориясы халық ауыз әдебиеті мен дала ойшылдарының еңбектері арқылы жеткен даналық сөздерден құралады. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы құндылық идеяларының мазмұны қазіргі қоғам үшін өте маңызды. Түркі ғұламалары ілімдеріндегі өмірдің мәні туралы түсініктер өз бастауын дәстүрлі түркі мәдениеті мен дүниетанымынан алды. Тарихи тамыры бір түркі халықтарының ұлттық-рухани мәдениеті арасында ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан үздіксіз сабақтастық бар. Олардың ойлау жүйесі, мәдениеті мен дүниетаным ерекшеліктері ортақ құндылықтарын тудырды. Бұл құндылықтар – бүгінгі күн тұрғысынан жан-жақты, терең зерттеуді қажет ететін дүниелер. Түркі халықтары тарих таразысынан екшеліп, атадан балаға мирас болып келген ұлттық құндылық бағдарды ұстанған кезде ғана ары қарай даму жолында жетістіктерге жетеді. Сондықтан бауырлас түркі халықтарының ынтымағы мен бірлігін дамыта түсу үшін осы ортақ құндылықтарды тереңдей зерттеп, дамыту болашақтың маңызды істерінің бірі болуы керек.

# 2 ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕҢГЕРТУДІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАСЫ

## 2.1 Білім беру жүйесінде құндылықтарды меңгертудің аксиолингвистикалық негіздері

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VIҚРЗ Педагог мәртебесі туралы Заңында: «Балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге» міндетті деп көрсетілген [88]. Оқушылардың санасына ұлттық құндылықтарды дарыту үшін алдымен мұғалімнің өз бойында осы құндылықтар болуы тиіс. Құндылықтарды тану жолы оңай емес. Ең қиын мәселе – нағыз құндылықтарды жалғандарынан ажырата білу. Бұл жөнінде Ж. Дәулетбекова: «Шындығында да, *студент сөзді құндылық деп тану* үшін қаншама сатылардан өтеді. Ең алдымен, сөз оның ойды жеткізуінің, өзгелермен қарым-қатынас жасауының құралы ғана болса, кейін сөз туралы ұғымы кеңейе келе сөздің адам өміріндегі маңызын тану арқылы оның мәнін түсінеді. Ендігі жерде сөз ол үшін құрал болудан өміртанымдық, моральдық негізге айналады. Ең бастысы сөзді құндылық ретінде

тани алады», – деп жазады [89]. Жалпы кез келген ересек адамның өзі түрлі сыртқы ықпалдардың әсерінен құндылық бағдарынан жаңылып қалуы әбден мүмкін. Ал әлі оң-солын танып үлгермеген оқушы мен жастықтың жалынымен асығыс шешім қабылдауға бейім студент жастардың құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесі өте өзекті де жауапты істердің қатарында саналады.

Құндылықтардың маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, нысанның ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субьективті *бағала*нуынан болады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауынан орын алады. Құндылықтар негізінен: өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне *баға* беруден тұрады. *Құндылықтар дегеніміз қоғам үшін ең маңызды деген әдет- ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырып, реттеу десек, білім алушы өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды.* Құндылықтарды қасиеттер деп санауға да болады. Олар бала кезден, ана сүтімен бірге, ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде қалыптасады.

Құндылықтар әр адам үшін әртүрлі болып келеді. Реттілігіне қарай, маңыздылығына қарай өзгеріп отырады. Себебі адам өмірі қозғалысқа, ізденістерге толы. Т. Петракова құндылықтарды үш түрге бөледі: табиғи, жүре пайда болатын және абсолюттік [90].

Абсолюттік, уақытқа бағынбайтын, өзгермейтін құндылық – бүкіл адамзат үшін маңызы зор мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар. Ал, табиғи және жүре пайда болатын құндылықтар адам бойында тәрбие үдерісінде қалыптасады. Себебі «...біздің егеменді және тәуелсіз Отанымызда өзіндік құндылықтарымыз бар және оларды сақтап, қорғай білуіміз керек. Бір де бір қоғам және бір де бір мемлекет патриотизм, бейбітшілік пен келісім, әлеуметтік серіктестікпен үйлесімділік, құқықтық тәрбие идеяларын жүргізбестен аяғынан тік басып тұра алмайды» [91].

Адамзат өркениеті мен мәдениетінің алға басуы адамның рухани дамуымен тікелей байланысты. Адамгершілік қағидасының мәні адамдарға деген сенім, сүйіспеншілік пен құрмет көрсетуден, адам өмірін неғұрлым жақсарта түсудің барлық амал-тәсілдерін қарастырып, қолданудан көрінеді. Рухани дамыған тұлға болу – адамды тұлға ретінде тану, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу деген сөз. Ізгілік – жоғары мәдениет пен білімді, сөз бен істің бірлігін, енжарлықпен күресуді талап ететін белсенді өмірлік ұстаным. Адамның қандай құндылықтар жүйесін ұстанатынын, оның неге ұмтылатынын және өмірлік мақсаттарын анықтау өте маңызды. Денсаулық, махаббат, сұлулық, білім, сүйікті жұмыс деген сияқты тұрақты мақсатты құндылықтар қай заманда да өз маңызын жойған емес. Адамгершілік пен ізгілік нормалары адамдар арасындағы барлық дерлік қарым-қатынастарды, олардың мемлекет пен қоғамға қатынасын қамтиды. Мемлекет пен қоғам тарапынан адамның күнделікті өміріне қойылатын нормалар мен талаптар оның ішкі сеніміне айналады, сезімін

бақылайды, үйреншікті әдетіне айналады. Қоғамдық мораль қоғамдық және мемлекеттік құрылымның одан әрі нығаюына ықпал етеді, белсенді тұлғаны қалыптастырады. Қоғамда адамгершілік нормалар салтанат құруы үшін айқындалған тұрақты құндылықтар жүйесі болуы қажет. Егер қоғамда үстемдік құрып тұрған құндылықтар ізгілік жолына қызмет ете алмай жатса, онда оларды қайта електен өткізіп, тарих, дәстүр тұрғысынан басым құндылықтарды белгілеп алу өте маңызды.

Кеңестік дәуірде ғасырлар бойы екшелеп, тарих безбенінен өтіп, санамызға сіңген жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарымыз ұмытыла бастады, тіпті жойылып кетудің аз-ақ алдына келіп тіреледі. Жаңа Қазақстан қоғамында енді тек жаңа құндылықтық көзқарастар ғана біздің әртүрлі қажеттіліктерімізге терең және ізгі көзқарасты орнықтыра алады, табиғатымызға жат, өзге мәдениеттердің ықпалынан шығуымызға тірек бола алады. Ізгі ниетті ойлардың әмбебап басымдығына жету үшін ғылыми негізделген нақты әрекеттер жасалуы тиіс. Ұлттық құндылықтар бүгінгі жастардың жүрегінің төрінен орын алуы үшін білім беру жүйесінің дидактикалық негіздерін жаңаша құру қажет.

Адамның айналасындағы шындыққа қатынасы нәтижесінде оның құндылық санасы қалыптасады.

Студенттің болашақ кәсібіне деген аксиологиялық көзқарасын оның білім алу кезеңінде меңгеріп шығатын пәндерінің жиынтық мазмұны мен сабақ беретін профессорлық-оқытушылық құрам тарапына көрсетілетін құндылық бағдар айқындайды. Осы жерде ғылымда қатар кездесетін «*құндылық қатынас*» пен «*құндылық бағдар*» ұғымдарының ара қатынасын ажыратып алу қажеттілігі туындайды. Құндылық қатынас, бір жағынан, бағдарлау үдерісінің өнімі, екінші жағынан, осы үдерістің негізі ретінде көрініс табады. «Құндылық бағдар» мәселесі философия, әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдарында қарастырылады. Осыған қатысты анықтамалар 2-суретте берілді.

| *ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАР* | | | |
|---|---|---|---|
| *Философия ғылымында* | *Әлеуметтану ғылымында* | *Психология ғылымында* | *Педагогика ғылымында* |
| Құндылық бағдар – тұлғаның әлеумет тік маңызы бар объектілерді еркін, бағалау тұрғысынан таңдауының нәти жесі көрінетін өз болмысының шарт тарына деген қарым-қатынасы (Франкл В.) | Құндылық бағдар дегеніміз – икемді, еркін таңдауды, жеке мүдделер мен адам ның қажеттіліктерін жан-жақты ескеруді көздейтін қоғам мен жеке тұлғаның байланысы (Алексеева В.Г.) | Құндылық бағдар – жеке тұлғаның кез келген құндылық тарға бастапқы қалауы ретінде пайда болатын құндылық қатынастарының түрі (Петровский А.В. Психологиялық сөздік) | Құндылық бағдар – бұл жеке тұлғаның өз нақты қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік құндылықтарға бағдарлануы (Игнатенко П.Р.) |



Құндылық бағдар – жеке тұлғаның іс-әрекетінің бағыты мен мазмұнын сипаттайтын, адамның дүниеге, өзіне деген жалпы көзқарасын анықтайтын, жеке ұстанымдарына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне мән мен бағыт беретін күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс

Сурет 2 – «Құндылық бағдар» ұғымының ғылыми әдебиеттердегі анықтамалары

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [8, с. 158; 92, 93]

Сонымен, құндылық бағдар ретінде жеке тұлғаның іс-әрекетінің бағыты мен мазмұнын сипаттайтын, адамның дүниеге, өзіне деген жалпы көзқарасын анықтайтын, жеке ұстанымдарына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне мән мен бағыт беретін күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылысты түсінеміз. Бұл бағыттағы ғылыми әдебиеттерді талдау тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесінің күрделілігі, көп аспектілігі және қарама- қайшылықтығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі білім беру жүйесінде құндылық бағдар қалыптастыру мәселесі білім беру мен тәрбиелеудің ең маңызды мақсаты ретінде қарастырылады, өйткені құндылық бағдардың қалыптасу дәрежесі арқылы тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу деңгейін, оның жетілгендігі мен әлеуметтік жағдайын бағалауға болады. Құндылық бағдардың қалыптасуы адамның бүкіл өмірі бойында жүреді. Солай бола тұрғанмен, көптеген зерттеушілердің пікірінше, ең қолайлы кезең – студенттік кезең. Дұрыс ұйымдастырылған құндылық бағдар уақыт өте келе жеке тұлғаның тұрақты құндылық қатынасын қалыптастыруы мүмкін. Өз пәніне құндылық қатынасы арқылы студенттің педагогикалық мамандыққа деген ішкі ұстанымын көруге болады, ол жеке және әлеуметтік мағыналардың өзара байланысын көрсетеді және тұлғааралық қатынастар үдерісінде дамиды. Құндылық қатынас саналылық, іріктеушілік, белсенділік, тұрақтылық қасиеттеріне ие болады. Кен Робинсон бүгінгі білім беру жүйесіне креативтілік пен жан-жақтылық қасиет жетіспейтіндігін жиі айтып келеді. «Болашақтың мектебі» атты кітабында ағылшын ғалымы былай дейді: «Балалардың қабілеті сан қырлы. Бірақ, біз оларға қасаң бір қырлы стандартта білім бергіміз келеді. Біз әлі күнге дейін аграрлық, өндірістік жүйеге негізделген орта білімнен арыла алмай келеміз. Бұл жүйе адамның сан қырлы интеллектуалын танудан гөрі жансыз өндірістік жүйенің қажеттіліктерін өтеуге ыңғайлы» [94]. Білім алушының құндылық бағдар жүйесі оның өз шешімдері мен әрекеттерін жүзеге асыру жолында сүйенетін сенімдері, көзқарастары мен ұстанымдарының жиынтығы түрінде қалыптасады. Бұл құндылықтарға мәдениет, отбасылық орта, жеке тәжірибе және діни нанымдарды қоса алғанда, әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін.

Құндылықты бағдарлау жүйесінің құрылымы күрделі және көп қырлы,

оны бірнеше негізгі өлшемдер тұрғысынан түсінуге болады. Құндылықтар тұлғалық және ұжымдық қатынастар арасындағы өзара байланыстар мен қайшылықтардан туындайды. Құндылық бағдар жүйесінің маңызды өлшемдерінің бірі – дарашылдық және ұжымшылдық шарттар арасындағы қайшылық. Дарашылдық автономияның, өзін-өзі көрсетудің және жеке жетістіктердің маңыздылығын атап өтеді, ал ұжымшылдық қоғамдық келісімнің, өзара тәуелділіктің және өз тобына адалдықтың маңыздылығын көрсетеді. Бұл өлшемді әртүрлі мәдени айырмашылықтардан көруге болады. Мысалы, Батыс қоғамдарында жеке құқықтар мен бостандықтарға баса назар аударылса, Шығыс қоғамдарында әлеуметтік жауапкершілік пен міндеттемеге басымдық беріледі. Шығыс мәдениетіндегі тұлғалар қоғамға қарсылық көрсетпейді. Осы тұжырымды көптеген зерттеушілердің пікірлері қуаттайды. Айталық, «Шығыс мәдениеті ұжымшылдық, дәстүршілдік, интраверттік, интуитивтік, ал Батыс мәдениеті индивидуалистік, динамикалық, экстраверттік және рационалистік сипаттарымен ерекшеленеді. Әрине, бұл Батыс мәдениетінде ұжымдық құндылықтардың немесе Шығыста даралық құндылықтардың жоқтығын білдірмейді. Әңгіме құндылық доминанттар туралы болып отыр» [95]. Сондықтан Батыс мәдениетіне еліктеп, ұлттық құндылықтарымыздан қол үзіп бара жатқан жас ұрпаққа түркілік тегімізді түсіндіріп, ұлы елдің ұрпағы екенін санасына сіңіріп өсіру қажет. Себебі, құндылықтарды бағдарлау жүйесінің құрылымын түсіну жеке адамдар мен топтардың мотивациялары мен мінез-құлқы туралы түсінік бере алады және жеке адамдарға мәдени айырмашылықтарды басқаруға және әртүрлі контекстерде тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Сократ «ең басты құндылық – ізгілік» деп санады. Сократ білімге ұмтылу бәрінен де маңыздырақ, тек білімді меңгеру арқылы ғана ізгі және қайырымды адам болуға болады деп есептеді. Философ өзінің басты міндеті білім беру емес, әркімді өз пікірін сыни тұрғыдан бағалауға шақыру және егер ол бағалары ақылға симайтын болса, одан бас тартуға жетелеу деп есептеді. Сократтың: «...ізгілік – білімнен, ал дұрыс әрекет – саналы ойлаудан туындайды. Барлық адамдар ізгілікті қалайды. Ал олардың жасаған барлық жамандықтары жақсылықты білмеуінен болады»,-деген пікірінің құндылықтарды оқыту керек, білім беру жүйесінің өзегі етіп алу керек деген идеямен астасып жатқанын көреміз [96].

Экзистенциализмнің негізін қалаушылардың бірі француз философы Жан Пол Сартр адам дүниеге келген кезде оның еш мәні болмайды және өзі туралы нақты тұжырымдамасы да болмайды, уақыт өте келе, ол өз өмірінің мәнін іздей бастайды деп түсіндіреді [96, с. 184]. Платон: «Азаматтар білім алуы тиіс, олардың тек пайдалы білім алуға құқығы бар. Оқытудың негізгі мақсаты – ізгілік тарату», – деп есептеді [96, б. 43]. Платонның пікірінше, адам жаны үш бөліктен тұрады. Біріншісі – рационалды бөлік, ақыл-ойдың негізі. Оның басты құндылығы – даналық. Екіншісі – жанның рухани, құдіретті бөлігі, оның ерекше құндылығы – ерлік пен батылдық. Үшіншісі – адам жанының қалауын қанағаттандыруға ұмтылатын бөлігі. Оның негізгі құндылықтары – ұстамдылық

пен мойынсұнушылық [96, б. 26].

Ғалым Милтон Рокич құндылықтарды мақсаттық және құралдық құндылықтар деп екіге бөледі. Ол адамның өз өмірін бақытты ету жолында қол жеткізуді қалайтын құндылықтары (еркіндік, отбасындағы сенім, т.б.) мақсаттық, ал ол құндылықтарға жету жолында жүзеге асырылатын әрекеттері құралдық құндылықтары болады», – деп жазады [97]. Бұларды ғылымда тұрақты және инструменталды құндылықтар деп те атайды. Білім алушы бірдеңені бағалап, оны иеленгісі келеді делік. Яғни, бұл оның белгілі бір мақсатына айналады. Екінші сөзбен, бұны тұрақты құндылық деп атайды. Ал, белгілі бір мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін нәрсені бағалау инструменталды құндылық болады. Бұл – белгіленген мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін инструмент, құрал. Егер оқушы тарихты білуге құмартса, бұл тұрақты құндылық болады. Демек, осы бағыттағы кітаптарды іздеп жүріп оқитын болса, кітап оқу тарихи білімін қалыптастыруға бағытталған тәсілге, ал кітап инструменталды құндылыққа айналады. Сонымен, кез келген құндылықты иеленудің белгілі бір тәсілдері мен құралдары болады. Адам тұрақты құндылыққа қол жеткізуі үшін дұрыс тәсілдер мен құралдарды, яғни құралдық (инструменталды) құндылықтарды да дұрыс танып, бағалап, қолдана білуі тиіс. Демек, білім беру жүйесінің міндеті оқушының тұрақты құндылықтарға қол жеткізу жолындағы құралдық құндылықтарды қолдану жолдарын меңгеру болмақ. Мысалы, адам бір нәрсені қалап, ұнатады делік. Яғни, нақты мақсаты бар екеніне сенімді. Бұл – мақсатты құндылық. Егер ол белгілі бір мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін нәрсені бағалайтын болса, онда ол құралдық құндылық болады. Бұл оның мақсатына жетуге мүмкіндік беретін әрекеттерін жүзеге асыратын аспап, құрал болады. Егер адам шешендік өнерді шынымен жақсы көретін болса, бұл ол үшін тұрақты, мақсаттық құндылық болады. Бұл өнерді өз бойында дамыту үшін көптеген кітаптар оқып, жаттығу қажет екенін бағалап, түсінетін болса, кітапты өз мақсатына жету жолындағы басты аспапқа, яғни құралдық құндылыққа айналдырады (3-сурет).




Сурет 3 – Мақсаттық және құралдық құндылықтар

Осындай күрделі құрылымнан тұратын құндылықтарды тұтас меңгеріп, айқын мақсатына жету жолында нақты құралдарын қолдана білген оқушының сөйлеу тілін, мәтін жасалымын түзуге себеп болып тұрған уәждер, мүдделер, мәндер мен құндылықтар оның тілдік санасында көрініс табады. Оқушының қазақ тілі сабағындағы оқу-танымдық әрекетінің

уәждемесі тіл арқылы ұлттың рухани, мәдени құндылықтарын меңгеру мақсатына айналуы тілдік тұлғаның ең жоғары прагматикалық-уәждемелік деңгейі болады. Сондықтан ұлттық дүниетаным мәдениетін қалыптастыруда ұлттық құндылықтар жүйесін оқыту мазмұнына енгізу қазіргі ғаламдану заманында кезек күттірмейтін өте маңызды және өзекті мәселелердің қатарында.

Адамның құндылық бағдары оның мінез-құлқы мен шешім қабылдау үдерісіне басшылық ететін сенімдері мен ұстанымдарының жиынтығын білдіреді. Бұл құндылықтар әдетте адамның басқалармен өзара әрекеттесу тәжірибелері негізінде ұзақ уақыт аралығында қалыптасады. Құндылық бағдардың қалыптасуы бірте-бірте жүзеге асатын үздіксіз үдеріс және оны бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Құндылық бағдарды қалыптастырудың *бірінші кезеңі – негізгі сенімдер мен көзқарастарды дамыту.* Балалық шақта адамдар қоршаған әлемге деген сенімдері мен көзқарастарын қалыптастыратын көптеген тәжірибелерге ұшырайды. Бұл тәжірибелер отбасы мүшелерімен қарым- қатынасты, әртүрлі мәдениеттермен танысуды және білім беруді қамтуы мүмкін. Балаларда дұрыс пен бұрыс, жақсылық пен жамандық, әділдік пен әділетсіздік туралы түсінік қалыптаса бастауы мүмкін, бұл олардың құндылық бағдарының негізін құрайды.

*Екінші* кезең *әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеруді*

қамтиды. Балалар өсіп, мектеп және құрдастар топтары сияқты әлеуметтік ортаға енген сайын, олар осы топтарда күтілетін әлеуметтік нормалар мен құндылықтар туралы біле бастайды. Олар адалдықтың, құрметтің және жауапкершіліктің маңыздылығын біліп, осы құндылықтарды өздерінің құндылықтар жүйесінің бөлігі ретінде қабылдай бастайды.

*Үшінші* кезең – *тұлғалық құндылықтарды интернационализациялау.* Жеке адамдар жасөспірімдік және ерте есейген кезеңге өткен сайын, оларда жеке құндылықтардың нақты жиынтығы қалыптаса бастайды. Бұл құндылықтарға олардың тәжірибесі мен басқалармен қарым-қатынасы әсер етуі мүмкін, бірақ олар түптеп келгенде, адамның жеке сенімдері мен ұстанымдары арқылы анықталады. Бұл кезеңде адамдар өздерінің жеке тәжірибесі мен дүниетанымына сүйене отырып, белгілі бір құндылықтарды басқалардан жоғары қоя бастауы мүмкін.

*Төртінші* кезең *жеке құндылықтарды шешім қабылдауға біріктіруді* қамтиды. Жеке адамдар жетілген сайын өздерінің жеке құндылықтарын нақты өмірлік жағдайларға қолдана бастайды, өздерінің сенімдері мен ұстанымдарына негізделген шешімдер қабылдайды. Шешім қабылдау үдерісіне құндылықтарды біріктіру үздіксіз үдеріс болып табылады, өйткені адамдар үнемі өз құндылықтары негізінде таңдау жасауды талап ететін жаңа қиындықтар мен жағдайларға тап болады.

Соңғы *бесінші* кезең – *уақыт өте келе жеке құндылықтардың нақтылануы және тұлғаның соған қарай бейімделуі.* Адамдар өмірдің әртүрлі кезеңдерінен өтіп, жаңа тәжірибелерге тап болған сайын, олардың құндылықтары дамып, өзгеруі мүмкін. Бұған жеке өсуді, жаңа әлеуметтік контекстерді және мәдени нормаларды өзгертуді қоса алғанда, бірқатар факторлар әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ жеке тұлғаларға неке, ата-ана болу немесе өмірінде елеулі із қалдыратын айырылулар тәрізді маңызды оқиғалар әсер етуі мүмкін, бұл олардың құндылықтары мен басымдықтарын қайта бағалауына түрткі болуы мүмкін.

Олай болса, құндылық бағдарын қалыптастыру – бұл негізгі сенімдер мен көзқарастарды дамытуды, әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеруді, құндылықтарды шешім қабылдауға біріктіруді және нақтылауды қамтитын және мәдени контекстті қоса алғанда, бірқатар факторлардың әсерімен біртіндеп жүзеге асады және адамдар әртүрлі өмірлік кезеңдерден өтіп, жаңа қиындықтар мен мүмкіндіктерге тап болған сайын үнемі дамып отырады.

Аксиология – құндылықтарды, құндылық пайымдауларды және этикалық ұстанымдарды қарастыратын философияның бір саласы. Білім беру жүйесінде аксиология оқушылар үйренетін және игеретін құндылықтарды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Орта білім беру жүйесінде меңгерілетін құндылықтар оқушылардың өзін, басқаларды және қоршаған әлемді қабылдауына тікелей әсер етеді. Білім беру жүйесін құндылық бағдарлы құру үшін оның дидактикалық ұстанымдарын айқындап алу өте маңызды. Тәжірибе негізінде: 1. Әрбір жеке тұлғаның ішкі құндылығын тану. Моральдық-этикалық құндылықтарды насихаттау. 3. Білім алушының әлеуметтік жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. 4.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамыту. 5. Шығармашылық пен инновацияға басымдық беру ұстанымдарына басымдық берудің қажеттілігі айқындалды.

*1. Әрбір жеке тұлғаның ішкі құндылығын тану ұстанымы.* Бұл таным әрбір жеке тұлға бірегей және өзіне тән туа біткен құндылық пен қадір-қасиетке ие деген сенімге негізделген. Яғни, әрбір тұлғаның дүниеге адам болып келгенінің өзі оның өзіндік құндылығы мен қадір-қасиеті бар екенін білдіретінін мойындау деген ұғымға келіп саяды. Бұл сенім білім беру жүйесінде әрбір оқушының әлеуетін дамытуға баса назар аудару, барлық оқушыларға тең мүмкіндіктер беру және әртүрлілік пен мәдени ерекшеліктерді мойындау арқылы көрінеді. Құндылық бағдары дұрыс қалыптасқан мемлекеттің білім беру жүйесі сыйластық, төзімділік және басқаларды қабылдау сияқты құндылықтарды насихаттау арқылы үйлесімді және инклюзивті білім беру ортасын құруды басты назарда ұстайды. Әрбір жеке тұлғаның ішкі құндылығын тану – адам құқықтарының негізгі қағидасы және ол әділ қоғам құру үшін өте маңызды рөл атқарады.

*2. Моральдық-этикалық құндылықтарды насихаттау ұстанымы.* Мектептер тек академиялық білім беруге ғана емес, сонымен қатар оқушыларға әділдік, адалдық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды сіңіруге де жауапты. Бұл құндылықтар оқушылардың қоғамға оң ықпал ететін жауапты және саналы азамат болып қалыптасуына көмектеседі. Білім беру жүйесінде моральдық-этикалық құндылықтарды насихаттау адамгершілік пен әділетті қоғам құру үшін өте маңызды. Құндылықтар адамдардың сенімдерін, көзқарастарын және әрекеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Білім беру мәселесіне келсек, оқушылардың мінез-құлқын дамытып, саналы азамат етіп дайындау үшін құндылықтарды сіңіру өте маңызды. Адалдық, жауапкершілік, сыйластық, жанашырлық және эмпатия сынды құндылықтарды меңгерту арқылы білім алушылардың адамгершілік сана сезімі мен соған сай амал-әрекеттерін дамытуға болады. Бұл олардың саналы және этикалық шешімдер қабылдау дағдылары қалыптасқан, әлеуметтік жауапкершіліктері жоғары және өз іс-әрекетіне есеп бере алатын тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Құндылықтар, сонымен қатар, білім алушыларға ынтымақтастың маңызын түсінуге көмектеседі. Оқушылар ұжымдық жұмысты, инклюзивтілікті және серіктестікті бағалауды үйрену арқылы әртүрлі көзқарастарға, мәдениеттерге және сенімдерге ашық және төзімді болуды меңгереді. Бұл оларға ұйымшыл және үйлесімді қоғам құру үшін маңызды болып табылатын әртүрлілікті құрметтеуге және қабылдауға көмектеседі.

*3. Білім алушының әлеуметтік жауапкершілік сезімін тәрбиелеу ұстанымы.* Бұл жауапкершілік сезімі жеке адамдардың қоғамның игілігіне үлес қосуға міндетті деген сенімге негізделген. Білім беру жүйесі альтруизм, эмпатия және әлеуметтік әділеттілік сияқты құндылықтарды насихаттайды, бұл білім алушыларды қоғамды жақсарту жолында жұмыс істейтін белсенді және жауапты азамат болуға шақырады. Білім беру жүйесінде әлеуметтік әділеттілік сынды құндылықтар білім алушыларды саналы және белсенді азамат болуға шабыттандырады. Осы мәселелер туралы біліп, қоршаған ортаға және қоғамға

деген жауапкершілік сезімін дамыта отырып, білім алушылар пайдалы өзгерістердің жақтаушысы бола алады және әлемді жақсартуға үлес қоса алады.

*4. Сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамыту ұстанымы.* Сыни тұрғыдан ойлау және пайымдау дағдылары кез келген ақпаратқа қатысты негізделген шешімдер мен тұжырымдар жасау үшін өте маңызды. Білім беру жүйесі білім алушыларды болжамдарға күмән келтіруге, дәлелдемелерді бағалауға және ақпаратты сыни талдауға итермелейтін қызығушылық, күмәндანушылық және ашық көзқарас тәрізді құндылықтарды насихаттайды. Білім беру жүйесінде сыни тұрғыдан ойлау мен пайымдау дағдыларын дамыту ақпараттандандырылған және білімді қоғам құру үшін өте маңызды. Өмірдегі және білім мазмұнында ұсынылған құндылықтарды тану үшін сыни ойлау мен пайымдауды дамыту өте маңызды. Сыни тұрғыдан ойлау кезінде адам ақпаратты біржақты қабылдамайды, жүйелі және обьективті түрде талдап, бағалауға ұмтылады. Бұл дағды ұсынылған ақпараттағы кез келген қисынсыздық пен қате дәлелдерді анықтауға және неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Ақпаратты, жағдайды, әрекетті дұрыс бағалау алған білімді тәжірибе арқылы бекіту кезінде пайымдау арқылы дұрыс шешім қабылдау қабілетін қамтиды. Бұған басқалармен қатар адалдық, әділдік, жанашырлық және құрмет сияқты құндылықтарды тани білу және амал-әрекет жасау кезінде осы бағытқа басымдық бере білу кіреді. Сыни тұрғыдан ойлау болмаған жерде пайымдаусыз эмоцияларға, біржақты көзқарастарға немесе сыртқы қысымдарға бой алдыру орын алуы мүмкін, бұл шын мәнінде маңызды және құнды нәрсені дұрыс қабылдауға өз кедергісін тигізеді. Сондықтан сыни ойлау дағдысын дамыту ең маңызды құндылықтарды дәлірек анықтауға және оған басымдық беруге, осы құндылықтарға сәйкес келетін шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

*5. Шығармашылық пен инновацияға басымдық беру ұстанымы.* Шығармашылық пен инновация күрделі мәселелерді шешу және прогресс пен дамуды ынталандыру үшін өте маңызды. Білім беру жүйесі оқушыларды креативті ойлауға, жаңа идеялар тудыруға және жаңа мүмкіндіктерді зерттеуге итермелейтін қиял, төлдаралық (оригинальность) және тәуекелге бел буушылық тәрізді құндылықтарды насихаттайды. Білім беру жүйесінде шығармашылық пен инновацияны ілгерілету барынша серпінді және инновациялық қоғам құру үшін аса маңызды. Осы құндылықтарды оқушылардың бойына сіңірген кезде білім беру жүйесі болашақтың сын- қатерлеріне төтеп беруге дайын, саналы, өнегелі, белсенді азаматтардың қалыптасуына ықпал ете алады.

Білім беру жүйесінің педагогикалық аксиологиясы қазақ тілін оқыту үдерісінде құндылықтарды меңгертудің ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін айқындайды. Тәрбие жүйесінде құндылықтарды дамыту мінез-құлық тәрбиесі мен саналы азаматтыққа тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Білім беру жүйесіндегі оқу құндылықтарын аксиолингвистикалық тұрғыдан қарастыруда тілдің, коммуникацияның және мәдени контекстің рөліне назар аудару қажет.

Тіл – білім беру құндылықтарының аксиолингвистикалық негіздерінің маңызды құрамдас бөлігі. Білім беру жүйесінде тіл құндылықтар жайлы сыни

тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту және ой-пікірді жеткізу құралы ретінде қолданылады. Тіл құрмет, жауапкершілік және адалдық сияқты құндылықтарды білдіру үшін, сондай-ақ білім алушыларға осы құндылықтардың мәні мен маңызын үйрету үшін пайдаланылуы мүмкін. Оқушылардың оқытылатын құндылықтарды түсінуін қамтамасыз ету үшін сабақта қолданылатын тіл анық, қысқа және жүйелі болуы керек. Сонымен қатар, тілді барлық оқушылар бағалайтынын және құрметтелетінін сезінетін оң және инклюзивті сынып мәдениетін құру үшін пайдалануға болады.

Сондай-ақ коммуникация да білім беру жүйесі құндылықтарының аксиолингвистикалық негіздерінің маңызды құрамдас бөлігі болады. Қарым-қатынас вербалды және вербалды емес қарым-қатынасты қамтиды және қарым-қатынастың анық, құрметті және тиімді болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Қауіпсіз және қолдау көрсететін оқу ортасын құру үшін мұғалімдер белсенді тыңдау, эмпатия және үкімсіз жауаптар сияқты тиімді қарым- қатынас дағдыларын үлгі етуі керек. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту үшін де тиімді қарым-қатынас қажет, өйткені оқушылар құндылықтар мен олардың мәнін талдауға, бағалауға және ой елегінен өткізуге үйренеді.

Мәдени контекст сонымен қатар білім беру жүйесіндегі оқу құндылықтарының аксиолингвистикалық негіздерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Құндылықтар әмбебап емес және олар мәдени контекстке байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сондықтан сыныпта құндылықтарды оқытқанда мәдени контекстті ескеру қажет. Мұғалімдер өз оқушыларының мәдени ерекшеліктерін білуі және олардың көзқарастары мен тәжірибесіне сезімтал болуы керек. Мұғалімдер сонымен қатар өздерінің мәдени бейімділіктерін білуі керек және инклюзивті, құрметті сынып ортасын құру үшін оларға қарсы тұруға дайын болуы керек. Сонымен қатар, мұғалімдер студенттерге әртүрлі құндылықтар мен перспективаларды ашу үшін оқу бағдарламасына мәдени әртүрлілікті енгізе алады.

Олай болса, білім беру жүйесіндегі құндылықтарды оқытудың аксиолингвистикалық негіздері жауапты азаматтық пен мінез-құлық тәрбиесін дамыту үшін өте қажет. Тіл, қарым-қатынас және мәдени контекст оқу құндылықтарының аксиолингвистикалық негіздерінің маңызды құрамдас бөліктері болып саналады. Мұғалімдер құндылықтарды жеткізу және оң сынып мәдениетін қалыптастыру үшін тілді тиімді пайдалануы керек. Тиімді қарым-қатынас сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін және құндылықтар туралы ойлау қабілетін дамыту үшін қажет. Мәдени контекстті де ескеру қажет, мұғалімдер өз оқушыларының мәдени ерекшеліктерін білуі және оқу бағдарламасына мәдени әртүрлілікті енгізуі керек. Оқыту құндылықтарының аксиолингвистикалық негіздеріне назар аудара отырып, педагогтар жауапты азаматтар мен этикалық көшбасшылардың дамуына ықпал ететін қауіпсіз және қолдау көрсететін оқу ортасын құра алады.

Құндылықтар оқушылардың мінезі мен санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Құндылықтарды сіңіре отырып, педагогтар оқушылардың жағымды амал-әрекеттер жасауға ұмтылатын жауапты және белсенді азаматтар

болуына көмектесе алады. Қазіргі тез өзгеріп жатқан әлемде инновациялар мен шығармашылық мәселелерді шешу және жаңа міндеттерге бейімделу үшін білім мен технологияны ілгерілету өте маңызды. Білім алушының шығармашылық қабілеті мен инновациялық әрекеттерін дамыту үшін оған сыни тұрғыдан ойлауға, эксперимент жасауға және олардың қызығушылықтарын ашуға мүмкіндік беру маңызды. Бұған жобалық оқытуды ынталандыру, инновациялық технологиялар мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, ынтымақтастық пен топтық жұмысты ынталандыру арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, оқу жоспарына ашық сұрақтар мен мәселелерді енгізу және білім алуға өзіндік ерекше тәсілдермен келуге мүмкіндік беру арқылы шығармашылықты ынталандыруға болады. Білім алушылардың өз қызығушылықтары мен құмарлықтарын зерттеуге еркіндік бере отырып, біз оларға инновациялық мәселелерді шешуші болу үшін қажетті дағдылар мен ойлау қабілетін дамытуға көмектесе аламыз.

## 2.2 Қазақ тілін оқыту мазмұнында ұлттық құндылықтар жүйесінің қамтылу деңгейі

Қазіргі таңда аксиологиялық тұрғыда дамыған, көп мәдениетті ортаға бейімделген, шығармашылық қабілеті жоғары, нарықтық бәсекелестік жағдайында өмір сүруге дайындалған, өзіндік ұлттық бет-бейнесі анықталған, ұлттық құндылықты жоғары ұстанатын тұлғаны қалыптастыру – білім беру жүйесінің күн тәртібінде тұрған мәселе. Білім берудің құзіреттілікке бағытталған мазмұны білім алушының коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық құзырет түрлерін, сыни ойлау қабілеті мен аксиологиялық құндылықтар жүйесін қалыптастыруды негізгі ұстаным етіп алады. Адам танымы ішкі және сыртқы әлемді белгілі бір бағалауыштық өлшемдердің сүзгісінен өткізеді. Ол – құндылықтар жүйесі. «Ал құндылықтар дегеніміз – бұл адамның өмір бойы ұмтылатын мақсаттары мен жетістіктері» [24, с. 300].

Әрбір адам белгілі бір қоғамда өмір сүре отырып, өзінің рухани, материалдық, әлеуметтік, физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады, өз өмірінде идеал, талап, тілек, қажеттіліктерге қарай ұмтылуында таңдап алған жолы, бағыты, яғни құндылық бағдары болады. Әлемді танудың, бағалаудың өлшемдері әр ұлттың мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты қалыптасады. Қазіргі уақытта рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге көптеген әлеуметтік және саяси институттар бағытталған. Оларға: отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру жүйесі, мемлекеттік билік, өндіріс, діни конфессиялар, саяси партиялар, көркем әдебиет, театр, өнер және т.б.жатады. Солардың ішінде жастардың құндылық бағдарларының ұлттық негіздерін қалыптастыруда үлкен тәрбиелік әлеуетке ие қуатты механизмдердің бірі – білім беру жүйесі. Құндылықтар мен білім түрлерін кеңінен талдаған Әл-Фараби қоғамның беріктігі, тұрақтылығы, күштілігі имандылықтан, жаратылыс құдіреті туралы адамзаттың дұрыс танымы мен білімінен бастау алатынын айтады [98].

Жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін көрсетіп отыр. Әсіресе, жаһандану процесі қарсаңында біздің басты құндылықтарымызды ұлттық менталитеттің негізіне айналдыру маңызды [99].

Озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, болашағын барынша болжайтын қоғам сұраныстарына жауап беретін және барынша әлеуметтенген тұлға ретінде қалыптасады.

Адамның ішкі құндылықтары әлемі оны дара тұлға ретінде ерекшелейді. Білім берудегі ізгілендіру, дамыту ұстанымдары дара тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыруға қызмет етеді. Елін сүйетін адал перзенттерді тәрбиелеп шығару үшін оқушылардың бойына ұлттық рухани құндылықтарды дарыту қажет. Ал рухани құндылықтардың негізгі қайнар көзі – ұлттық тіл. Олай болса, қазақстандық білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылықтардың кең көлемдегі аспектісін ұсынатын бірден-бір маңызды пән – қазақ тілі пәні болмақ. Өйткені, лингвомәдени мақсаттар мен тілді оқытудың мазмұны болашақ ұрпақтың патриоттық, рухани, азаматтық, адамгершілік және әлеуметтік тәрбиесімен тікелей байланысты.

«100 нақты қадам» ұлт жоспарында орта білім берудің – оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу» міндеті қойылды [100]. Осы «мәңгілік ел» базистік құндылығының мазмұны Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулығында кеңінен таратылып берілді. Олар – тұлғаның өмірлік ұстанымдарын анықтайтын, мінез-құлқын тәрбиелейтін, көпұлтты қоғамда толеранттылықта өмір сүруге үйрететін: 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу тәрізді базалық аксиологиялық концептілер [101].

Аксиологиялық концептілер – ұлттық ойлау ерекшелігіне тән құбылыс, ұлттың өмір сүру ортасы, салты, дүниені тану ұстанымдарымен байланысты тілде жинақталған әлемді бағалаудың өлшемдері, құндылықтар жүйесі. Осы құндылықтар жүйесі адамға құнды мен құнсызды, жақсы мен жаманды, маңызды мен маңызды емес, жақын мен алысты ажыратуға, бағалауға көмектесіп, әрекеттерін, қарым-қатынастарын реттеп отыратын білім қоры қызметін атқарады.

Бұл зерттеу жұмысында біз қазақ тілі сабағында меңгерілетін құндылықтар жүйесі мен болашақ қазақ тілі мұғалімінің ұлттық құндылық бағдарын анықтау және дамыту жолдарын айқындау мақсатында түрлі зерттеу әдістерін қолдандық. Қойылған міндеттерді шешу және зерттеу жұмысының әр түрлі кезеңдерінде гипотезаны тексеру үшін сараптамалық талдау жасау, деректерді статистикалық өңдеу және оларды түсіндіру, студенттерге сауалнама жүргізу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі нәтижелері аксиолингвистикалық мониторинг пен бақылау, жинақтау

әдістерінің көмегімен алынды. Сонымен қатар аксиологиялық тірек концептілердің мазмұндық құрылымын анықтауда семантикалық талдау әдісі (пәндік, бағалауыштық, жеке, сезімдік компоненттер); оқулықтар мазмұнындағы аксиологиялық тілдік бірліктердің пайыздық көрсеткішін есептеуде сандық әдістер қолданылды. Бұл әдіс алынған нәтижелердің обьективті сипатын көрсету үшін тиімді пайдаланылды. Зерттеу жұмысының материалдары ретінде қазақ тілі оқулығы алынып, оның тіліндегі концептілік мәнге ие доминант лексемаларды анықтау үшін контент-анализ әдісі қолданылды. Бұл зерттеу әдістерінің қолданылуы қазақ тілі сабағында меңгерілетін ұлттық құндылықтар қатарын талдап, оны жалпыадамзаттық құндылықтармен байытуды көздейтін білім берудің аксиологиялық негіздерін айқындауға мүмкіндік берді.

Қазақ тілі сабағында құндылық бағдар қалыптастыру мәселесін қарастыру үшін педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперименттің бірінші кезеңінде статистикалық және контент талдаулар әдісі қолданылды. Зерттеу нысанына алынып отырған 6-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығының «Отбасылық және ұлттық құндылықтар» атты екінші тарауында 21 шағын мәтін қамтылған [102]. Бұл – кейде толықтай, кейде үзінді түрінде ұсынылған түрлі мазмұндағы әңгіме, диалог, өлең мәтіндері мен мақал-мәтелдер мәтіндері. Авторлар көзқарасы тұрғысынан іріктеліп алынып, оқулыққа енгізілген мәтіндер отбасылық және ұлттық құндылықтар тақырыбы мазмұнын ашуға қызмет етеді. Зерттеу материалындағы құндылық мәнді лексеманың кездесу жиілігіне статистикалық талдау жүргізу барысында мәтіндер тілінде 5 және одан көп рет кездесетін тіл, қыз, ана, дәстүр, ұлт, бала, адам, салт, ел, әже, халық, ұл, рух, би (шешен), отбасы, жер, тәрбие, өмір, қасиет, дала, тарих деген 21 аксиологиялық концепт іріктеліп алынды (4-сурет).

Зерттеу нәтижесі сараптама жасалған мәтіндер тілінде ең көп кездесетіні – «тіл» концептісі екенін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл ерекшелікті «тіл» концептісінің қазақ тілі сабағының негізгі оқыту нысаны екендігімен түсіндіруге болады. Сонымен қатар оқулық авторларының «ұлттың басты рухани құндылығы – тіл» деген ұстанымға сүйенгендерін байқаймыз. Академик Ә. Қайдар бұл жөнінде: «Өркениет, мәдениет, салт- дәстүр, ұлттық менталитет» деп дәріптейтін құндылықтардың бәрі де, сайып келгенде, тіл қасиетіне барып тұрақтайды, тілдің құдіретті күшімен, тамаша жаратылысымен ғана бейнеленіп, бағаланып, реальді факторға айналады», – дейді [103]. Оқулық тілінде жиі кездесетін «дәстүр, салт» ұғымдары да ұлттың рухани құндылықтары қатарын құрайды. Мәңгілік елге негіз болар халықтың тұрмыс-салтындағы ата-бабаларымыздан бері келе жатқан ата дәстүрі – ұлттығымыздың басты сипаты. Кездесу жиілігіне қарай келесі орындарда тұрған – «қыз, ана, бала, адам, ата-ана, әже, халық, ұл, отбасы, ұлт, ел, халық» деген аксиологиялық концептілер. Оларды «ең басты құндылық – адам» деген тұжырымға сәйкес іріктелген деп болжам жасауға болады. Оның ішінде отбасылық құндылықты білдіретін лексемалардың жиі кездесуі осы ұғымның адам үшін маңызын көрсетеді. Сонымен қатар осы іріктеліп алынған жиі кездесетін тілдік бірліктер «құрмет» концептісін құрайтыны анықталды.




Сурет 4 – Оқулық мәтіндері тіліндегі аксиологиялық концептілердің кездесу жиілігі

Мәтіндер тілінде саны жағынан бірден төртке дейінгі аралықта кездескен сөздер: қоғам, құрмет, ар, ата-баба, ақын, тағдыр, намыс, парыз, өнер, жеңіс, әке, парасат, білім, байлық, жігіт, тағдыр, әдет-ғұрып, ағайын, ұрпақ, төзім, қоғам, өлке, ақыл, борыш, шаңырақ, еңбек. Статистикалық талдау нәтижесі «ынтымақтастық», «ашықтық» және «еңбек пен шығармашылық» базалық аксиологиялық концептілеріне қатысты нақты лексемалар аз қамтылғанын көрсетті. Алайда жүргізілген контент талдау барысында осы идеяларды дәріптейтін білім мазмұны жеткілікті дәрежеде қамтылғанын анықтадық. Контент талдаудың нәтижесін аксиологиялық концептілердің оқулық мәтіндері тіліндегі вербалдануын көрсететін 1-кестеден көруге болады.

Талдау нәтижесінде оқулық мәтіндерінде зерттеу нысанына алынып отырған 6 базалық аксиологиялық концептінің барлығының да мазмұны шамамен тең дәрежеде қамтылғаны анықталды. Демек, оқулық мәтіндерінде «Мәңгілік ел» концептосферасы жан-жақты ашылған деп тұжырым жасауға болады. Алайда, бұл аксиологиялық концептілер оқулықтың ішінде тек идея түрінде ғана көрініс табатынын естен шығармауымыз керек. Оқулықта кең құндылықтар әлемі ұсынылады. Ал оқушының өз құндылық бағдарын қалыптастыру тек мұғалімнің көмегімен ғана жүзеге асырылады.

Кесте 1 – Аксиологиялық концептілердің оқулық тілінде вербализациялануы (көрініс табуы)

| Аксиологиялық концептілер | Оқулық тілінде вербалдануы |
|---|---|
| Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік | Бүгінгі қазақ патриотизмі мынадай ұстанымдарға сүйенуі тиіс: өз ұлтын, жерін, ана тілін жанындай сүю, қорғай білу; ел басқаратын адамдарға дәстүрді жақсы білгеннің артықтығы жоқ; Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл, ақ жолдан айнымай, ар сақта – оны біл; Мен жастарға сенемін! |
| Құрмет | Рухы биік, парасаты мол ата-бабаларымыздың арқасында; Ең әдемі, біртұтас бай тіл; Туған жері – түп қазығы, айбыны, туған тілі – мәңгі өнеге айдыны; Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі – қазақтың осынау кеңпейіл, мейірбан дарқан даласы сияқты ұшан-теңіз бай, шешен де көркем тіл; Қазақы отбасында ата-ана – шаңырақтың шамшырағы, отбасының ұйытқысы; Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді; Қазіргі барымызды мәпелей білуіміз керек; Халықтың бастан өткерген тарихының әр беті бізге қымбат; Ата-анасын ардақ тұту, өзінің перзенттік парызын бір сәтке де есінен шығармау – жас ұрпақтың адамшылығының белгісі. |
| Ынтымақтастық | Әдет-ғұрыптарымен үндескен ислам діні; Табиғатпен және қоғаммен үйлесімді өмір сүруге бағыттайтын қазақтың ежелгі салт-дәстүрі; Ұлттық салт-дәстүр, ұлттық мақсат-мүдделер; дәстүр адамдардың өмірлік қарекетін реттеудің маңызды факторы болып қызмет етеді; Дәстүрі мен дінін сабақтастыра білген момын халқымыз. |
| Еңбек пен шығармашылық | Әсіресе сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тапқырлығы таңғалдырады; Мен әжемнің көрген бейнетіне, кереметтей төзімділігіне жаным аши отырып сүйсінемін; Халқымыз ер баланы 12–15 жасынан бастап алдағы өмірдің ауыртпалықтарына дайындаған; Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар. |
| Ашықтық | Ес білетін жасқа жеткенде, өз елін көруге қатты құштар болды; Ата-анасы қызының бұл қалауын орындап, қызын Қазақстанға әкеліпті; Ұлты неміс болса да, қазақ болып кеткен көрнекті жазушы Герольд Бельгер; Ата- дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. |
| Өмір бойы білім алу | Ежелгі ұлттық әліпби (Күлтегін жазбалары); туған тарихы; бүгінде туған жерін танып-білуде; Әдет-ғұрып, салт-сананы терең біле отырып, әділ билік жасаған; Талаптан да, білім мен өнер үйрен, білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл; Жастардың бүгінгі міндеті – оқу, білім, тәрбие жұмыстары. Сондықтан жастардың жалпы назары мектепке аударылуы керек; XI ғасырда жазылған «Қабуснама» – деп аталатын ғажайып педагогикалық кітап бар |

Қазақ халқының ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық құндылықтарды мұғалімнің дұрыс түсіндіруі – оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың негізгі шарты. Ол үшін әуелі болашақ қазақ тілі мамандарының өздерінің құндылық бағдарлары дұрыс қалыптасуы керек. Болашақ қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінің құндылық бағдарларын анықтау мақсатында тәжірибенің екінші кезеңіне филология факультетінің 136 студенті тартылды. Сауалнама мақсаты – біз жоғарыда талдау жасаған қазақ тілі оқулығында ұсынылған аксиологиялық концептілердің студенттердің құндылық бағдарындағы маңызы мен оқыту нәтижелерін анықтау.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік

жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығында «оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалауымен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар» деген анықтама беріледі [104].

Сауалнамаға «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық» және «өмір бойы білім алу» деген базалық аксиологиялық концептілердің әрқайсысына қатысты бес сөзден таңдалып алынды.

«Берілген сөздердің ішінен Сіз үшін құндылық маңызы ең жоғары үш ұғымды белгілеңіз» деген тілек білдірілді. Студенттер әрбір концептіге байланысты бес-бестен ұсынылған сөздердің ішінен өз таным деңгейлері мен құндылық бағдарларына қарай үшеуден таңдап, белгіледі. Сауалнама нәтижелерінің концептосфералық талдауы 2-кестеде, иерархиялық талдауы 5-суретте ұсынылды.

Кесте 2 – Сауалнама нәтижелері

| 1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік | | 2. Құрмет | |
|---|---|---|---|
| – ар-намыс | 119 (87,5%) | – отбасы | 134 (98,5%) |
| – ана тілі | 111 (81,6%) | – табиғат | 75 (55,1%) |
| – туған жер | 86 (63,2%) | – ата-баба | 67 (49,3%) |
| – жауапкершілік | 53 (39%) | – ағайын | 66 (48,5%) |
| – міндет | 34 (25%) | – қоғам | 61 (44,9%) |
| 3. Ынтымақтастық | | 4. Еңбек пен шығармашылық | |
| – құрмет | 113 (83,1%) | – еңбекқорлық | 131 (96,3%) |
| – адалдық | 104 (76,5%) | – шыдамдылық | 116 (85,3%) |
| – бірлік | 75 (55,1%) | – тапқырлық | 95(69,9%) |
| – қайырымдылық | 54 (39,7%) | – шеберлік | 38 (27,9%) |
| – кешірім | 58 (42,6%) | – шешендік | 25 (18,4%) |
| 5. Ашықтық | | 6. Өмір бойы білім алу | |
| – тәуелсіздік | 122 (89,7%) | – тәрбие | 130 (95,6%) |
| – рахымдылық | 100 (73,5%) | – білім | 123 (90,4%) |
| – мәдениеттілік | 96 (70,6%) | – сана | 100 (73,5%) |
| – жайдарылық | 50 (36,8%) | – өнер | 35(25,7%) |
| – толеранттылық | 34 (25%) | – ұлттық әліпби | 18 (13,2%) |

Моральдық-адамгершілік құндылықтар қазіргі жастардың негізгі құндылықтарының тізіміне кірмейді деуге болады, ал рухани-мәдени құндылықтар соңғы қатарда тұр. Бұл жастардың өз құндылықтар жүйесін, ең алдымен өмірдегі табыс критерийлерімен үйлестіруіне байланысты. Адал өмір, таза ар, қарапайымдылық сияқты ұғымдар екінші жоспарға түседі [64, s. 21]:

1. «Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік» базалық концептісіне қатысты бес сөздің ішінен «ар-намыс» ұғымының жоғары бағалауынан «малым–жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қазақы тәрбие көрген ұрпақтың өнегесі көрінді. Екінші орында «ана тілі»

концептісінің таңдалу себебін болашақ филолог-маманның ана тілінің басты жанашыры болғандығынан деп бағалаймыз. Үшінші орында әр қазақ үшін ең қастерлі ұғым – «туған жер» концептісі таңдалды. Сауалнама нәтижесінде аз таңдалған «жауапкершілік» және «парыз» концептілері болды. Бұл көрсеткішті осы ұғымдардың қазіргі қоғам жастары үшін маңызы төмен екен деп қабылдауымыз керек. Керісінше, әуелгі кезекте ар-намысты, ана тілі мен туған жерін жоғары бағалаған адам олардың алдындағы жауапкершілік пен парызды сезінбей қоймайтыны анық деп түсінуіміз керек.

2. Студенттердің құндылықтар иерархиясындағы ең маңызды ұғым «құрмет» концептісіне қатысты «отбасы» концептісі екенін анықтадық. Мектеп оқулығында да кеңінен қамтылған бұл концептінің қазіргі жастардың құндылық бағдарында да ең басты орынға ие екендігі айқын көрінді. Келесі кезекте «табиғат» сөзінің таңдалуы өздері өмір сүріп отырған ортаның болашағына алаңдайтын, оның экологиялық жай-күйіне жаны ашитын жас мамандардың қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Сауалнамада берілген «ата-баба» мен «ағайын» сөздері бір мағыналық өріске жататын ұғымдар болғанымен, респонденттердің басым көпшілігі «ата-баба» сөзін таңдауының себебі де ата-баба салтын берік ұстануды тәрбие негізі деп санайтын халық танымынан хабар береді. «Отбасы» мен «қоғам» өзара прагматикалық шеңбері кең «өзімдікі/өзгенікі» оппозициялық жұбын құрайды. Сондықтан болар, сауалнамаға қатысушылардың ең аз бөлігі «қоғам» сөзін таңдады. Бұл жерде де студенттердің «әуелі – өзім үшін» деген жеке бас мүдделерінің жоғары тұрғанын байқаймыз. Жастардың қоғам алдындағы парыз бен жауапкершіліктен гөрі өз мүдделерін басымырақ көздейтіні көрінеді.

3. «Ынтымақтастық» концептісін құрайтын ұғымдардың ішінен көпшілік дауыспен «сыйластық», «әділдік» және «бірлік» ұғымдары таңдалып алынған. Ал «кешірім» мен «бауырмалдық» сөздері аз таңдауға ие болған. Бұған қарап, әділ болу – міндет, алайда белгілі сыйластықтың шегінен ары қарай асудың қажеттігі жоқ деп есептейтін, аса үлкен бауырмалдықты керек деп санамайтын, «кешірім» деген қасиетті жоғалта бастаған, «Өзіңді-өзің сыйламасаң, өзгеден сый күтпе», «Бірлік түбі – береке» деген ұстанымдармен өмір сүретін ұрпақ қалыптасып келе жатқанын аңғарамыз.

4. «Еңбек пен шығармашылық» концептісіне қатысты ұсынылған бес сөздің ішінен ең жоғары көрсеткіште «еңбекқорлық», «шыдамдылық» сөздерін таңдауларын кез келген табысқа еңбекқорлық пен шыдамдылықтың арқасында қол жеткізуге болатынын түсінетін саналы ұрпақтың шешімі деп қабылдауға болады. «Тапқырлық» концепті де алғашқы үштіктің ішінде таңдауға ие болған. Ал «шеберлік», «шешендік» деген – адамның ерекше бір қасиеттері, яғни белгілі бір істі атқару үшін ондай ерекше қасиеттердің қажеті жоқ екендігін, олардан гөрі табысқа үлкен еңбекқорлық пен шыдамдылықтың, тапқырлықтың арқасында жетуге болады деген көзқарасты байқаймыз.

5. «Ашықтық» концептісіне қатысты ұсынылған сөздердің ішінен ең көп «тәуелсіздік» ұғымының таңдалуы ата-баба қанымен келген егемендікті бағалайтын, оны басты құндылық деп санайтын ұрпақтың құндылық бағдарын

көрсетеді. Ал келесі кезекте «кеңпейілділік» және «мәдениеттілік» ұғымдарының көп таңдалуына қарай отырып, тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық сананы құраушы жастардың бойынан осы қасиеттер табылар болса, еліміздің болашағы үшін алаңдамауға болады деген ой қорытамыз. Сауалнама нәтижесі бойынша келесі орнында «инабаттылық» және ең аз мөлшерде «толеранттылық» ұғымдары таңдалғанын көреміз. Шын мәнінде, қазіргі күнде қазақтың байырғы жастарының бойындағы инабаттылық қасиеттің азайып бара жатқаны белгілі. Ал толеранттылық ұғымына келер болсақ, бұл жаңа термин тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық қатынастардың басты сипаттарының бірі деп, көп айтылып, жазылып жүргенімен, әзірге тек идея күйінде ғана көрініс тауып отырғанын, құндылық бағдарға айналып үлгермегенін байқаймыз.

6. «Өмір бойы білім алу» концептісіне байланысты ұсынылған бес сөздің ішінен «білім», «тәрбие» және «сана» ұғымдары көпшілік дауыспен таңдалған. Тәрбиені білімнен жоғары қойған бұл таңдаудан «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген әл-Фараби баба өсиетін ұстанған ұрпақ көзқарасын байқаймыз. Себебі білімді өздігінен, өз бетімен алуға да болады. Адамның білімі болып, тәрбиесі жеткіліксіз болса, оның ешқандай құны жоқ екендігін бүгінгі ұрпақтардың жақсы ұғатындарын байқаймыз. Сананың ашықтығы талап етілетін жаһандық сын-қатерлерге толы заманда жастардың осы қасиетті құндылық бағдарларына алып өсіп келе жатқаны – көңіл толтырарлық. Ал жоғарыдағы шеберлік, шешендік тәрізді адамның жеке қасиеті саналатын «өнер» ұғымын аз таңдаулары білім, тәрбие болған жерде оны біртіндеп қалыптастыруға болады деген ойдан туындаса керек.

Бүгінгі күні Қазақстанда ұлттық жазуға реформа жасау ісі қолға алынып жатқаны белгілі. Қазақ жазуын қазіргі қолданыстағы кирилл әліпбиінен латын жазуына көшіру барысында көптеген істер атқарылуда. ЖОО-лардың қазақ филологиясы мамандықтарына «Жаңа қазақ жазуы» деген пән де енгізілген. Мамандық студенттерінің қатысуымен ғылыми-практикалық семинарлар мен конференциялар өткізілуде. Соған қарамастан, «ұлттық әліпби» концептісін сауалнамаға қатысушылардың өте аз таңдауы – алаңдатарлық жағдай. Демек, бұл құндылықты әлі де қоғамда, БАҚ-та талқылау, түсіндіру жұмыстары әлі де кеңінен жүргізілуі қажет.

Ғаламдастыру кезеңінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды менталитет өзегіне айналдырудың маңызы ерекше. Сондықтан бүгінгі әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында білім берудің аксиологиялық негіздерін айқындау аса өзекті. Жеке тұлғаның ішкі құндылықтары қатарын ғаламзаттық құндылықтарымен байытуды ұлттың өзіндік ерекше қасиетін, салт-санасын, тарихы мен мәдениетін, рухани құндылықтарын таныту арқылы жүзеге асыру қажет.

Тұлғаның құндылық бағдары оның іс-әрекеттік бағытын, ішкі рухани әлемін қалыптастырады, тұлғалық қасиеттердің бекуіне ықпал жасайды. Бұндай оқыту жас ұрпақтың рухани-ағартушылық және мәдени- зияткерлік деңгейін көтеруге, оны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінде идеалдар рухында тәрбиелеуге бағытталады. Білім беру жүйесінің негізгі міндеті – жалпы

қабылданған аксиологиялық жүйелер негізінде оқушы тұлғасының құндылық бағдарын қалыптастыру. Адамға сенімдер мен құндылықтар дайын түрде берілмейді. Олар шексіз өмір тәжірибесі процесінде күш-жігер мен интеллектуалдық жетістіктердің нәтижесінде қалыптасады. Сондықтан құндылықтарды дамытумен арнайы шұғылдану қажет. Бұл білім беру жүйесінде жүзеге асады, оның нәтижелері бүкіл еліміздің және әрбір адамның болашағын анықтайды [105]. Аксиологиялық-лингвистикалық зерттеулердің талдауы оқушы тұлғасының құндылық бағдары төмендегідей кезеңдер арқылы қалыптасады деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді: оқушыға рухани құндылық бағдарларын ұсыну; оқушының рухани құндылық бағдарларды ішкі қабылдауы; іс-әрекет пен тәлім-тәртіп, мінез-құлықтарында рухани құндылықтың көрініс табуы; оқушы тұлғасының рухани құндылық бағдарларды бекітуі және оны өзінің жеке тұлғалық қасиеттеріне айналдыруы; тұлға қасиеттерінде рухани құндылықты бағдарлардың үнемі іс-әрекетте қайталануы. Сол кезде тек адамға тән маңызды қасиеттердің бірі рухани құндылықтар қалыптасады. Руханилық бастауы әр адам бойында азды-көпті бар, бірақ ақылдың көмегімен, білім алу арқылы руханилыққа жетемін деуге болмайды. Өз бойында адами қасиеттерді дамытып, өз білімін адамгершілікпен ұштастырғанда ғана шын руханилыққа жетеді. Адамгершілікке адам ең жоғарғы құндылықтарға ұмтылу арқылы жетеді. Ар- ұят, адалдық, еңбек, махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген құндылықтар арқылы адам өз өміріне мән беріп, руханилыққа жетуге ұмтылады [106]. Оқулық мәтіндері тіліндегі концептілік мәнге ие лексемалардың мазмұндық, сандық, сапалық көрсеткіштерін талдаудан шыққан қорытынды кең көлемдегі құндылықтар әлемін анықтады. Алайда оқулықта дайын күйінде ұсынылған құндылықтар жайлы идеялар сол қалпында оқушының өмірлік құндылығына айнала салмайды. Оларды оқушы саналы түсініп, қабылдауы үшін мұғалім үлкен еңбек сіңіруі керек. Өйткені «мұғалім мәдени құндылықтардың тасушысы, және ең бастысы, оны жүзеге асырудың ұйымдастырушысы» [107]. Аксиологиялық концептілердің студенттердің құндылық бағдарындағы маңызын анықтау мақсатындағы сауалнама бақылау шарттарының обьективтілік, үздіксіздік, деңгейлік, салыстырмалылық, тұлғаға бағдарлану, орта мен жағдайды ескеру ұстанымдарына негізделіп құрылды. Болашақ мұғалімдердің құндылық бағдарларына жасалған талдау «өзімдікі» оппозиясының басымдығын көрсетті. Ғалымдар бұл мәселені «өзімдікі/өзгенікі» оппозициялық жұбын «өзімдікі/басқалар» жұбымен алмастыра оқыту арқылы шешу қажеттігін айтады [108]. Сауалнама қорытындылары ұлттық құндылықтардың қалыптасуының жеткіліксіз деңгейін көрсетті: құндылықтар иерархиясында «ана тілі» 9-орында, «туған жер» - 15-орында, «ұлттық әліпби» - ең соңғы 30-орында. Кез келген тәрбие ісінде ұлттық құндылықтар – ұстанатын жол, ал жалпыадамзаттық идеалдар мен құндылықтар – мақсат болуы тиіс [109]. Ұлттық құндылықтарды бағалай білген адам ғана жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдай алады. Сондықтан болашақ қазақ тілі мұғалімінің құндылық бағдарын қалыптастыруды ұлттық жаңғыру мен ұлттық бірегейлік мәселелерін талқылау, өзінің және

өзгенің ұлттық мәдениеттерін зерттеу арқылы жүзеге асыру қажет.

Болашақ филология мұғалімдерінің құндылықтар иерархиясында адамгершілік құндылықтар бір жерде, ал рухани-мәдени құндылықтар соңғы қатарда. Бұл жастардың өз құндылықтар жүйесін, ең алдымен өмірдегі табыс критерийлерімен үйлестіруіне байланысты. Қоғам алдындағы жауапкершілік, толеранттылық, ашықтық сияқты ұғымдар екінші жоспарға түседі. Жастар санасында отбасы беделін сақтау және нығайту да қоғамымыздың басты мақсаты болуы керек. Жастардың отбасы өмірінің негіздері мен отбасылық қарым-қатынас этикасы туралы білім деңгейін арттырып қана қоймай, сонымен қатар жастар арасында дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сіңіру қажет. Жүргізілген зерттеулер оқулықта берілген құндылықтар әлемі мен болашақ филолог маманның құндылық бағдарындағы сәйкессіздікті көрсетті. Бұл жағдай білім берудің аксиолингвистикалық негіздері айқындау мәселесінің өзектілігін дәлелдей түсті. Соған байланысты идиологиялық білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін педагогикалық жағдай жасаудың маңыздылығы айқындалды. Ол үшін алдымен «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық бағдарлы материалдармен толықтыру қажет. Теориялық және эксперименттік материал негізінде ұлттық құндылық мәнді оқу тапсырмаларының кешенін әзірлеу қажет. Сол кезде ғана «іздеу-бағалау-таңдау-проекция» құндылық механизміне сәйкес құндылық бағдарды қалыптастыру әдістемесі нәтижелі жүзеге асады. Соның нәтижесінде оқулықта ұсынылған аксиологиялық идеялар оқушының өмірлік құндылығына айналады (Қосымша А). Сонымен қатар оқулықтардың құндылық бағдары, оқулық мәтіндеріне енгізілген мәтіндердің құндылықтық мәні мәселесіне қатысты зерттеулер жүргізу барысында жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінде қамтылу деңгейін де ескеру қажет деп ойлаймыз.

### 2.3 Ұлттық құндылықтарды меңгертуде қолданылатын мәтіндер жүйесі

Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды меңгерту мәселесі әрқашан да өзекті. Ұлттық құндылықтар оқулықтарда қамтылатын мәтіндер жүйесі арқылы беріледі. Өзара интертекстуалды байланыста келген түрлі тақырыптардағы мәтіндер бір идея, бір мақсатта жұмсалып, мәдени кодтардың үзінділері ретінде оқушы санасына әсер етуге қызмет етеді. Соларды ұтымды әдіс-тәсілдермен оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде оқушы жүрегіне жетіп, құндылық ретінде бекіп, тұлғаның өмірлік ұстанымына айналады.

Т.М. Әбдікәрімова 2007 жылы мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясын жазуда мәтіннің негізгі белгілерін «Оқулықтағы берілетін кез келген мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді қорытып, маңызын танығанда ғана пайда болатын, оның дәйекті тұсымен тәуелділікте болса, ал оның біртұтастығы қиын бөлімдерді құрастыратын тілдік механизмнің белгілі әдіс- тәсілдерімен

ұйымдасуынан көрінеді», - деп сипаттама берген [110].

Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда шыққан жалпы орта білім беретін мектептердегі қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуға арналған оқулықтарда ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктерін танытатын құндылықтары жайлы мәтіндер молынан қамтылды. «Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда «Қазақ тілі» пәнін оқытудың тұжырымдамасы (1995), жалпыға міндетті білім стандарты (1998), оқу бағдарламалары түзілді. Білім мазмұнының макромоделі ретінде «Тарих – білім – мәдениет» үштағаны алынып, тілдік тақырыптар жаңаша жүйеленді. Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ тілінің білім мазмұны тілдік сауаттылық – сөз дұрыстығы – сөз шеберлігі сабақтастығына негізделіп, жетілдірілді. Алғаш рет 10-11-сыныптарда сөз мәдениетін, шешендік өнерге үйрену жолдарын, пікірталас мәдениетін оқыту қолға алынды» [111].

Қазақ тілінің ортақ түркілік тамырын танытуға бағытталған мәтіндердің де оқулықтарда өзіндік орны болды. Сөзімізге дәлел ретінде жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған қазақ тілі оқулығына аксиолингвистикалық контент талдау жасадық. Авторлары – Г. Қосымова, Ж. Дәулетбекова. Оқулық «Атамұра» баспасынан алғаш 2001 жылы шыққан, 2005 жылы өңделіп, екінші рет басылған. Яғни, жаңа ғасырдың басынан бастап, 2016 жылы енгізілген жаңартылған бағдарлама бойынша жазылған оқулықтарға дейінгі аралықта қолданыста болған. Оқулықта барлығы 138 мәтін қамтылған. Соның ішінде 7 мәтін М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит түрк» сөздігінен алынған үзінділерді қамтиды. Жаттығу мәтіндерінде сөздіктен бірнеше сөздердің түсініктемесі беріліп, соларды талдауға арналған тапсырмаларды орындату арқылы орта түркі дәуіріндегі мәдени құндылықтарды меңгерту көзделген [112].

Мысалы, 222-жаттығуда ғұламаның: «Кез келген іске асып-сасып, әбдіреп кіріспе. Әуелі асықпай байқап көріп-біліп ал. Шырақ жақпақ болып шақпақ жаққан кісі әбдіреп-сасқалақтаса, шырағы құлап түсіп, сөніп қалады. Бір кісі бетіңе жылы шыраймен күліп қараса, сен де көрікті, нұрлы шыраймен, ашық жүзбен көрінгін. Тіліңді жаман, зымиян сөзден сақта. Жақсылық пен ізгілік, мейірім тілегін: Білге (білгір) даналардың сөз, ақылдарын өсиет етіп қабылда. Жақсы сөзді қастерлесе, өз бойыңа, діліңе дариды», – деген жас ұрпақтың бойына адамгершіліктің ізгілік нәрін себетін, жақсылық пен жамандықтың парқын ажыратып, көркем мінезді, ақылды, өнерлі болуға жетелейтін баға жетпес ақыл-өсиет сөздері беріледі (Қосымша В). Мәтін бойынша: «М. Қашқаридың ақыл сөздерін жаттап алыңдар. Сыныптарыңда осы қасиеттерге лайық балалар бар ма? Болса айтып, дәлелдеңдер», – деген тапсырма ұсынылады.

Оқулықта ортақ түркілік мазмұндағы Қорқыт ата жайлы А. Сейдімбек пен Б. Тоғысбайұлының шығармаларынан алынған үзінділерден тұратын екі мәтін кездеседі. Ұсынылған мәтіндер мазмұнында қамтылған аксиолексика:

«114-жаттығуда: Әулие қарт. Қорқыт, нар атан, аруана, қобыз, жан, күй, сөз, саз: 202-жаттығуда: ғалым, Қорқыт ата, түркі қауымы, өнер, қазақ музыкасы, ән-күй, түркі халықтары, данышпан, Сырдария, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, қылқобыз, ата аруағы, дұға».

Оқулықта әл-Фараби туралы деректер 29, 173, 244, 303-жаттығуларда берілген үзінділер мен «әл-Фараби туралы аңыз» және «Күй құдыреті» атты тақырыптармен берілген шағын мәтіндерде кездеседі. Жаттығулар мәтінінде әл-Фараби тұлғасы «тіл, ана тілі, шайыр, ғалым, ғылым, ұстаз, білім, қыпшақ, домбыра, қобыз, күй, ертегі-әңгіме, жыр-дастан, өлең-саз» аксиолексикасы арқылы ашылған.

Түркітанымдық мәнмәтін аясында қамтылған құндылық бағдарлы лексикаға келетін болсақ, оқулық мәтіндерінде «түрік» сөзі 10 рет, «түркі» сөзі 12 рет кездесетінін анықтады. Олардың ішінде 2 мәтін «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады» (П.М. Мелиоранский, 16-жаттығу) және «Қазақтардың тілі – исламның бүлдірушілік әсеріне ұшырамай түпкі таза түрін-түркілік сипатын сақтап қалған тіл» (В. Радлов, 327-жаттығу) деген сөйлемдер арқылы оқушыларға тіліміздің түркілік тегінен хабар беретін өте құнды мәліметтерді қамтиды.

Оқулықта жазушы, этнограф-ғалым А. Сейдімбек шығармаларынан жалпы саны 6 жаттығу мәтіні қамтылған. Солардың ішінде «Көне түркінің тасқашау ескерткіштерінің тұғыры тасбақа болатыны сондықтан» (144-жаттығу) және «Тәңірлік наным-сенімдегі әрісі түркілер, берісі көшпелі қазақ үшін күн, көк, от, су сияқты жер де киелі.... Тұмар сөзінің өзі байырғы түркі тілінде «тума иер» – «туған жер» деген сөздердің кірігуінен шыққан» (389-жаттығулар) деген сөйлемдер кездеседі. Оқушыларға этнографиялық деректерді түсіндіру үшін «көне түркі», «әрісі түркілер», «байырғы түркі»деген тіркестерді қолданып, қазақ тілінің тарихи түп-тамыры жайлы мәнді мағлұматтар береді.

А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің емлесі жайлы пікірлерінен үзінді түрінде берілген жаттығулар мәтіндерінде «түрік» сөзі қолданылады. «Тілдің ауанына қарамай, харіптің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айырылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз. 20-шы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай, асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» (А. Байтұрсынов, 413-жаттығу). «Түріктің қай баласында азбаған тұнық тіл, түзу емле болса, соны алуымыз керек» (А. Байтұрсынов, 414-жаттығу). Берілген үзінділер арқылы оқушылар қазақ тілін құндылық ретінде танып, ортақ түркі тілдерінің ішіндегі орнын ажыратып, дұрыс емлені қолданудың маңызын сезінеді (Қосмыша Г).

Талдау нысанына алынған оқулықта түркітанымдық сипаттағы деректермен қоса ұлттық құндылықтар да молынан қамтылған. Мысалы, «Құран Кәрім», «Абай әзілдері», «Негеш», «Ол кім? Бұл не?», «Домалақ ана», «Жыл он екі ай», «Шешендік сөздер», «Шешендік шиырлары», «Ел аузынан» кітаптары мен «Ақ желкен», «Денсаулық», «Қазақстан әйелдері», «Парасат» журналдарынан алынып, авторлары көрсетілмеген 34 мәтін берілген. Сонымен қатар ақын-жазушылар мен ғалымдардың еңбектерінен, атақты адамдардың сөздерінен алынған үзінді түрінді берілген 104-жаттығу мәтінінде құндылық мәнді лексика молынан қамтылған. 1-қосымшада авторлар тізімі мен қамтылған мәтіндер саны берілді (Қосымша Ә). (Қосымша Б) 5-сынып оқулығы

мәтіндеріндегі құндылық мәнді лексика қамтылған жаттығулар нөмірлері, авторларымен бірге көрсетілді.

Оқулықтағы жаттығулар мәтіндерінде «тіл», «сөз», «халық», «мәдениет», «өнер», «білім», «ғылым», «тарих», «отан», «туған жер», «табиғат», «ар-намыс», «ұлттық салт-дәстүрлер», «достық», «туыстық қатынастар» аксиологиялық концептілері молынан кездеседі (Қосымша Б).

Талдау барысында 138 мәтіннің 37-сінде, яғни, 26,8% немесе төрттен бірінен артығында *«тіл», «сөз»* аксиологиялық концептілері қамтылғанын байқадық. Сонымен қатар осы мәтіндерде молынан берілген «жазу, әдебиет, мақал-мәтел, қисса, әңгіме, аңыз, ертегі, шешен, жыршы, ақын, жазушы, сөз түзулігі, сөз сазы, сөз күші, ақылды сөз» сынды сөздер мен сөз тіркестері *«тіл байлығы», «сөз өнері»* құндылығын жас жеткіншектердің санасына сіңіруге қызмет ететіні сөзсіз.

Мәтіндеріне талдау жасалған оқулық, жоғарыда атап өткеніміздей, 2016 жылы енгізілген жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылған оқулықтарға дейінгі аралықта қолданыста болған.

«Жаңартылған бағдарлама» деген атпен танымал болған қазіргі қолданыстағы қазақ тілі оқулықтарында керісінше, ұлттық құндылықтар тақырыптары азайып, табиғат экологиясы, адам денсаулығы, ғылым жетістіктері, ғарыш әлемі т.б. жалпыадамзаттық құндылықтарға басымдық берілген. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде) оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша ретінде берілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарындағы лексика-грамматикалық бөлімдер тақырыптарын ұсынамыз: «1. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика. 2. Киіну. Сән. Талғам. Фонетика. 3. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика. 4. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі. Лексика. 5. Бос уақыт және хобби. Морфология. 6. Қиял әлемі. Морфология. 7. Көлік және жол белгілері. Морфология. 8. Адамның сырт келбеті мен мінезі. Морфология. 9. Аспан әлемінің құпиялары. Синтаксис. 10. Саяхат және демалыс. Синтаксис» [113].

Жұмысымыздың 2.2. тарауында 6-сынып оқулығының 2. Ұлттық және отбасылық» тарауында қамтылған аксиологиялық концептілерге талдау жасаған болатынбыз. Осы оқулықтың да лексика-грамматикалық бөлімдер тақырыптарының толық тізімін ұсынайық: «1. Қазақстандағы көрікті жерлер. Лексикография. 2. Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика. 3. Әлемнің жеті кереметі. Лексикография. 4. Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Лексика. 5. Тарихи тұлғалар. Лексика. 6. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология. 7. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Морфология. 8. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология. 9. Әлемдегі ірі кітапханалар. Морфология. 10. Ғылым мен технология жетістіктері. Пунктуация» [102, б. 204-206].

Берілген тізімдерден көріп отырғанымыздай, қазақ тілі оқулығы өзінің

жылдар бойы қолданылып келген дәстүрінен айырылып, тілден басқа тақырыптың бәрін қамтитын әмбебап бір құралға айналдырылып кеткен. Бұл жөнінде тілші, әдіскер ғалымдар өте көп айтуда. Ғалым Ж. Дәулетбекова жаңартылған бағдарлама әр сыныпқа сатылап енгізіле бастаған бастапқы кезінің өзінде оның барлық кемшіліктерін айқын көрсетіп: «Егер «Қазақ тілі» оқулықтарының сыртқы мұқабасын алып тастап, оның тек мазмұнын ғана көрсеңіз, оның қай пәннің оқулығы екенін ажырата алмасыңыз анық. Себебі бастауын XX ғасырдың алғашқы ширегінен алатын, негізін А. Байтұрсынұлы қалаған тілдік жүйе жоқ, Пәннің жаңартылған оқу бағдарламасы екінші (шетел) тілді үйретудің заңымен түзілген», – деп жазды [112, б. 3-180].

Осы тұста: «Қазақ тілін өнімді етеміз десек, онда ең алдымен оқулық мәселесін мықтап қолға алуымыз керек. Мейлі ол қарапайым оқулық болсын, мейлі ол электронды, смарт оқулық болсын ең алдымен қазақ тілінің жан- жақты қырларын ашуға бағытталуы керек. Оқулықтың сапасы дұрсы болу үшін бірнеше мәрте сараптамадан өтіп барып, баспадан шығуы керек. Ол үшін білім беру бағдарламасы жиі өзгере бермей, тұрақталуы керек», – деп жазған ғалымдардың пікіріне қосыламыз [114].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылғы 16-наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз ең басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізді сақтап, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, елімізді жаңғырту жолында ұйысуға тиіспіз. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз», – деп атап көрсетті [115].

Олай болса, ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ санасына сіңіру – басты міндетіміз десек, ең алдымен оқу бағдарламасын жөндеп, оқулықтарда берілетін білім мазмұнын ретке келтіруіміз қажет.

Ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесінде академик Ә. Нысанбаев: «Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түсер жаһандық тұтастану, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Ендігі жерде, өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту мен аман алып қалу жолында жанталасуы қажет», - деп атап көрсетеді [1, б. 27]. Сондықтан оқулықтарымыздың құндылық мазмұнын толық сараптап шығып, аксиолексикасын түгендеу бірінші кезекте атқарылуы тиіс маңызды іс болуы тиіс.

Құндылықтарға бағдарлану жас ұрпақтың тұлғалық дамуын болжауға негіз болады. Мәтін аксиологиялық стратегияларды жүзеге асыратын орта ретінде құндылықтарға бағдарланудың негізгі қызметін атқарады. Оқу құралдарындағы мәтіндер – ұлттық құндылықтарды сақтаушы, танытушы тілдік құралдардың бірі. «Мәтіннің аксиологиялық кеңістігі мен аксиологиялық өрісі, белгілер жүйесі, соның ішінде тілдік және мәтіндік механизмдер арқылы эксплицитті және имплицитті түрде берілген құндылықтардан тұрады» [116]. Мәтін кеңістігіндегі аксиологиялық, тарихи, әлеуметтік-мәдени фон оқушының құндылық бағдарын қалыптастыруға қызмет етеді.

Дұрыс іріктеліп алынған құндылық бағдарлы оқу мәтіндері әлеуметтік интеграция үрдістерін жетілдіруде жеткіншектің жоғарғы құндылыққа бағдарлануында және өзін-өзі дамыту әлеуеттерінде, олардың бірегейленуінде ерекше рөл атқарады. Жеткіншектердің этностық санасының дамуы және ұлттық мұралар – оқу мәтіндері арқылы құндылықтарға деген оң көзқарасты қарым-қатынастың қалыптасуы оларға тұтастай әсер етеді, өнер, мәдениет, қоғамдық өмірге деген өнегелік түсініктерін, құндылыққа бағдарлануларын қалыптастырады.

Қазіргі лингвоаксиология тіл, сөйлеу, мәтін аясындағы бағалауды да, құндылықтарды да қамтиды. Бағалау ұғымы халықтың тарихи қалыптасқан нормалары мен әдет-ғұрыптарына негізделген белгілі бір құбылыстардың тұлғалық мәні ретінде неғұрлым күрделі құндылық ұғымына айналады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, мәтінді түсініп, тану үшін жан-жақты талдап, өте көп еңбек ету қажет. Көп жағдайда шығарманың сыртқы мазмұнымен, қалыбымен ғана танысып, ішкі мағынасын, мазмұнын танымай, түсінбей жатамыз. Қазіргі жас оқырман шығармаға терең үңіліп, түсініп оқуға дағдыланбаған. Инновациялық технологиялардың әсерінен жаңа ақпаратты мультимедиалық ортада ғана қабылдауға бейімделіп, оқу дағдысын жоғалтып бара жатқан бүгінгі заман ұрпағы үшін мәтіннің құндылық мәнін түсінуді қойып, оның қарапайым мағыналық мазмұнының өзін түсініп оқу қиындық тудырады. Осындай ең қарапайым түсініп оқудың өзі болмаған жерде соңғы жылдарда көп айтылып жүрген оқылым мәтінінің мәнін түсініп, оны өз өмірін жақсарту мақсатында қолдану ұғымын беретін функционалдық сауаттылық туралы мәселені көтерудің өзі орынсыз болады. Функционалдық сауаттылық – қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларда бағдар алуға әзір болу дегенді білдіреді [117]. Яғни, мәтін – оқушының құндылық бағдарын қалыптастыруға көмектесетін бірден-бір оқу материалы. Мәтінде баяндалған, сипатталған, талданған әрекет, оқиға құбылыс, жағдайлар туралы ақпаратты сараптап, оқушы өз түйсігінде оларға баға беріп, болашақ өмірінде қолдану, қолданбау туралы шешім қабылдайды, түрлі өмірлік жағдаяттарда интуитивті түрде сол әрекеттерді қайталайды. Міне, осыдан келіп мәтіннің құндылық бағдар берушілік мәні ашылады. Демек, өмір бойында меңгерген мәтіндері - оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырады. «Жеткіншектер өздері тіпті кездеспеген жағдайлар үшін де ережелерді қалыптастыруға қызығушылық танытады. Бұл саты үшін моральды ойлау тән болады, сол ойлау тек жеке өзінің және тұлғааралық жағдайларды ғана емес әрі әлеуметтік, этностық сұрақтарды да қамтиды» [118].

Олай болса, ең бастапқы қадам – оқушы мәтін мазмұнын дұрыс түсінуі үшін не істеу керек, оқулық авторлары мен мұғалімдерге қандай талаптар қойылуы қажет? Бұл тұста келесі пікірге қосылуға болады: «Мектеп жасындағы балалар мектеп оқулығындағы мәтін мазмұнына бойламай жатады. Оған себеп, заман ағымына сай заттық әлем өзгерген сайын балалардың ұғымдық әлемі де өзгеріп отыр. Ал оқулыққа таңдалған мәтіндер сол үдеден, талаптан шыға алмай қалып жатады. Жоғары сынып оқушылары мен жоғары оқу орны студенттері

ұлттық құндылықтарды, халықтың тұрмыстық өмірін, концептілік әлемді танымай жатады. Сондықтан, көркем шығарманы оқытуда оған түсініктеме (коментарий) беріп отыру аса қажет. Әлемдік туындылар болсын, ұлттық әдебиет болсын бүгінгі күннің оқырманы үшін түсініктеме беруі керек» [119].

Профессор З. Ахметжанова мәтін талдауда түсініктеменің бірнеше түріне тоқталады: тарихи-мәдени түсініктеме; саяси-мәдени түсініктеме; салыстырмалы-мәдениеттанушылық түсініктеме; этнолингвистикалық түсініктеме; этномәдени түсініктеме; макробелгілерге түсініктеме [120].

Бүгінгі оқулықтарда оқушыларға түсініксіз болуы мүмкін деген сөздердің глоссарийі беріледі. Дегенмен, кітап оқудан қалған, тіл байлығы жұтаң оқушылар үшін глоссарийге енбеген қаншама сөздердің мағыналары түсініксіз болып қала береді. Мағынасын түсінбегеннен кейін ол сөздер баланың сөздік қорына да енбейді. Содан келіп, оқыту мақсаты орындалмаған болып шығады.

Оқыту мақсаты – негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы қабылданған 2016-жылдан бері уақытта белсенді қолданыста жүрген дидактикалық ұғым. Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының 3-тарауында «Оқыту мақсаттарының жүйесі» деген тақырыппен әр сыныпқа арналған тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормаларын сақтау дағдыларын дамытуға байланысты атқарылатын жұмыс түрлері берілген [113].

Осының ішінде мәтінді түсіну бойынша 5-сыныпқа арналған тыңдалым және айтылым мақсаттары «1. Болжау. 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау. 3. Мәтіннен ақпаратты анықтау. 4. Негізгі ойды анықтау. 5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау. 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту» деген бөліктерден; оқылым мақсаттары «1. Ақпаратты түсіну. 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату. 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау. 5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу. 6. Оқылым стратегияларын қолдану. 7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу» деген бөліктерден тұрады (4, 5-кестелер).

Кесте 4 – Тыңдалым және айтылым мақсаттары

| | |
|---|---|
| 1. Болжау | 5.1.1.1 Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 5.1.2.1 Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік- мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру |
| 3. Мәтіннен ақпаратты анықтау | 5.1.3.1 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау |
| 4. Негізгі ойды анықтау | 5.1.4.1Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау |
| 5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау | 5.1.5.1 Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде Сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру |

| | |
|---|---|
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 5.1.6.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру |

Кесте 5 – Оқылым мақсаттары

| | |
|---|---|
| 1. Ақпаратты түсіну | 5.2.1.1 Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 5.2.2.1 Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 5.2.3.1 Хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 5.2.4.1 Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру |
| 5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу | 5.2.5.1 Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты Ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру |
| 6. Оқылым стратегияларын қолдану | 5.2.6.1 Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу |
| 7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу | 5.2.7.1 Энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу |

Оқу мақсаттарының жүйесінен байқағанымыздай: «5.Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау» мақсаты бойынша 5-сынып оқушысы «5.1.5.1 Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру» құзыретіне ие болуы тиіс. Яғни, осы жерде мәтінде берілген ақпаратты бағалап, өз ойын білдіру тапсырмаларын орындату арқылы құндылық бағдарлы жұмыстар жүргізіледі деуге болады. Алайда оқылым мәтіні бойынша жұмыстар қатарында осы бағалау мақсаты қойылмағанын көреміз. Тыңдалым тапсырмасы көп жағдайда тиісті деңгейде атқарыла бермейді. Әсіресе техникалық мүмкіндіктері шектеулі білім беру ортасында көп жағдайда мұғалімдер тыңдалым мәтіндерімен жұмысты орындамауға мәжбүр болады. Ал оқылым мәтінімен жұмыс – оқушының таным көкжиегін кеңейтетін, жан қуатының белсенді әрекетін талап ететін жеке жұмыс түрі. Жасөспірім бала бір сәт кітаппен оңаша қалып, сырласып, мәтін мазмұнын жан-жүрегімен сезінген кезде ғана ондағы айтылған ойды саралап, баға беріп, санасына сіңіре алады. Ал біз талдау жүргізіп отырған жаңартылған бағдарламада берілген «2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану», «3. Жанрлық ерекшелігін ажырату» деген мақсаттар тек білу деңгейінде ғана атқарылатын жұмыстар болса, «6. Оқылым стратегияларын қолдану», «7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу» деген мақсаттар жұмысты ұйымдастыру формаларын ғана қамтыған. Ендігі қалған «1. Ақпаратты түсіну» мақсаты әдетте мектептерде мәтін мазмұнын айту жұмыстарымен шектеледі. Оның құндылық

мәнін түсіну бағытындағы жұмыстарды жүргізіп, жан-жақты, терең жұмыстар атқаратын мұғалім некен-саяқ кездеседі. Оған көп жағдайда сыныптағы оқушылар санының көптігі мен бөлінетін уақыттың аздығы факторлары да кері әсерін тигізеді. «4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау» және «5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу» тапсырмалары да осы себептерге байланысты үстірт қана орындалып жатады.

Осындай олқылықтарды болдырмаудың бір амалы ретінде оқулықтарға оқушыны еріксіз еліктіріп, өзіне тартып әкететін әр алуын, қызықты, құндылық мәні жоғары, ерекше мәтіндер енгізу қажет деп санаймыз. Оқулықтағы мәтіндердің барлығы тұтас болып келіп, оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға қызмететуі тиіс. Осы мәселеге қатысты түркі әлемінің ортақ құндылықтарын танытатын қандай мәтіндерді оқулыққа енгізуге болатынын анықтау мақсатында зерттеушілер пікірлеріне талдау жасадық.

Түркия мен Румынияда түрік тілін құндылық бағдарлы оқыту мәселесін зерттеген ғалымдар құндылыққа тәрбиелеу мақсаттары түрік курсының бағдарламаларына енгізілгенімен, оқулықта берілген оқу мәтіндерінің құндылықты беру әлеуеті жеткіліксіз екендігін анықтағандығын атап көрсетеді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды беруде екі елдің оқулығында да сүйіспеншілік пен еңбексүйгіштік, шешім қабылдай алу секілді құндылықтар жеткілікті деңгейде берілгенімен өзін-өзі бақылау мен адал болу, денсаулықты сақтау сынды құндылықтар екі елдің оқулықтарында берілмей назардан тыс қалғаны анықталған. Сонымен қатар оқулықтарда ескерусіз қалғаны анықталған ұлттық мерекелерді білу құндылығына көбірек мән беріліп күшейтілуі керек және мұндай мәтіндердің оқулықта берілуі сабақ жоспарындағы күнтізбеге сәйкес келуі керек деп ұсыныс берілген. Сонымен қатар құндылықтарды насихаттау мақсатында оқулыққа кіріктіру барысында қазіргі өмір салты мен қоғамда кездесетін проблемаларды ескеріп, назардан тыс ұмытуға болмайтын құндылықтарға көбірек назар аударған жөн деп ұсыныс берілген [121].

Лингвомәдениеттанушы ғалым С.Г. Тер-Минасованың: «Тіл-мәдениет қазынасы, қоймасы, жинақтаушысы. Ол мәдени құндылықтарды – лексикада, грамматикада, идиомаларда, мақал-мәтелдерде, фольклорда, көркем және ғылыми әдебиеттерде, жазбаша және ауызша сөйлеу түрлерінде сақтайды», - деген пікірін маңызды деп танимыз [29, с. 14]. Р. Бақбергенованың пікірі де осы оймен сабақтасып келеді: «Түркі тілдеріндегі *мақал-мәтелдер* түркі халықтарына ортақ мәдени құндылықтарға негізделіп, олардың сабақтастығы мен ерекшеліктерінің тілдік бейнесін анықтайды» [122].

Олай болса, қазақ тіліндегі небір құндылық мәні жоғары мақал- мәтелдерді А. Нұрмахановтың еңбегінде берілгендей бірнеше түркі тілдеріндегі нұсқаларымен қатар ұсынған жағдайда, оқушының оқу- танымдық уәждемесі мен туыстас түркі тілдерін зерттеуге, үйренуге деген қызығушылығы артары сөзсіз. Мысалы:

Қазақта: Жеті өлшеп, бір кес. Өзбекте: Етти улчаб бир кес. Түркменде: Еди һлчүп, бир кес. Қырғызда: Отуз өлчүп бир кес.

Түркте: Докуз өлч, бир бич.

Татарда: Жиде кат өлчү, бер кат кис. Ұйғырда: Йәттә өлчүп, бир кәс.

Әзербайжанда: Йүз өлч, бир бич.

Қазақта: Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады. Түрікменде: Ягшы сөз йыланы хинден чыкарыр.

Қырғызда: Жылуу-жылуу сүйлөсө, жылан ининден чыгат. Түрікте: Татлы дил йыланы делігінден чыкарыр.

Татарда: Татлы тел еланны да өненнән чыгарыр.

Қазақта: Ақыл бастан, асыл тастан. Өзбек: Ақл ешда эмас, бошда.

Түркменде: Акыл яшда болмаз, башда болар. Қырғызда: Акыл – баштан, асыл – таштан.

Түрікте: Акыл йашта дейил, баштадыр. Татарда: Акыл яшьта түгел башта.

Әзербайжанда: Ақыл йашда дейил, башдадыр [123].

П. Гирмен мақал-мәтелдерді құндылық тәрбиесінде қолданудың әдіс-тәсілдерін төмендегідей көрсетеді: «Түрік тілі сабақтарында құндылықты оқытуда мақал-мәтелдерді пайдалану барысында оқушылардың деңгейіне сай, құрамында мақал-мәтелдер бар мәтін үлгілері пайдаланылуы тиіс. Мәтінге сүйене отырып, мақал-мәтелдердің мағынасын оқушыларға болжау керек және олардан мақал-мәтелдерді өз өмірлерімен байланыстыруды сұрау керек. Дәстүрлі әдіс-тәсілдердің орнына мақал-мәтелдер бойынша әңгіме құрастыру, мақал-мәтелдер дайындау, иақал-мәтелдер туралы дыбыссыз фильмдер ойнау сияқты іс-шаралар жүргізілуі керек. Оқушылардың мектепте және сабақтан тыс уақытта естіген мақал-мәтелдердің индексін сақтауды сұрап, көрсеткішке қосылатын мақал-мәтелдердің күнделікті қалай және қайда естілетінін айтқаннан кейін түрік тілі сабақтарында құндылық тәрбиесінде қолдануға болатын әрекеттер ретінде беруге болады» [124].

Зерттеуші З.Қ. Ахметжанова фольклорлық мәтіндер, мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер мен сөздіктер материалдары бойынша анықталған концептілердің табиғатын нақты саралау ұстанымын ұстанады. Ана тілінде сөйлейтіндердің тілдік санасындағы құндылық концептілерінің заманауи интерпретациясын анықтау мақсатында эксперименталды зерттеу жүргізе келіп, концептілердің үш деңгейі болатындығын айтады. Олар: 1. Ең төменгі, тұрмыстық деңгейі (М.: қазақтың халық музыкалық аспабы «домбыра», төрт түліктің бірі «жылқы» концептілері); Орта, абстрактілі (ментальды) деңгейдегі ұғымдар: «атамекен» (туған жер), «әйел» (ана), «ҰРПАҚ» (буын). Жоғары деңгейдегі концептілер – этнос мәдениетінің рухани құндылықтарын көрсететін базалық константалар [120, с. 3-140].

Оқушының таным-түсінігінде көне түркі әлемі моделінің реконструкциясын жасау арқылы түркі ата-бабаларымыздың дінге, уақытқа, кеңістікке, санға, әлеуметтік мәселелерге, этномәдени дәстүрлерге деген көзқарасын қалыптастыруға болады. Осыған байланысты Н.Г. Шаймердинованың: «*Көне түркі Орхон мәтіндері*, біздің ойымызша, этнобағдарлы, өйткені оларда көне түркілердің дүниетанымы мен дүниетанымын ашатын, олардың танымдық қабілетінің деңгейін, қоршаған табиғатпен бірлігін көрсететін көптеген дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар бар», -

деген пікіріне қосыламыз [125]. Жаңартылған бағдарламаға дейінгі қазақ тілі оқулықтарында көне жазба мұраларымыз, көне түркі әліпбиі туралы деректер беретін жаттығу мәтіндері кездесіп тұратын. Сол мәтіндерді іріктеп, толықтырып енгізу қолға алынуы тиіс.

«Стихиялы ұлттық сана халық бағдар етіп алған өмірлік және маңызды рухани-адамгершілік құндылықтарды түрлендіріп отыруға ұмтылады. Халықтық аксиологияны заманға сай етіп, жаңаша түсіндіру жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Осы тұста халықтық педагогиканың ең маңызды құралы фольклор болады, өйткені мақал- мәтелдер, нақыл сөздер, ертегілер, аңыздар, жұмбақтарда халықтың өмірлік тәжірибесі арқылы алынған стихиялық эмпирикалық білімі көрініс табады» [126].

Балалар үйінде тәрбиеленушілердің құндылықтарға бағдарлануын эксперименттік тұрғыдан зерттеген ғалымдар оқу-тәрбие процесінде фольклорды қолданудың ерекше рөлін атап көрсетеді [127]. Фольклор, ұлттық салт-дәстүрлер сияқты ұлттық мәдениет көрсеткіштері сол халықтың жады, ойлау көрсеткіші, этностың ойы, білімі, тәжірибелері, өмірлік құндылықтары болып табылады [128].

*Фольклор*дың қатарында ата-бабамыз қалыптастырған заттық және рухани мәдениеттің бір бөлігі уақыттың тезіне шыдап, келесі ұрпаққа өте бағалы және асыл мұраның бірі – *этностық жырларды айтуға болады*. Ғалым Р.Г. Ахметьянов: «Чуваштар да, сол сияқты татарлар да өзінің ұлттық эпосын иеленбегенін өкінішпен еске алады. Себебі түріктердің эпикалық поэмалары рулық-тайпалық бөлініспен байланысты болған. Ал, тайпалық одақ татарлар мен чуваштарда өзінің құнын XIY-XY ғасырларда-ақ жойған екен. Рулық-тайпалық құрылымның бұзылуымен бірге о дүниеге рулық дәстүр болып саналған ата-бабаның ерлігін жырлайтындар да кетіпті. Қыпшақ эпосы тек қана көрші татар, ноғайларда, башқұрт пен қазақтарда ғана сақталыпты. Сібір татарларында «Едіге» жыры сақталса, жалпы түркілік эпос «Алпамыс» татар мен шуваштар қысқа ғана қарасөз түрінде ғана сақталған екен», – деп, осы құнды мұраны сақтап қалудың өзектілігін сөз етеді [129]. Осы тұста ұлттық мұраны сақтап қалу дегеніміз – оны том-том жинақтарға енгізіп қою ғана емес екенін ескеруіміз керек. Түркі халықтарының фольклорын жинақтап ұсынған ғалымдар оның болашақ ұрпаққа тигізер құндылық үлесін жоғары бағалайды [130]. Демек, «Бабалар сөзі», «Бес ғасыр жырлайды», «Он ғасыр жырлайды» т.б. фольклорлық мұраларымыз жинақталған еңбектерден де құнды мәтіндер іріктеліп алынып, оқулықтарымызға молынан енгізілуі тиіс. Оқушылар осы мәтіндермен танысып, оның тіліне талдау жасап, құндылық бағдарын бойына сіңірген кезде ғана рухани бай, ел, жер қамын ойлайтын патриот тұлға болып қалыптасады.

Түркі ғұламалары ілімдеріндегі өмірдің мәні туралы түсініктер өз бастауын дәстүрлі түркі мәдениеті мен дүниетанымынан алады. Сондықтан жоғарыда талданған оқулық мәтіндерінде қамтылған Қорқыт ата, М.Қашқари, әл-Фараби туралы мәтіндерге қосымша Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Йассауи, Сейф Сараи, әл Хорезми, Құтып, Мұхаммед Хайдар Дулати т.б. түркі дүниесіндегі өзіндік орны бар, өмірдің мәні жайлы теңдессіз еңбектерін

қалдырған ғұламалардың да шығармаларынан үзінділер қамтылуы тиіс.

Түркі философиясына исламдық ренессанс үлкен әсерін тигізгені сөзсіз. Ескі түркі дәстүрлі мәдениетінің базалық негіздері ислам құндылықтарымен сәйкес келгендіктен, халық жатсынбай, бірден қабылдап, іліп алып кетті. Біз талдаған оқулықта Құран-Кәрім кітабынан алынған үзінділердің берілуі авторлардың осы ұстанымға сүйенгенін көрсетеді. Олай болса, осы бағыттағы мәтіндер қатарына өмірлері барша адамзатқа үлгі болған пайғамбарлар мен сахабалардың игі істерін насихаттайтын қисса жырлардан да үзінді немесе толық мәтінде қамтылуы тиіс деп санаймыз. Академик Радлов «Бір қиссаның құдіреті жүз молданың уағызынан артық» деп бағалаған екен. «Әлдиден эпосқа дейін», «Дәстүр айтады», «Сияр Шәріп», «Яссауи феномені», «Мың сұрақ», «Кабуснаме», «Піл туралы дастан» т.б. көптеген кітаптар шығарып, қисса жанрын дәріптеу арқылы ұлттық құндылықтарды жаңғыртуды қолға алып келе жатқан «Отбасы хрестоматиясы» қорының авторлары халқымыздың ертегі-аңыздарын мен қисса-дастандары арқылы берілген ізгілік нұрын жасөспірімдердің жүректеріне жеткізу арқылы нағыз өмірдің мәнін түсінетін саналы азаматтарды тәрбиелеп шығуға болады деген идеяны ұстанады [131]. Осы сынды еңбектерден де құндылық бағдарлы мәтіндер көптеп алынып, оқулықтарға енгізілсе, оқушы танымын тереңдетіп, ұлттық санасын оятуға үлкен септігін тигізері анық.

Міне, қазақ тілі оқулықтарында берілетін мәтіндер қатарында осындай мазмұндағы құнды материалдар қамтылған кезде түркі даласының тарихи бейнесі бірте-бірте өзіндік сипатқа ие болып, жаңа құндылықтар жүйесі әрбір оқушының дүниетанымының қалыптасуына терең әсер ете бастайды.

«Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді» дегендей, «ер намысы» ұғымы түркілік менталитетінің өзегі ретінде қалыптасып, әрбір оқушы өзі үшін құнды ата-бабалардан келе жатқан рухани дүниесін сақтауға, дамытуға тырысады. Себебі, ол құндылықтарсыз жеке адам мен ұлтының арасында мәдени сабақтастық орнамайды.

Қазақ тілі оқулықтарына енгізілетін түркітанымдық бағыттағы мәтіндер мазмұны (5-сурет) жан-жақты аспектіні қамтуы тиіс. Ең алдымен ол жоғарыда аттары аталған Әл-Фараби, Қорқыт ата, Махмұт Қашқари сынды тұлғалармен қатар, жұмысымыздың 1.3 «Түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесі» тараушасында талдау жасап өткен Қожа

Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұни, т.б. туыстас түркі халықтарына ортақ данышпандарымыз жайлы немесе солардың шығармаларынан алынған үзінділер түрінде берілген мәтіндер болуы тиіс.




Сурет 5 – Қазақ тілі оқулықтарына енгізілетін түркітанымдық бағыттағы мәтіндер мазмұны

Сондай-ақ түркі халықтарына ортақ ертегі, аңыз, жырлар кейіпкерлері де құндылық тасушы образдар ретінде оқушыларға тек жақсы жағынан әсер ететіні сөзсіз. Мысалы, «Қожанасыр, Нассреддин Әпенді, Нәсірдін Әпенді, Насыр Хожа, Насируддин Хожа, Қожа Насыр, Насреддин Хужа, Әпенді, Хожанасриддин, Насриддин Апанди» т.б. түрлі аттармен аталатын, түркі халықтарының мәдени мұрасы ретінде Юнеско тізіміне енген Қожанасыр образын халық қамын жақтайтын, зұлымдар мен сараңдарды, арсыздар мен екіжүзділерді мазақ ететін ақыл мен парасат иесі ретінде көрсететін тәрбиелік мәні терең мәтіндерді іріктеп алуға болады.

Сонымен қатар туыстас түркі халықтарының тілі, тарихы, дүниетанымы, тұрмысы, салт-дәстүрлері жайлы мәтіндер іріктеліп, өңделіп, оқулықтарымызға енгізілсе, ол қазақ халқының ұлттық құндылықтарын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан тереңірек танытуға өзіндік үлесін қосары анық болар еді. Туыстас түркі халықтарының жазуы, мәдениеті, өнері, ғылыми-технологиялық жетістіктері жайлы мәтіндер қатарында көне түркі жазуы мен жазба мұралары туралы мәтіндерден бастап, ортақ тарихи-мәдени мұралармен қатар бүгінгі ғылым мен технология жетістіктерінен хабар беретін мәтіндер де молынан қамтылса, оқушылардың ұлттық құндылықтарды бүгінгі өркениет пен саяси-экономикалық даму тұрғысынан ой елегінен өткізіп, бағалауларына, соған сай әрекет жасауға ұмтылуларына зор үлес қосар еді.

# 3 ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕҢГЕРТУ ӘДІСТЕМЕСІ

## 3.1 Тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдері және құндылық бағдарды анықтау

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы студентінің болашақ мамандығына деген көзқарасы оның мұғалімдік кәсіпке деген жалпы қарым-қатынасына тікелей байланысты. Қазақстан қоғамында педагог мамандығына қатысты қалыптасқан құндылықтар жүйесі оның таңдауына бағыт береді. Университет қабырғасында білім алу кезеңінде бұл құндылықтар жүйесі белгілі бір факторлардың әсерінен біршама өзгеруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 5-тарауының 26-бабында: «білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі», - деліне келіп, 11-бабында білім беру жүйесінің міндеттерінің бастысы ретінде «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп белгіленген [132]. Сондықтан білім беру бағдарламасы мазмұнын әлеуметтік сұраныстар мен заманауи талаптарға, қоғамда қалыптасқан құндылықтар жүйесіне сай үздіксіз жетілдіріп, толықтырып, дамытып отыру қажет.

Бүгінгі күнде білім беру мазмұнының ұлттық сипатын айқындап алу бүгінгі күнде аса маңызды. Бұған қатысты философ-ғалым А. Қасабек ұлттық руханияттың құндылық болмысы жайлы еңбегінде: «Әлемдегі халықтардың, ұлттардың, нәсілдердің бәріне тән жалпыадамдық құндылықтармен қатар, әр халықтың өзіне тән тарихи қалыптасқан рухани, мәдени байлықтарын, адамгершілік қасиеттерін, яғни өзіндік құндылықтарын жандандыру, солардың негізінде жаңа белеске көтерілу бүгінгі күннің талабына айналуда», деп жазады [133]. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», - деп, ғұлама Әл-Фараби айтқандай [134], қазақ халқы тәрбие ісіне ерекше көңіл бөліп, жастарды жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа, ұстамдылыққа, мейірімділікке, ізеттілікке, сүйіспеншілікке баулуды жоғары қойған. Жоғары оқу орындары білім беру ісін ұлттық тәрбиемен қатар ұштастырған кезде, әрбір болашақ маманның ұлттық санасы оянып, еліне адал қызмет етудің маңызын сезініп, соған сай әрекетін түзей бастайды. Тәрбие беру ісі белгілі бір жоспарлар аясында атқарылатын кең ауқымды шаралар арқылы ғана емес, әрбір пәннің ішкі мазмұнына енгізіліп, жүзеге асырылуы тиіс. Тәрбие категориясын Н. Құрманова «тану тәрбие және рухани тәрбие» деген екі топқа бөліп қарастыра келіп: «...тану тәрбиенің де, рухани тәрбиенің де түпкі мақсаты – адамшылықты тәрбиелеу. Оның айқын жолы – баланың, жасөспірімнің дүниенің сырын тануға деген құлшынысын ашу, қалыптастыру, дамытып отыру», - деп атап көрсетеді. Ары қарай тәрбие берудің өзін бес деңгейге бөліп қарастырады: «І деңгей – Әлемдік көзқарас, әлемдік құндылық бағыты тәрбиесі. ІІ деңгей – Жер шарындағы рухани

және материалдық құндылықтарды меңгерту тәрбиесі. III деңгей – ұлттық шеңбердегі руханият пен материалдық құндылық тәрбиесі. IV деңгей – отбасылық рухани дәстүр мен материалдық мирас тәрбиесі. V деңгей – әрбір жеке адамның өзінің дербес рухани әлемі мен материалдық құндылыққа деген көзқарасын қалыптастыру» [135].

Осы көрсетілген деңгейлерден тұлғаның ішкі құндылықтар жүйесінің қалыптасуына дейін күрделі кезеңдерді басынан өткізетінін көреміз.

«Құндылықтарға бейімделу, мойындау, әрбір азаматтың көңілінен орын алатын мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі, жеке тұлғаның өмірлік мәні, бетбейнесі болып табылады. Осы орайда маңызды аспект, халқымыздың ұлттық дүниетанымының мол мұрасын толық зерттемей және оны күнделікті оқу-тәрбие процесіне пайдаланбай, жан-жақты жетілген ұлтжанды жастарды тәрбиелеу мүмкін емес» [136].

Болашақ маманға құндылық бағдар көрсету, құндылық қатынастарын реттеуге көмектесу, ішкі құндылықтар жүйесінің қалыптасуына ықпал етуде жоғары оқу орындарының маңызы зор. Құндылық бағдар жеке тұлғаның қандай да бір іс-әрекет саласындағы қайталайтын қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, бағалауына негізделетін дұрыс ойлаудың жиынтығын көрсетеді. Сыртқы бағдардан, мәлімдемелерден, заңдардан, дәстүрлерден, мақсаттардан өзге, құндылық бағдар адамның әртүрлі талаптары мен нормативтерді қабылдауы мен игеруі кезіндегі ішкі сезімдерін білдіреді. Онда адам әлеуметтік талаптарға деген өзінің субьективті-тәжірибелік көзқарасын нығайтады және солардың негізінде мінез-құлықтың мақсаттылығы жағынан жеке қажеттіліктерді қанағаттандырудың амал- әрекеті қалыптасады.

«Оқытудағы құзыреттілік тұрғысынан болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының тиімділігі оның білімге құндылық қатынасының қалыптасу дәрежесімен анықталады. Құндылық қатынас адамның білім мазмұнына саналы, жеке оң көзқарасын білдіреді, алатын білімнің жалпы кәсіптік дайындығы үшін маңыздылығын бағалау мен оған деген терең танымдық қызығушылығынан көрінеді» [137]. В.Н. Мясищевтің пікірінше, құндылық қатынас адамның іс-әрекетінде, оның реакциялары мен тәжірибесінде көрінетін және әрекеті негізінде қалыптасатын шындықтың әртүрлі аспектілерімен және обьектілерімен жеке тұлғаның саналы, таңдаулы, тәжірибеге негізделген психологиялық байланыстарының тұтас жүйесі ретінде әрекет етеді. Адамның қатынасы оның обьектімен қарым- қатынасын реттейді, оған ұмтылу немесе одан алыстау арқылы көрінеді. Олар әрекеттің тиімділігін төмендетеді немесе арттырады» [138]. Құндылық қатынас обьективті мен субьективтінің бірлігінен туындайды. Демек, оның қалыптасу үдерісін басқаруға болады. Яғни педагогикалық үдерісті дұрыс ұйымдастыру арқылы құндылық қатынасты қалыптастыруға болады. Сыртқы әсерлерді «оқыту, үйрету) тудыру және оларды реттеу арқылы белгілі бір дәрежеде оқушылардың субьективті тәжірибесін бақылауға болады. Ара қатынас тиісті белсенділікпен жүзеге асқан кезде ғана адамның белгілі бір дүниеге шын мәнінде қандай қарым-қатынасы бар екені белгілі болады. Бұл студенттің құндылық қатынасы меңгерілетін филологиялық білімнің құндылық

аспектілеріне деген таңдаулы ұстанымы екендігін көрсетеді. Құндылық қатынастың жетекші сипаттамасы ретінде жүзеге асырылатын іріктеушілік қасиет саналылықпен, эмоционалдылықпен, әсерлі-ерікті белсенділікпен ерекшеленеді. М.А. Кейв болашақ маманның өз пәніне құндылық қатынасының құрылымын өзара байланысты және өзара тәуелді семантикалық, когнитивтік, эмоционалды-бағалаушы, әрекеттік- еріктілік құрамдас бөліктердің жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынады (6-сурет) [139].




Сурет 6 – Болашақ маманның өз пәніне құндылық қатынасының құрылымы

Осы берілген жүйе бойынша талдайтын болсақ, *семантикалық құрамдастың* мазмұнына: филологиялық білімнің обьективті және өзіндік дүниемен қарым-қатынасындағы орны мен рөлін сезіну, соның негізінде филологиялық білімнің тұлғалық және жалпыадамзаттық маңызын сезіну: лингвистикалық білімге, оның ішінде түркітану бағытына деген қызығушылық; әр түрлі практикалық және кәсіби тапсырмаларды орындау үшін тілдік білімді пайдаланудың өзіндік танымдық, зияткерлік және басқа мүмкіндіктерін қолдану; тілдік білімді меңгеру мақсатын түсіну және қабылдау кіреді. Құндылық қатынастың *когнитивтік құрамдас бөлігінің* мазмұны лингвистикалық білімді ғылымның әртүрлі салаларында қолданудың жолдары мен әдістері туралы идеялардан тұрады. *Эмоционалды-бағалау бөлігі* оқу-танымдық іс-әрекетке, оқытылатын пәнге, алынған тілдік, түркітанымдық білімге ерекше, эмоционалды қатынас пен осы білімді өз болашағы мен кәсіби іс-әрекетіне әсері тұрғысынан бағалауды қамтиды. Бұл құрамдас бөлік студенттің болашақ мамандығы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін алып жатқан білімінің маңыздылығы тұрғысынан эмоция мен бағалаудың бірлігін білдіреді. Бұған білім алушының өздік жұмысын ерекше ұйымдастыру нәтижесінде сәтті қол жеткізуге болады. Құндылық қатынастың *әрекеттік-еріктілік құрамдас бөлігі* қатынас субьектісін қоршаған

обьективті шындықпен және ортамен байланыстырып, оның еркіті күш-жігерін белсендіруді көздейді. Яғни студент бойында қалыптаса бастаған құндылық қатынастың белсенді әрекет түрінде көрініс табуы деп айтуға болады. Бұл әрекет білім алу үдерісіндегі іскерлік пен дағдыларды меңгеруде кездесетін қиындықтарды табыспен еңсеру кезеңдері арқылы шындала түскен сайын, студенттің пәніне деген құндылық қатынасы да беки түседі.

Студент алып жатқан кәсіби білімінің *мәнін тауып,* түсініп, жүрегімен сезініп, өз ақыл-санасы тұрғысынан бағалап, өз өмірлік құндылығы ретінде таңдап алып, иемденіп, өмірлік ұстаным ретінде қолдануына қол жеткізген кезде ғана олар құндылыққа айналады. Тұлғаны құндылықтар әлемінде бағдарлауда *«іздеу – бағалау – таңдау – мақсат құру»* кезеңдерінен тұратын А.В. Кирьякова да өз әмбебап механизмін ұсынады [140]. Құндылық бағдарды қалыптастырудың бұл әдістемесі *құндылық бағдардың қалыптасуы* жеке тұлғаның ақпаратты (білімді) алу, түсіну – бағалау (сезіну) – таңдау (иемдену) және қанағаттандырылған қажеттілікті өтеу негізінде жаңа мақсаттарды құру үдерістерін қамтиды және құндылықтар әлемінде тұлғаны бағдарлауға қызмет етеді (7-сурет). Автордың негізгі идеясы бойынша құндылықтар тұлғаға білім беру үдерісінде «дайын күйінде» берілмейді, тұлғаның ішкі қажеттіліктерінің диалектикалық түрде дамып отыруының нәтижесінде құндылықтарға біртіндеп өзі қол жеткізеді.




Сурет 7 – Құндылыққа бағдарлану механизмі (В.А. Кирьякова бойынша)

Ғалымдардың құндылық қатынастардың құрылымы мен құндылық бағдар қалыптастыру бойынша ұсынған пікірлерін қатар қарастырған кезде, келесі 6-кесте туындайды.

Кесте 6 – Құндылық қатынастар мен құндылық бағдардың қалыптасу кезеңдері

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| М.А. Кейв | Семантикалық | Когнитивтік | Эмоционалды-бағалаушы | Әрекеттік-еріктілік |
| В.А. Кирьякова | Іздеу | Бағалау | Таңдау | Мақсат құру |

Осы екі пікірге сүйене отырып, болашақ қазақ тілі мұғалімінің өз пәніне құндылық қатынасының келесі қалыптасу кезеңдерін анықтаймыз:

1. Құндылықтарды үздіксіз іздеу, оған ұмтылу, тану, білу, түсіну кезеңі.

2. Таныған, білгенін көңіл түйсігімен саралап, талдап, жүрегіне жақынын анықтап, бағалап, таңдау кезеңі.

3. Бағалап, таңдаған дүниенің өз өмірімен байланысын анықтап, мақсаттар құру.

4. Жақсы таныған, бағалаған, басымдық берген құндылықтарына қатысты құрылған мақсаттарына сай нақты қадам, әрекеттер жасау, өмірде қолдана бастау.

5. Әрекеттерін өмірлік дағдыға, құндылықтар жүйесіне айналдыру.

Жоғарыда аталған кезеңдерді қысқаша келесі 8-сурет түрінде ұсынуға болады.




Сурет 8 – Құндылық қатынастың қалыптасу кезеңдері

Болашақ қазақ тілі мұғалімінің өз мамандығына деген құндылық қатынасын қалыптастыру жолында қоғамда қалыптасқан белгілі бір құндылықтар жүйелерінен бағдар алады. Олар: жаңа Қазақстан қоғамында қалыптасып келе жатқан құндылықтар жүйесі; педагогтардың кәсіби ортасының құндылықтар жүйесі; отбасылық құндылықтар жүйесі; өзі араласатын ортасындағы құрдастарының немесе басқа әсер етуші топтардың құндылықтар жүйесі. Яғни болашақ мұғалімнің құндылықтар жүйесі оның ата-ана, жақын әлеуметтік орта, мұғалімдер, студенттер, университет және мектеп әкімшілігі, қоғам сынды өкілдермен байланысқа түсуі арқылы әртүрлі топтардың құндылықтар жүйесін таңдау, иемдену және ассимиляциялау үдерісі арқылы қалыптасады. Құндылықтардың ассимиляциясы (лат. Ассімілатіо – ұқсату, сіңісу, сіңу, т.б.) дегенді қоғамдағы басым құндылықтардың жеке тұлғаның санасына сіңірілуі деп түсінуге болады.

Болашақ мамандық иесінің бойында өз кәсібіне, пәніне деген дұрыс құндылық қатынас қалыптастыру негіздері өз мамандығының ғылыми негіздері игерілетін білім алу ортасында, яғни маман даярлайтын жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Сондықтан студенттерге психологиялық-

педагогикалық қолдау көрсетіліп, игерілетін кәсібіне тұрақты оң бағытты ынталандыру кешенді түрде жүргізілуі қажет. Студенттердің кәсіби даярлығын ұйымдастырудың кешенді, белсенділік, дамытушы, процессуалдық, тұлғалық-бағдарлы, пәндік-субьектілік, практикалық-зерттеушілік сипаты олардың болашақ педагогикалық іс-әрекетінің гуманистік бағыттылығы мен аксиологиялық мәнін ашады.

Болашақ қазақ тілі мұғалімінің дүниетанымындағы ұлттық құндылықтар жүйесін екі жолмен анықтаймыз:

1) қазақ халқының ментальдік кеңістігіндегі ұлттық әлем бейнесіндегі құндылық ретінде танылған ұғымдарды анықтау, оны концепт ретінде негіздеу үшін тілдік материалдарды тақырыптық-лексикалық тұрғыдан жіктеу, семантикалық талдау жасау, ассоциативтік сауалнама жүргізудің көмегімен студенттердің өмірлік ұстаным ретінде қолданылатын ұлттық құндылықтарының тірек концептілердің жүйесі анықталады;

2) аксиолингвистикалық аспектідегі ұлттық санада жан-жақты жинақталып, тұжырымдалған ақпараттары мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған ұлттық құндылық түрлерін анықтау, олардың тілдегі қолданыстарына сипаттама беру, тілдік талдау жасалынады.

Анықтау тәжірибесі болашақ қазақ тілі мұғалімі мамандығын алып шығу үшін «6В01707-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 3-курс студенттерінің арасында жүргізілді. Тәжірибеге 137 студент тартылды. Тәжірибеде студенттердің өмірлік ұстанымдары мен тілдік санасындағы құндылықтық-мәндік аймағын анықтау мақсатында алдын ала дайындалған анкеталық сауалнама алынды. Сауалнаманың мақсаты болашақ-филолог мамандарымыздың білім алу үдерісінде ұлттық құндылықтардың маңыздылығын қалай бағалайтынын анықтау болды. Анықтау шарттарын дидактиканың обьективтілік, жүйелілік, деңгейлік, салыстырмалылық, тұлғаға бағдарлану, орта мен жағдайды ескеру ұстанымдарына негіздеп көзделді.

Студенттерге ұсынылған сөздер мен сөз тіркестерінің ішінен өзінің өмірлік ұстанымына ең жақын бесеуін таңдау ұсынылды. Сол арқылы болашақ мұғалімнің өмірлік ұстанымы ретінде (норма) қалыптасқан құндылық маңызы жоғары ұғымдарға сәйкес таңдауын анықтау көзделді. Сауалнамаға 105 респондент қатысты. Сауалнама мазмұны (ар-ұждан; ана тілі; оқу-білім; адамгершілік; туған ел; тәуелсіздік; қанағатшылдық; сүйіспеншілік; туған жер; өмір; қонақжайлылық; шаңырақ; ұрпақ; төзімділік; сенімділік; табыс; бедел; мансап деген сөздер мен сөз тіркестерін қамтыды (9-сурет).




Сурет 9 – Студенттердің құндылықтық көзқарастарын анықтау сауалнамасының қорытындысы

Сауалнама қорытындысында студенттердің өмірлік ұстанымдары мен құндылықтық көзқарасы бойынша «ана тілі (9%), оқу-білім (9%), намыс, ар-ождан (9%), адамгершілік (8%), туған ел (7%), тәуелсіздік (7%) құндылықтық ұғымдарын жоғары бағалағандарын көреміз. Келесі кезекте орын алған «табыс» ұғымы жастардың санасында материалдық құндылықтың басымдығын көрсетеді. Және оның «өмір», «ұрпақ», «туған жер» деген жалпыадамзаттық құндылықтар мен «шаңырақ», «қонақжайлылық» сынды ұлттық мәнді ұғымдарының алдында келуінің өзі сананы тұрмыс билейтіндігін, әлеуметтік жағдай түзелмейінше, адамның рухани дүниені ойлауға мұршасы да болмайтындығын көрсетеді. Осы тұста «сенімділік» (6%) ұғымының да «табыспен» (6%) қатарлас деңгейді көрсетуі жастықтың жігерін, болашаққа деген үмітін көрсеткендей болады. Алайда табысқа жету үшін түрлі кедергілерге қарсы төзімділік керек екені белгілі, сондықтан «төзімділік» (1%) ұғымының соңғы орында келуі бұл мәселенің түйткілді тұстарын көрсетеді. Сонымен қатар «сүйіспеншілік» (3%), «қанағат» (3%) ұғымдарына қатысты таңдаудың да төмен деңгейде болуы бұл мәселеге қатысты проблемалардың бар екендігін, оларды анықтап, алдын алу бағытында әрекеттер жасау қажеттігін көрсетті. Алынған сауалнама нәтижелері болашақ қазақ тілі мұғалімінің өзіне қанағаттануы негізінде өмірлік ұстанымдарын, мақсаттарын, күйін, өзін-өзі жүзеге асыруға қанағаттану сезімдерін, тұлғалық қасиеттері мен өмірге деген көзқарастарын білдіреді.

Келесі анықтау тәжірибесі де сауалнама түрінде алынды. Ол қатысушыларының рухани-адамгершілік құндылық бағдарын айқындайтын мақал-мәтелдерді белгілеу көрсеткішіне байланысты қарастырылды. Респонденттерге ұсынылған 40 мақал-мәтелдің ішінен өмірлік ұстанымдары мен құндылықтық көзқарастарын барынша дәл көрсететін бесеуін таңдау ұсынылды. Сауалнама нәтижесі бойынша таңдалған мақал-мәтелдердің қаншалықты

дәрежеде өмірлік ұстаным мен құндылық көзқарасты айқындайтынына талдау жасалды.

Ұсынылған мақал-мәтелдер ар-ождан, оның моральдық категориясы мен жеке қасиеттер ретіндегі маңызы, ұят, еңбекқорлық және жалқаулық, патриотизм және азаматтық жауапкершілік, игі істер, рухани құндылықты дәріптеу, достық, отбасылық құндылықтар, адамгершілік қасиеттер және оқу- білім тақырыптарын қамтыды. Сауалнамаға қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша оқып жүрген 121 студент қатысты.

Сауалнама нәтижесінде «Қолы қимылдаған адамға, кедейлік жоқ» - 34,7%, «Пайда ойлама, арды ойла» – 29,8%, «Ел боламын десең бесігіңді түзе» - 28,1%, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» - 27,3%, «Кісінің кісілігі, киімінде емес, білімінде»-26,4%, «Асқар тауың – әкең қымбат, аймалайтын анаң қымбат» - 25,6%, «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» - 25,6%, «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» - 24%, «Тәнім – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» - 21,5%, «Адамгершілік абырой әпереді» - 20,7%, «Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде» - 19,8% және «Адал жүріп, адал тұр» - 19% деген мақал-мәтелдерді таңдау көрсеткіші жоғары болды (10-сурет).



Сурет 10 – Жоғары таңдауға іліккен мақал-мәтелдер

Сауалнамаға қатысушы респонденттердің басым көпшілігі ұсынылған мақал-мәтелдердің ішінен «ар-ождан, ұят, еңбекқорлық, адамгершілік, оқу- білім және отбасылық» құндылықтарын таситын бірліктерді таңдады. Алайда сауалнама нәтижесінде «Отан, кешірім, намыс, ұлтжандылық» құндылықтарын насихаттайтын мақал-мәтелдерді аз мөлшерде таңдаулары өмірлік ұстаным мен құндылыққа көзқарастарын білдіруде бұл құндылықтарды асамаңызды деп санамауларын көрсетті (11-сурет). Бүгінгі қоғамдық сананы құраушы студент

жастар – ертеңгі жас ұрпақты тәрбиелеуші болашақ мұғалімдердің айқындалған құндылық қатынастары осы мәселенің шұғыл шешуді талап ететін түйткілді тұстары көп екендігін айқындап берді.




Сурет 11 – Таңдауға аз іліккен мақал-мәтелдер

Студенттер танымындағы өмірлік ұстаным ретінде норма болып қалыптасқан құндылықтық-мәндік аймағын анықтау нәтижесінде білім беру мазмұны мен әдістерін қайта қарау, оқыту үдерісін құндылық бағдарлы ұйымдастыру қажет екендігі анықталды. Ең бастысы, тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдерінде ұлттық құндылықтарға сәйкес бағдар көрсетіп отыру керек. Сол мақсатта жүргізілген құндылық бағдарды анықтау тәжірибеміздің нәтижелері де осыны көрсетеді.

## 3.2 Оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық моделі

Оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы белгілі бір жетістіктерге, құзыреттіліктер түрінде көрініс табатын нақты нәтижелерге қол жеткізу мәселелерімен педагогиканың дидактика деп аталатын ерекше саласы айналысады. Дидактика барлық ғылымдарға ортақ теориялық негіз, тәрбие мен оқытудың негізгі қағидалары. Дидактика (грек тілінің didaktikos – үлгі болу, үйрету деген сөзінен шыққан) – оқыту мен оқудың мазмұнын, заңдылықтарын, ұстанымдары мен әдістерін зерттейтін көп қырлы сала.

Білім берудің тиімділігін зерттеу соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Бұл бағыттағы зерттеулерді жүргізудің себебі дидактикалық үдерістерде туындаған қайшылықтардың шешімін табу қажеттілігінен туындайды. Болашақ

педагог маман алдында алған білімі мен мәдени жетістіктерін игеріп, өз өмірін жақсарту мақсатында пайдалана білу, білімі мен мәдени жетістіктерін үздіксіз дамытып отыру, өз білімдері мен жетістіктерін кәсіби қызметінде тиімді пайдаланып, келер ұрпаққа жеткізу жолдарын меңгеру мақсаты тұрады. Оқу-тәрбие үдерісінде дидактикалық ілім осындай міндеттерді жүзеге асырудың жолдарын қарастырады. Дидактикалық өзгерістердің негізгі өзегі – мұғалім мен оқушы арасындағы білім ақпаратының қозғалысы. Яғни, білім иесі мен оқушы арасындағы дидактикалық үдерістің барлық аспектілері педагогикалық тұрғыдан зерттелуі керек.

Дидактиканың негізгі категорияларына білім беру, оқыту, оқу, оқытудың ұстанымдары, оқыту үдерісі және оның құрамдас бөліктері, мақсаттары, мазмұны, формалары, әдістері, оқытудың құралдары мен нәтижелері жатады. Дидактиканың дамуы тәрбие мен оқыту мәселелерін тереңдетіп зерттеуге, инновациялық педагогикалық технологияларды зерттеу мен жинақтауға және оларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге байланысты. «Дидактиканың негізгі міндеттері – оқыту процесінің заңдылығын анықтау, білім мазмұнын анықтау, оқытудың ең тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын жасап шығу» [141].

Оқу әрекеті дидактиканың жетекші категориясы, ол дидактика заңдарына бағынады. Оқу іс-әрекетін жақсы және тиімді ұйымдастыруға ғылыми негіз болатын дидактиканың негізгі ұғымдары – оқыту, оқу- танымдық қызмет, тәрбиелік іс-әрекет, оқыту мақсаттары, оқыту әдістері. Оқу-тәрбие үдерісінің дидактикалық моделі жүйелі ұйымдастырылған құрылымдық әрекетке негізделеді. Болашақ қазақ тілі мұғалімінің аксиологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің ұсынылатын дидактикалық моделі өлшемшарттары мен күтілетін нәтижелерін, қалыптастыру жолдарын, дидактикалық ұстанымдарын қамтиды.

Ұлттық білім беру жүйесінің басты мақсаты жас ұрпаққа өз ұлтының тегін, тамырын танытып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, әлемдік өркениетте өз орнын таба алатын тұлға етіп қалыптастыру болуы тиіс. Оқу- тәрбие үдерісінде оқушының құндылық қатынасы қалыптасады. Сондықтан оған ұлттық құндылық бағдар беру қажет. Өз тұлғалық ерекшеліктерін айқындайтын жеке бас құндылықтарын жоғары бағалай білетін, жеке мүддесін қоғамдық мүддемен ұштастыра алатын, ұлттық санасы жоғары тұлға тәрбиелеуде құндылық бағдар, құндылық сана, құндылық қатынас қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы ерекше. Оқушының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда өзінің жетістігі мен кемшіліктерін анықтап, оларды дамыту, түзету жолдарын айқындай білуі, жеке бас ерекшелігі мен даралық сипатын саналы түрде сезіне білуі аса маңызды. Бұл аталған мәселелер құндылық бағдардың қалыптасуы үшін аса маңызды. Адамның құндылық бағдарын айқындауы оның өзін-өзі тануы, өз өмірінің мәнін айқындауы, өмірдегі орнын табуы сынды әрекеттерімен қатар, тығыз байланысты түрде жүзеге асырылады. Өзін-өзі анықтаудың бірінші кезеңінде білімалушы оқыған, білген, көрген құндылықтарының мәніне тереңдеп бойлайды, түсінеді, жете таниды және құндылық бағдарын түзе бастайды. Өзін-өзі бағалау арқылы өз мінез-құлқы

мен әрекеттерін реттеу, түзеу, өзін-өзі сынау, өз мінез-құлқы мен әрекеттерін қоғамдағы басқа адамдардың үлгілерімен, бірге оқитын курстастарымен, араласатын достарымен салыстыру арқылы жетілдіру жолдарына ұмтылу қабілеттері пайда болады. Адамды белгілі бір ұлттың өкілі ретінде айғақтайтын бірден-бір белгі оның ұлттық болмысының қалыптасуы деп санауға болады. Ұлттық бірегейлік – адамның жеке тұлға ретіндегі субъективтілігін анықтау. Ұлттық болмыс пен ұлттық бірегейлікті ұлттық құндылық бағдар айқындайды. Ұлттық құндылықтар адамның белгілі бір ұлт өкілі ретіндегі әлеуметтік белсенділігін тудырады. Басқаша айтқанда, ұлттық тұлға этноәлеуметтену үдерісі оның ұлт өкілі ретіндегі іс-әрекеттерінен тұрады.

Сонымен қатар өзін ұлт өкілі ретінде жетілдіре отырып, ұлттық сипат пен мәдениетке ие болады.

Қоғам дамуының заманауи, серпінді өзгермелі жағдайында белгілі бір саланың кәсіби маманын қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар дербес, белсенді, шығармашылық тұрғыдан дамыған, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру мәселелері алдыңғы қатарға шығады. Осы жағдайда басымдықтардың өзгеруі орын алады, білім берудің мәдениетті қалыптастырушы рөлін күшейтуге мүмкіндік туады және студенттің жаңа идеалы – жалпы мәдени құзыреттілігі бар «мәдениет адамын» қалыптастыру өзекті болады. Болашақ маман мәдени құндылықтарды түсініп, бағалап қана қоюы жеткіліксіз, өз кәсіби қызметінде осы құндылықтарды жеткізу, меңгерту дағдысы мен қабілетін де дамытуы тиіс.

Құндылық бағдары өзі өмір сүріп отырған қоғам мен орта талаптарына сай қалыптасқан тұлғаға сәйкес құндылық қатынастармен өмір сүреді, өзі болған кез келген ортада сол құндылықтардың тасушысына айналады. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің бойында қалыптасқан құндылықтар ертеңгі мектеп оқушыларының санасына сіңіріледі. Білім алушының бойында құндылық бағдардың қалыптасу деңгейі оның аксиологиялық құзыреттілігі арқылы көрініс табады.

Болашақ мамандарды қазақ тілінде оқыту дидактикалық талаптарға сай жүргізілуде. Оның дидактикалық құрамының рөлі оқу-тәрбие үдерісінің құндылық-бағдарлы құрылымына қойылатын талаптарды арттырады және оқытудың дағдылы құрылымын өзгертуді міндеттейді. Білім беру мазмұнының лингводидактикалық тұрғыдан жеткілікті қамтамасыз етілуі және білім беру мазмұны мен оқыту әдістемесінің психодидактикалық талаптарға сәйкестігі болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлаудың түпкі мақсаты болып саналатын аксиологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың алғышарттарын жасайды. Яғни, маман даярлаудың дидактикалық талаптары бүгінгі студент – ертеңгі болашақ педагог маманның аксиологиялық құзыреттілігін дамытуды көздейді. Оны жүзеге асырудың басты ерекшелігі – студенттің қатысымдық белсенділігі мен танымдық ынтасын арттыру, оқу-тәрбие үдерісіне тұлғалық белсенділікті дамытатын жаңа технологияларды енгізу.

Аксиологиялық құзыреттіліктер – жеке тұлғаның құндылық санасын, құндылық қатынасын және құндылық мінез-құлқын қалыптастыруды көздейді. Оның жоғары оқу орындарында жүзеге асырылуы оқу-тәрбие жұмыстарының

мазмұнымен анықталады. Қазақ тілі мен әдебиетінің болашақ мұғалімдерін даярлау ісі – 4 оқу жылы бойында жүзеге асырылатын, когнитивтік, эмоционалды-бағалауыштық және әрекеттік құрамдас бөліктерден тұратын күрделі оқу-тәрбие үдерісі (7-кесте).

Кесте 7 – Оқу-тәрбие үдерісінде аксиологиялық құзыреттіліктің қалыптасу моделі

| Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлауда қалыптасатын аксиологиялық құзыреттілік | | |
|---|---|---|
| *құрамдас бөліктері* | | |
| Когнитивтік | эмоционалды бағалауыштық | әрекеттік |
| *Өлшемшарттары (критерийлері)* | | |
| - құндылықтар жүйесін меңгеру жолдарын білу, түсіну;<br>- құндылықтарды меңгеру дің идеологиялық, әлеуметтік және басқа тұрғылардағы өзектілігін сезіну;<br>- осы мәселелерді талдауға және шешуге теориялық дайындықтың болуы | - ұлттық рухани құнды лықтарды эмоционалды түрде қабылдау және білу;<br>- ұлттық рухани құнды лықтарды өз бетінше дамы туға қажеттілік пен қызығу шылықтың болуы. | - құндылық бағдарды айқындау мүмкіндігі;<br>- құндылық қатынасты дамыту әдістері мен құралдарын меңгеру;<br>- құндылық бағдар тәжірибесінің әртүрлілігі;<br>- кәсіби құзыреттілік дең гейінің жеткілікті болуы. |
| *Күтілетін нәтижелері* | | |
| - құндылық бағдарлы білім кеңістігін дамыту мәселелерін талдау;<br>- құндылықтар жүйесі саласындағы теориялық білім;<br>- құндылықтар жүйесіндегі өз жеке тұлғалық орнын сезіну. | - ұлттық рухани құндылықтарға деген қызығушылық;<br>- рухани құндылықтармен қарым-қатынас жасаудан эстетикалық ләззат алуға дайын болу;<br>- мәдени туындыларды оларға деген көзқарасы арқылы эмоционалды бағалау | - рухани-мәдени құндылықтармен қарым-қатынас дағдыларын меңгеру;<br>- мәдени ақпаратты өзінің практикалық іс-әрекетінде пайдалану;<br>- толерантты мінез-құлық |
| *Қалыптастыру, дамыту жолдары* | | |
| - жоғары кәсіптік білімнің мемлекеттік білім беру стандартында қамтылған кәсіби пәндер блогы;<br>- «аксиолингвистика» пәні;<br>- өздігінен білім жетілдіру жолдары | - факультеттегі тәрбие жұмысы, эдвайзерлік, кураторлық жұмыстар;<br>- өзін-өзі тәрбиелеу | - Өндірістік-педагогикалық іс-тәжірибелер;<br>- оқудан тыс жеке еңбек тәжірибесі |

Құндылық қатынас қалыптастыру үдерісінде оның әлеуметтік-педагогикалық жағдайларының барлық кешенді жолдарын ескеру қажет.

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандары меңгеретін білім беру бағдарламасының мазмұнына «Аксиолингвистика» пәнін енгізуді сондай ықпалды шешімдердің бірі деп санаймыз.

Бүгінгі оқу-танымдық үдерісте ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу жолындағы әрекеттер ұлттық сананы сақтауға бағытталады. Осының бәрі мәдениет, таным, тіл деген басты құндылықтардың беріктігіне келіп тіреледі. Бұл үш таған – кез келген халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі. Сондықтан да «Аксиолингвистика» пәні ұлттық құндылықтардың білім алушылардың бойында, танымы мен болмысында, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінде көрініс беруін көздейді. «Аксиолингвистика» пәнінің білім мазмұны 3 модульден тұрады және «Аксиолингвистика» пәнінің құндылық бағдар қалыптастырудың маңызы», «Түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесі», «Түркі халықтарының ментальдік кеңістігіндегі аксиологиялық концептілер» деген өзекті тақырыптарды қамтиды (8-кесте).

Кесте 8 – «Аксиолингвистика» пәнінің білім мазмұны

| I модуль | II модуль | III модуль |
|---|---|---|
| «Аксиолингвистика» пәні нің құндылық бағдар қа лыптастырудағы маңызы | Түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесі | Түркі халықтарының мен тальдік кеңістігіндегі ак сиологиялық концептілер |
| - Пәннің мақсаты мен міндеттері, зерттеу ны саны, басқа ғылымдармен байланысы | - Түркі халықтарының ортақ жазуы мен мәдениеті. | - «Мәңгілік ел» концептосферасы;<br>- «Адам, өмір, бақыт» құндылық концептілері;<br>- «Тіл» құндылық концептісі |
| Құндылықтар, олардың түрлері | - Көне түркі жазба мұралары тіліндегі құндылық концептілері | - «Өнер, білім, тәрбие» құндылық концептілері |
| - Құндылық бағдар, Құндылық қатынас, құндылықтық сана ұғымдарының мәні, оны қалыптастыру мәселесі. | - Түркі ғұламалары еңбектеріндегі іргелі құндылық идеялар. | -«Ерлік, адалдық ар-намыс» құндылық концептілері;<br>- «Төзімділік, қонақжай лылық» құндылық концептілері |

«Аксиолингвистика» пәнінің мақсаты тілдің құндылық мәнін сезіндіру арқылы оны басты рухани құндылық ретінде бағалауды, аксиологиялық концептілер арқылы көрініс табатын ұлттық құндылықтар жүйесін меңгерту.

Пәннің міндеттері:

1. «Аксиолингвистика» пәнінің құндылық бағдар қалыптастырудағы маңызын түсіндіру.

2. Құндылықтардың түрлері мен олардың философия, психология, дидактика ғылымдарында зерттелу деңгейіне талдау жасату.

3. Құндылық бағдар, құндылық қатынас, құндылықтық сана ұғымдарының мәні мен оны қалыптастыру мәселесінің маңыздылығын түсіндіру.

4. Түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері мен құндылықтар жүйесін меңгерту.

5. Түркі халықтарының ортақ жазуы мен мәдениеті жайлы құндылық бағдарлы білім бере отырып, көне түркі жазба мұралары тіліндегі құндылық концептілеріне талдау жасату.

6. Түркі ғұламалары еңбектеріндегі іргелі құндылық идеяларды меңгерту.

7. «Түркі халықтарының ментальдік кеңістігіндегі «мәңгілік ел», «адам, өмір, бақыт», «тіл», «өнер, білім, тәрбие», «ерлік, адалдық, ар-намыс», «төзімділік, қонақжайлылық» құндылық концептілерін талдау негізінде құндылық бағдарларының қалыптасуына ықпал ету.

*«Аксиолингвистика» пәнін меңгеруден күтілетін нәтижелер:*

1. Меңгерілген оқу материалы негізінде аналитикалық мәтін тудыра алады, оны түрлендіріп (сызбалар, кестелер т.б. арқылы) рәсімдейді, басқаларға түсіндіре алады.

2. Мәтін мазмұнында қамтылған құндылықтық идеяларды аңғарады, түсінеді, сезінеді, бағалайды, басқаларға түсіндіре алады.

3. Қазақ тілінің бай бағалауыш лексикасын қолданып, абсолюттік, салыстырмалы, эмоционалды, рационалды бағалау мәтіндерін тудыру жолдарын меңгереді.

4. Қазақ тілі дамуының көне және ортатүркілік кезеңдеріндегі ерекшеліктерін бүгінгі дамуымен салыстыра отырып, бағалайды.

5. Қазақ тілінің туыстас түркі тілдерімен типологиялық арақатынасын талдап, даму ерекшеліктерін түсіндіреді.

6. Бағалауыш тілдік құралдарды қолданып, топта, ұжымда өз ойын еркін жеткізе алады.

«Аксиолингвистика» пәні аясында меңгерілетін аксиологиялық құзыреттілік өте күрделі ұғым. Ол өзі бір жүйе ретінде когнитивтік, эмоционалды-бағалауыштық және әрекеттік құзыреттіліктер деген құрамдас бөліктерден тұрады (12-сурет).




Сурет 12 – Аксиологиялық құзыреттіліктің құрамдас бөліктері

«Құзыреттілік – тиісті құзыретті иелену негізінде іс-әрекетті орындау қабілеті арқылы көрінетін тұлғаның жеке қасиеті немесе өзара байланысты

қасиеттерінің жиынтығы» [55, б. 72]. Олай болса, құзыреттілік дегеніміз адамның бір әрекетті орындай алу мүмкіндігі болса, кәсіби құзыреттілік дегенді кәсіби әрекетінде шешуге тиісті міндеттерін орындай алуы деп түсінуге болады. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті маманын даярлауда үлкен рөл атқаратын «Аксиолингвистика» пәнін меңгеру арқылы студент келесі құзыреттіліктерге ие бола алады:

*Когнитивтік құзыреттіліктер:*

1. Оқыған мәтіндерден, оқу материалдарынан құндылықтарды үздіксіз іздеу, тану.

2. Құндылықтарға ұмтылу, тану, білу, түсіну.

*Эмоционалды бағалауыштық құзыреттіліктер:*

1. Таныған, білгенін көңіл түйсігімен саралап, талдау.

2. Өмірлік ұстанымдарына, жүрегіне жақын келген құндылықтарды анықтау.

3. Өз өміріне қажеттілігі/қажетсіздігі; пайдалылығы/пайдасыздығы тұрғысынан бағалап, таңдау.

*Әрекеттік құзыреттіліктер:*

1. Бағалап, таңдаған құндылықтардың өз өмірімен байланысын анықтап, мақсаттар құру.

2. Жақсы таныған, бағалаған, басымдық берген құндылықтарына қатысты құрылған мақсаттарына сай нақты қадам, әрекеттер жасау, өмірде қолдана бастау.

3. Әрекеттерін өмірлік дағдыға, құндылықтар жүйесіне айналдыру мүмкіндіктері.

Ұлттық білім беру жүйесінің дидактикалық негіздері әдістемелік ұстанымдар жүйесінен құралады. Дидактикада оқытуға қойылатын маңызды талаптардың бірі – оқыту ұстанымдарын жүзеге асыру. Ұстанымдар тарихи құбылыс болғандықтан, үнемі жаңарып отырады. Оқыту ұстанымдары білім беру жүйесінің мақсатын, мазмұны мен түрін, әдістері мен құралдарын анықтайды. «Аксиолингвистика» пәнін жүргізу үдерісі аксиология және лингвистика ғылымдарына байланысты аксиологиялық, лингвистикалық ұстанымдармен қатар педагогикалық, психологиялық, әдістемелік ұстанымдарға негізделіп жүргізіледі. Аталған ұстанымдар 9-кестеде сипаттамасымен бірге ұсынылды.

«Аксиолингвистика» пәнін жүргізудің дидактикалық ұстанымдары дәріс және практикалық сабақтар мен студенттердің өздік жұмыстарын (СӨЖ) ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ бақылау, бағалау жұмыстарын ұйымдастыру кезінде үнемі басшылыққа алынып отырады. Дәріс сабақтарында дәстүрлі баяндау, әңгімелеу әдістерінен бас тартып, дискуссия, сұрақ-жауап, талқылау, талдау, бірлесіп қорытынды шығару әдістерін қолдану мүмкіндіктері ескеріледі. Практикалық сабақтарда құндылық бағдарлы мәтіндермен жұмыстар жүргізіледі. Олар түркітанымдық мазмұндағы, құндылық бағдарлы ғылыми, көркем және публицистикалық мәтіндер үлгілері болады. Сонымен қатар аталған талаптарға сай келетін «Қазақ тілі» оқулықтарында қамтылған мәтіндерге талдау

жасау жұмыстарының жүйелі түрде жүргізіліп тұруы ескеріледі. Осылай ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде студенттер құндылық бағдарлы мәтіндер мазмұнымен таныс болады, оларды талдау жолдарын меңгереді, аксиолексиканы белсендіру тапсырмаларын орындау тәсілдерін үйренеді.

Кесте 9 – «Аксиолингвистика» пәнін жүргізудің дидактикалық ұстанымдары

| Дидактикалық ұстанымдардың түрлері | Ұстанымдардың сипаттамасы |
|---|---|
| Аксиологиялық | Студенттің құндылық бағдарын қалыптастыру |
| Лингвистикалық | Құндылық бағдарлы мәтіндерді дұрыс іріктеу; Бағалауыш сөздермен жұмыстар жүргізу |
| Педагогикалық | Білім мазмұнының құндылықтық, тәрбиелік мәнін тереңдету |
| Психологиялық | Әрбір студенттің жеке тұлғалық ерекшелігін, ішкі құндылық бағдарын ескеру |
| Әдістемелік | Қолданылатын әдістердің құндылық бағдар қалыптастырудағы тиімділігін ескеру |

Қазіргі заманғы білім беруде студенттердің өзіндік жұмысына (СӨЖ) ерекше көңіл бөлінеді, бұл ақпарат ағынында еркін бағдарлай алатын, өз бетінше жауапты шешімдер қабылдай алатын білімді, құзыретті, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеуді жүзеге асыра алатын мамандарды дайындау қажеттілігімен байланысты. «Аксиолингвистика» пәнін бақылау, бағалау жұмыстарын ұйымдастыру.

Ш.Қ. Құрманбаева өз зерттеуінде білім алушының өздік жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді жолы – ақпараттық білімдік орта тудыру деп санайды [55, б. 179]. Білімді ізгілендіру және демократияландыру ұстанымдары

«Аксиолингвистика» пәнін оқыту кезінде студенттердің өзіндік жұмысын түрлендіріп, кәсіби қажеттіліктеріне сай жетілдіріп отырудың қажеттілігін айқындайды. Бұл «білімді адам» парадигмасын алмастыратын «білікті, құзыретті тұлға» парадигмасы. Бұл парадигманың ауысуы студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудың бүкіл мазмұнын терең түсінуге және қайта құруға ықпал етеді. «Аксиолингвистика» пәнінің білім мазмұнында ұсынылатын құндылықтар жүйесін жай біліп, түсініп қана қою жеткіліксіз. Ол құндылықтар студенттің жүрегіне жетіп, өмірлік құндылық бағдарын айқындауға ықпал етіп, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінде көрініс табуы қажет. Сондықтан бүгінгі күнде жиі қолданылатын реферат жаздыру, конспект жасату, PowerPoint бағдараламасы арқылы ұсынымдар жасатып, қорғату түріндегі өздік жұмыс түрлері жеткіліксіз болады. Себебі бұл жұмыстардың барлығы соңғы мақсатты нәтиже – әрекетке жеткізбейді.

Біздің тәжірибемізде студенттерге «Менің өмірлік құндылықтарым – менің күнделікті әрекеттерім» тақырыбында шығармашылық жоба (бейнематериал) жұмысын дайындау тапсырмасы берілді. Студенттер 1-5 апталар аралығында пән бойынша теориялық білімді меңгере жүріп, сауалнама өткізу, оның қорытындыларын шығару, құндылық қатынастарын көрсететін түрлі

әрекеттерінің дәлелдері ретінде фото-бейне материалдар жинақтау жұмыстарын жүргізді. 5-аптаның соңында жұмыс нәтижелері бойынша 3 минуттық бейнематериалдарын өткізді.

Ұсынылған бейнематериалдарды талдау барысында студенттердің өз жобаларының тақырыбына «жастық шақ», «денсаулық», «білім», «кітап оқу», «ата-ана», «туыстар», «отбасы», «достық», «махаббат», «еркіндік», «туған өлке», «сүйікті оқу орны», «сүйікті қала» т.б. құндылықтарды арқау еткенін көрдік.

Шығармашылық тапсырманы орындау үшін оның кезеңдері мен қойылатын талаптарын айқындап алу үшін қажетті бағалау өлшемшарттарын (критерийлерін) айқындап алдық. Ш. Құрманбаева мен С. Ислямова «Студенттің білім жетістігін критериалды бағалау» атты еңбегінде:

«Критериалды бағалауды енгізу арқылы студенттің қызығушылығын оятатын өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың нақты алгоритмдерін құруға, оқу материалдарын сипаттау түрінде емес, сыни тұрғыдан ойлауға ықпал ететін; оқушының болашақ өміріне пайдасын тигізетін құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды ұйымдастыруға қол жеткізуге болады», – деп санайды [142].

Сондықтан бейнематериалды жасау үшін студенттермен ақылдаса отырып, бағалау критерийі белгіленді (10-кесте).

Кесте 10 – Бейнематериалды бағалау критерийлері

| Жұмыстың бөліктері (рубрикаторлары) | Жұмысты бағалау өлшемшарттары (критерийлері) | Жұмыстың деңгейлері (дескрипторлары) | Ұпай |
|---|---|---|---|
| Тыңдалым мәтінінің сапасы | Оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі | Сай келеді – 3 Орташа – 2 Төмен – 1 | 3 |
| Бейнематериал мазмұны | Мазмұнның бөлім Тақырыбын ашу деңгейі | Жан-жақты ашылса – 3<br>Шала ашылса – 2<br>Дұрыс ашылмаса – 1 | 3 |
| Бейнематериалдағы ақпараттың сапасы | Тақырыпты ашатын мәліметтердің сандық сапалық көрсеткіштері | Көп – 3<br>Орташа – 2<br>Аз – 1 | 3 |
| Кескіндердің сапасы | Эстетикалық талғамға сай келуі | Сай келеді – 3 Орташа – 2 Төмен – 1 | 3 |
| Дыбыс сапасы | Әуеннің үйлесімділігі | Құлаққа жағымды – 3<br>Орташа – 2<br>Нашар – 1 | 3 |
| Интерактивті тапсырманың сапасы | Тапсырмалардың шарты (берілуі) нақты, түсінікті, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан сауатты жазылуы | Сауатты – 3<br>Орташа – 2<br>Нашар – 1 | 3 |

10-кестеге сәйкес бейнематериал дайындау жұмысын бағалауда тыңдалым мәтінінің сапасы, бейнематериал мазмұны, ондағы қамтылған ақпараттың сапасы, кескіндер мен дыбыстың сапасы және студент құрастырған интерактивті тапсырманың сапасы ескеріледі. Сонымен қатар кестеде жұмыстың төмен, орта,

жоғары деңгейде орындалуына байланысты бағалау өлшемшарттарына сәйкес қойылатын ұпай сандары көрсетілген.

### 3.3 Ұлттық құндылықтарды түркітанымдық контексте меңгерту тәжірибесі

Аксиологиялық ұғымдардың мәні санада ұзақ уақытқа, тіпті мәңгілікке таңбаланады. Сондықтан олар ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Тілдегі аксиологиялық таңбалар халықтың дүниетанымы мен болмысынан, рухани мәдениеті мен сол халық тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс. Осы аксиологиялық ұғымдардың қоғамдық сананы қалыптастырушы жастардың бойында өзін-өзі жетілдіру, кәсіби құзіреттіліктерін жүзеге асыру, өзіндік жетістігі арқылы өзіне қанағаттануы негізінде нәтижеге қол жеткізуі мен өмірлік ұстанымдарын тәжірибе арқылы бақылауды жүйелі түрде жүргізу қажет. Болашақ мұғалім өз пәнінің білім мазмұнында қандай құндылықтар қамтылғанын, оларды оқушы бойына сіңірудің әдіс-тәсілдерін өте жақсы білуі тиіс. Ол үшін ең әуелі жалпы құндылық ұғымының мәні мен түрлерін, қалыптасу кезеңдерін білуі шарт. Бұл аталған білімдерді болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«Аксиолингвистика» пәні аясында меңгере алады. *Тәжірибе жұмысы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы даярлайтын «6В01707 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы студенттерімен жүргізілді. Тәжірибе жұмысына 2019-2020 оқу жылында 37 студент, 2022-2023 оқу жылында 52 студент тартылып, 2023-2024 оқу жылында 48 студентпен жалғасын табуда.*

*Тәжірибе жұмысын анықтау кезеңі, оқыту кезеңі және қорытындылау кезеңі деп үшке бөлдік. Әр оқу жылында жаңа студенттермен жүргізілетіндіктен, осы үш кезең бір семестр (15 апта) көлемінде толық аяқталып отырды.*

*Құндылық бағдарды анықтау кезеңі*

Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің құндылық бағдарларын анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстар қатарында осы зерттеуіміздің «2.2 Қазақ тілін оқыту мазмұнында ұлттық құндылықтар жүйесінің қамтылу деңгейі» және «3.1 Тұлғаның құндылық қатынасының қалыптасу кезеңдері және құндылық бағдарды анықтау» тараушаларында баяндалып өткен сауалнама жұмыстарын атауға болады. Сонымен қатар осы «Аксиолингвистика» пәніне кіріспе дәрісінен кейін (1-аптаның практикалық сабағында) студенттер «Менің өмірімде ең маңызды орын алатын құндылықтар» атты сауалнама-кестесін толтырды. Сауалнамаға 75 студент қатысты. Сауалнама нәтижелерін талдау мақсатында әуелі бастапқы үш орында таңдалған құндылықтар қатары назарға алынды (11-кесте).

Кесте 11 – Алғашқы үш орындағы құндылықтар

| 1-орында | 2-орында | 3-орында |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Отбасы (ата-ана, бауырлар) – 44 | Өмір, денсаулық – 32 | Отан, туған жер – 11 |
| Өмір, денсаулық – 15 | Отан, туған жер – 14 | Дін – 10 |
| Отан, туған жер – 5 | Дін – 7 | Ар-ұждан, ұят – 8 |
| Ар-ұждан, ұят – 4 | Отбасы (ата-ана, бауырлар) – 6 | Туған ел – 7 |
| Дін – 2 | Ар-ұждан, ұят – 6 | Өмір, денсаулық – 6 |
| Махаббат – 2 | Адал дос – 3 | Ана тілі – 6 |
| Ақыл, парасаттылық – 1 | Ана тілі – 3 | Ақыл, парасаттылық – 5 |
| Ана тілі – 1 | Білім, ғылым – 3 | Отбасы (ата-ана, бауырлар) – 5 |
| Туған ел – 1 | Туған ел – 1 | Махаббат – 5 |
| | | Ақша – 3 |
| | | Жақсы тұрмыс – 3 |
| | | Адал дос – 2 |
| | | Білім, ғылым – 2 |
| | | Байлық – 1 |
| | | Шет тілдерді білу – 1 |

Жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде студенттердің басым көпшілігінде «отбасы (ата-ана, бауырлар)» құндылығы ең жоғарғы орында екенін көреміз. Екінші орында «өмір, денсаулық» құндылығын жоғары бағалайтындықтарын байқадық. «Отан, туған жер» құндылығы үшінші орынды иеленуі студенттердің патриоттық сезімдерінің жоғары екендігін көрсетеді. Берілген жауаптардан әрбір болашақ маманның жеке тұлға ретінде өз отбасын қорғау, өз өмірін мәнді ету және өз атамекен – туған Отан, туған жерін қорғау құндылықтарын жоғары қойғандығын көреміз. Бұл – болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің өз жеке бас құндылықтарының қатарында ұлттық, қоғамдық құндылықтарды да жоғары бағалайтын тұлға ретінде қалыптасып келе жатқандарының мысалы бола алады.

Демек, болашақ мамандарға дұрыс құндылық бағдар берілсе, әр сабақ ұлттық құндылықтарды бойға сіңіру мақсатын көздей жүргізілсе, білім беру нәтижесі де көңіл толарлық деңгейде болады деп сенуге болады.

Сауалнама нәтижелерінен ұсынылған 20 құндылықтың ішіндегі «қызықты жұмыс, өнер, салт-дәстүр, тарих және мәдениет» құндылықтары алғашқы үштікке кірмегенін көреміз. Оның есесіне бүгінгі радикалды діни ағымдар көбейіп, діннің шынайы қасиетін қоғам мүшелерінің басым көпшілігі тани алмай жатқан тұста студенттер танымында «дін» құндылығының төртінші орында тұрғаны назарымызды аударды (13-сурет).




Сурет 13 – Студенттердің басым құндылықтары

Егер қоғамда үстемдік құрып тұрған құндылықтар ізгілік жолына қызмет ете алмай жатса, онда оларды қайта електен өткізіп, тарих, дәстүр тұрғысынан басым құндылықтарды белгілеп алу өте маңызды. Дін мәселесіне қатысты қоғамымыздағы қазіргі ой-пікірлер тартысы осы мәселеге ерекше көңіл бөліп, ата-бабаларымыз ұстанған ұлы жол ретінде құндылықтық мәнін айқындап алу қажеттігін көрсетеді.

*2. Құндылық бағдарды қалыптастыру кезеңі*

*Құндылық бағдарды қалыптастыру кезеңі 2-14 апталар аралығында жүргізілді. Бұл кезеңде құндылық бағдарлы мәтіндермен жұмыстар жүргізілді және тағы басқа практикалық тапсырмалар орындалды.* Зерттеуші Г.А. Баранова оқулықтардағы мәтіндер құндылыққа бағдарланған, мотивациялық сипатта болуымен қатар дамытушылық-тәрбиелік, дидактикалық функцияны жүзеге асыруға ықпал етуі керектігін, мәтіндерде бағалау болуы керектігін, белгілі бір сезімді білдіруі арқылы сендіргіш немесе эмоционалды-бейнелі стильмен сипатталуы керектігін атап көрсетеді. Автор мәтіндердегі құндылыққа бағытталған материал белгілі бір формада, атап айтқанда, шартты, тікелей, жанама, белсенділікке негізделген құндылық түрінде бекітілетінін айта келе, оқулықта мұндай құндылықтың түрлері әр түрлі мақсаттағы және типтегі сұрақтар-тапсырмалар; тренингтер мен өздік жұмыстарды ұйымдастыруға арналған жаттығулар, оқу материалдары және т.б. іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асатынын атап көрсетеді [143].

«Мәтіннің құндылық-мағыналық мазмұнын анықтау негізінде келесі тапсырмаларды беруге болады: Мәтінді тақырыпсыз беріп оқыту; Құндылыққа бағдарлай отырып мазмұндау; Әр абзацқа ат қойғызу; Толық мәтінге ат қою,

Тірек сөздер табу; Мәтінге жоспар құрғызу; Мәтін және құндылық бойынша қысқаша эссе жазғызу» [144].

Мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру бағытында орындалатын тапсырмалар нәтижесінде оқушы бойында көптеген білік, дағдылар қалыптасады (12-кесте).

Кесте 12 – Мәтінмен жұмыс тапсырмалары және оның нәтижелері

| Тапсырма | Қалыптасатын білік-дағдылар |
|---|---|
| Мәтіндегі аксиолексиканы анықта | Мәтіннен негізгі ойды білдіретін құндылық бағдарлы сөздерді іріктей алады. Осы сөздерді белсенді қолданысқа енгізу арқылы сөздік қоры молая түседі |
| Мәтіндегі асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндір | Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, басқаларға түсіндіре алады. Контекст арқылы сөз мағынасын ашу дағдысы дамиды |
| Мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдерді тап | Мақал-мәтелдердің мағынасына талдау жасап, мәтіннің жалпы мазмұны мен идеясына сәйкес іріктей алу дағдысы дамиды |

Мәтінмен жұмыс істеудің тиімді тәсілдердің бірі – оқытуда оқырмандық интерпретация мен коментарийлер жасау. Мысалы, М. Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі – ұлттық рух пен сезімге толы, адамды өз ұлтының шежіре-тарихын біліп, бағалауға, ұлт жолында қызмет етуге шақыратын көркем туынды. Көркем шығармадағы әр сөз, әр тіркес ер түрік ұлтының ерекше қасиеттерін сипаттауға, тарихтағы орнын көрсетуге арналған. Ғалым С. Қирабаев ақынның осы өлеңі жайлы: «Мағжан көтерген мәселелер Кеңес үкіметі жүргізген саясаттан әлдеқайда жоғары болды. Ақын таптың ауқымымен шектеліп қалмай, күллі адамзатқа, түркі тектес халықтарға ортақ ойларды айтады. Елге, оның болашағына, білімі мен өнердегі ізденістеріне де осы жалпыхалықтық тұрғыдан қарады», – деген баға берген болатын [145]. Өлеңді дұрыс түсіну үшін ондағы үзінділердің беретін бөлшектік және бүтіндік мағыналарын айқындау маңызды.

Қазақ тілі оқулықтарында мәтінмен жұмыс оқылым және тыңдалым дағдыларын дамыту бағытында жүргізіледі. Тыңдалым мәтіндерімен жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың маңызы зор. Түрік ғалымдары Н. Сахин мен М.Ф. Озжан Ұлттық құндылықтарды AURASMA мобильді қосымшасының 3D әсерлері арқылы ұсыну студенттердің білім нәтижелері көрсеткіштерін арттыруға үлкен әсерін тигізеді деп есептейді. Түрік тілін үйретуде Жүсіп Баласағұнидің Құтадғу Білігі мен Қаршқарлы Махмұттың Диуани Лұғати'т- Түрк шығармалары мен олардың авторлары туралы қызықты деректерді смартфондары арқылы көріп, сабаққа қосымша ақпарат алған студенттердің оқу-танымдық уәждемелерінің артқаны жайлы тәжірибелерімен бөліседі [146].

Құндылық бағдарлы мәтіндер мазмұнын тереңірек түсіну үшін қосымша ақпараттарды молынан беру мүмкіндігін беретін интернет технологияларды қолданудың тиімділігіне тәжірибе тарысында біздің де көзіміз жетті. Осы мақсатта студенттерге «Түркі халықтарының ортақ жазуы мен мәдениеті», «Көне

түркі жазба мұралары тіліндегі құндылық концептілері», «Түркі ғұламалары еңбектеріндегі іргелі құндылық идеялар» тақырыптарында топтық жобалар дайындап, слайд түрінде қорғау тапсырмасы берілді. Тапсырмалардың жан-жақты, терең мазмұнды сипатта орындалуы студенттердің осы пән мазмұнына қызығушылық танытқандарын, пәннің қажеттілігін, маңыздылығын сезінгендерін көрсетті.

Адамның бір дүниені құндылық ретінде қабылдауы бағалау үдерісімен қатар жүреді. Бағалауды лингвистикалық парадигмада зерттеуде тілдік қарым-қатынас кезінде адамның белгілі бір объектіге берген бағасын көрсететін тілдік құралдар мен тәсілдер қарастырылады. А.Байтұрсынұлы: "Ойлау екі түрлі сипатты болады. Ол сипаттардың біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған сипаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұлдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл сипаттаулардың біреулері адамға ұнайтын болар да, біреулері ұнамайтын болар», – деген пікірі ойдағы бағалаудың тіл арқылы көрінісін сипаттайды [147].

Б.Қ. Момынова «Бағалауыштық – сөйлеушінің өз тарапынан құбылыс пен затқа, іс-әрекеттің атауына қарым-қатынасы, бағасы, көзқарасы», – деп тұжырымдайды [148]. Ғ. Түсіпбекова бағалаудың абсолюттік, салыстырмалы, эмоционалды, рационалды деген түрлерін атап көрсетеді [149]. Бағалауыш лексиканы меңгерту арқылы оқушының белгілі бір затқа деген көзқарасын сөзбен айтып жеткізу мүмкіндігін кеңейтуге ықпал етуге болады. Позитивті және негативті бағалауыш сөздермен қатар бағалауда көңіл-күй одағайлары мен аффективті сөздер де үлкен рөл атқарады. Аффект (лат. *Affectus* – құмарлық, көңіл толқыны) – қысқа мерзімділікпен және жоғары қарқындылықпен сипатталатын, көбінесе айқын қозғалыстармен және ішкі ағзалар қызметінің өзгеруімен жүретін жарылыс сипатындағы эмоционалдық процесс. Осы кезде қолданылатын «Менің таң қалатыным ...», «үш ұйықтасам, түсіме кірмес еді», «әлі күнге дейін таңым бар», «Айтар жоқ!» деген тәрізді сөздер аффективті деп аталады.

Тілдік бағалау – семасиология, сөйлеу актісі теориясы, лингвопрагматика және лингвоаксиологиядағы ең маңызды лингвистикалық нысандардың бірі. Бағалаудың категориялығы (не жақсы, не жаман) арқылы әлем бейнесін бинарлық құрылымдаудың мәңгілік принципіне негізделе отырып, жақсы/жаман, тәртіп/хаос, жоғарғы/төменгі, оң/сол, құрылымдық/аморфты, денсаулық/ауру, ақылды/ақымақ және т.б. құндылық бағдарларды көрсетеді және психологиялық және аксиологиялық стандарттарды қалыптастырады [150].

Аксиологияда бағалаудың пейоративті (теріс) және мелиоративті (оң) бағалау түрлері бар. Соған сәйкес бір ғана ұғымның бір тілде бірнеше сипаттамалары болады. Мысалы, «тіл» сөзін алатын болсақ, оның әртүрлі концептуалды белгілері түркі халықтары үшін архетиптік сипатта болады және аксиологиялық (мелиоративті де, пейоративті де) сипаттамалары арқылы көрініс табады. Білім алушыларға «тіл» концептісінің қазақ халқының ұлттық санасындағы оң (мелиоративті) және теріс (пейоративті) бағаларын теріп жазу және талдау тапсырмасын беруге болады (13-кесте).

Кесте 13 – «Тіл» концептісінің қазақ халқының ұлттық санасындағы оң (мелиоративті) және теріс (пейоративті) бағалары

| «Тіл» концептісі | |
|---|---|
| Оң (мелиоративті) бағалар | Теріс (пейоративті) бағалар |
| Бай<br>Көркем<br>Әсем<br>Тәтті<br>Жылы<br>... | Ащы<br>Улы<br>Зәрлі<br>Кесірлі<br>Кедей<br>... |

Студенттер аталған тапсырманы өздері орындау арқылы осы тәсілді қолданудың жолдарын меңгерді. Бұл тапсырманы түрлендіріп, «сөз», «халық», «өнер», өмір», т.б. концептілерді қолданып, осындай жұмыс атқартуға болатынын, нәтижесінде халқымыздың ұлттық санасындағы бағалауыш сөздерді меңгертуге болатынын түсінді. Себебі, оқушылармен осы бағалауыш сөздерді меңгерту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу – құндылық бағдар қалыптастырудың тиімді амалдарының бірі. Белгілі бір нысанға өз бағасын, көзқарасын білдіру мақсатында қажетті бағалауыш сөздерді таңдап алып, оларды орнымен қолдану жолдарын меңгеріп шығу жүйелі практикалық жұмысты талап етеді. Бағалауыш сөздерді қолдану жолдарын меңгерту мақсатында студенттерге көптеген тапсырмалар беруге болады.

*Айтылым тапсырмалары:*

1. Позитивті және негативті бағалауыш сөздерді қолдана отырып, Түркі халықтарының рухани-мәдени негіздері қалыптасқан тарихи кезеңдерді сипаттаңыз.

2. Одағайлар мен аффективті сөздерді қолдана отырып, «ерлік», «ар-намыс» құндылық концептілеріне эмоционалды баға беріңіз.

*Жазылым тапсырмалары:*

1. Бағалауыш сөздерді қолданып, көне түркі руникалық жазуы, Орхон-Енисей, Талас жазба мұралары жайлы шағын сипаттау мәтінін жазыңыз.

2. Бағалауыш сөздердің көмегімен «Мен үшін ең басты үш құндылық» тақырыбында рационалды пайымдау мәтінін жазыңыз.

*Оқылым тапсырмалары:*

1. Әлеуметтік желіден «тіл» құндылық концептісіне қатысты эмоционалды бағалау мәтіні мен рационалды бағалау мәтіндерін тауып оқып, қолданылған тілдік бағалау құралдарына талдау жасаңыз.

2. Ғылыми және публицистикалық мәтіндерді оқып, «Мәңгілік ел» концептосферасын бағалаушы лексикаға салыстырмалы талдау жасаңыз.

3. «Қонақжайлылық» құндылығын дәріптейтін мәтіндерде қолданылатын бағалауыш сөздерді анықтаңыз т.б.

*Тыңдалым тапсырмалары:*

1. Мажарстанда өткен Түркі халықтарының құрылтайы туралы хабарларды тыңдап, журналистер қолданған бағалауыш сөздерге талдау

жасаңыз.

2. «Turkistan» телеарнасындағы жаңалықтар топтамасына талдау жасау арылы бағалауыш сөздер сөздігін жасаңыз. Бұл соңғы берілген бағалауыш сөздер сөздігі тапсырмасы ұжымдық жұмыс болады. Нәтижесінде студенттер жинақтаған сөздерден шағын сөздік құрастырылды.

Тәжірибе барысында құндылықтар теориясы мен оларды қалыптастырудың дидактикасы жайлы білімді практикалық тұрғыдан белсендіру мақсатында «Storytelling» (ағылшын тілінен аударғанда – тарихты әңгімелеу) әдісін қолдану тиімді екеніне көзіміз жетті. Бұл әдіс құндылық қатынас қалыптастырудың бес кезеңі бойынша студенттердің өз өмірлік тәжірибелерінен мысалдар келтіре отырып, әңгіме айтуы түрінде ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел форматында өткен семинар сабағында студенттер түсіну; бағалап, таңдау; өз өмірімен байланысын анықтап, мақсат құру; әрекет жасау, қолдану және өмірлік құндылықтар жүйесіне айналдыру кезеңдерінің әрқайсысы бойынша өз өмірлерінен нақты мысалдар келтіріп, ашық сұхбат құрды. Әңгіме барысында нақты өз бастарынан өткен оқиғалар ғана емес, оқыған кітаптарынан, өздері жақсы білетін адамдардың өмірлерінен де мысалдар айтылды. Тәжірибе нәтижесінде студенттер ашық әңгімелесу арқылы бір-бірлерін жаңа қырларынан танып, ұқсас мінез, ұқсас әрекеттеріне сүйсініп, бір-бірлеріне деген құрмет сезімдері арта түсті.

3. Тәжірибені қорытындылау кезеңі.

Бұл кезеңде «Аксиолингвистика» пәні бойынша алған білім, білік, дағдыны бағалау жүзеге асырылды. Бағалаудың бір түрі ретінде студенттер мәтін мазмұнына сәйкес құндылықтарды меңгеру деңгейлерін анықтау мақсатында өзін-өзі бағалау парағын толтырды (14-кесте).

Жүргізілген жұмыстар барысында жұбын бағалау, топ мүшелерін бағалау түрлерімен қатар оқытушы тарапынан жүргізілген жаппай бағалау, ішінара бағалау түрлері қолданылды.

Кесте 14 – Өзін-өзі бағалау парағы

| Құндылық бағдардың қалыптасу кезеңдері | Деңгейлері | | |
|---|---|---|---|
| | төмен | орта | жоғары |
| Түсіну | | | |
| Бағалап, таңдау | | | |
| Өз өмірімен байланысын анықтап, мақсат құру | | | |
| Әрекет жасау, қолдану | | | |
| Өмірлік құндылықтар жүйесіне айналдыру | | | |

Біз теориялық негіздерін айқындап, тәжірибеде қолданған құндылық бағдардың қалыптасу кезеңдері мен нәтижесінде бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнында қолданыста жүрген Блум таксономиясы жүйесіндегі үлкен қайшылықты анықтадық. Блум таксономиясы «білу – түсіну – қолдану – талдау – жинақтау – бағалау» кезеңдерінен тұратыны белгілі. Таксономия (көне грек

тілінде τάξις – жүйе, тәртіп және νόμος – заң) дегеніміз қарапайым тілмен айтқанда – күрделі ұйымдасқан иерархиялық байланысты субъектілерді жіктеу және жүйелеу принциптері мен тәжірибесі туралы ілім. Блум таксономиясы бойынша оқушы жаңа ақпаратты меңгеру кезінде жоғарыда аталған күрделі ұйымдасқан танымдық әрекеттер жүйесі жүзеге асырылады деп саналады. Қарап отырсақ, оған сәйкес жаңа білімді меңгерудің ең соңы бағалау кезеңімен аяқталады. Яғни, қазақ тілі сабағына келер болсақ, оқушы ақпаратты сыни тұрғыдан бағалап, өз пікірін ауызша түрде немесе жазбаша эссе түрінде білдіреді. Осы таксономияның өзіне сыни тұрғыдан назар аударар болсақ, соңғы мақсатты нәтижеге жетпеген, құр сөз жүзінде ғана (ауызша немесе жазбаша) қалған, аяқталмаған әрекетті көреміз. Олай болса, оқылған ақпарат (мәтін) оқушының санасына сіңіп, оның мазмұнында берілген ұлттық құндылықтар жеке тұлғаның өмірлік құндылықтарына айналуы үшін Блум таксономиясынан бас тартып, жаңа таксономия құрудың қажеттілігін көреміз. Блум таксономиясындағы «білу» мен «түсінуді» біріктіріп, бір ғана «түсінуді» қалдыруға болады. Бағалау кезеңі өз ішінде талдау, жинақтау әрекеттері арқылы жүзеге асатындықтан, оларды да бірге алуға болады. Таксономияның соңы «қолданумен» аяқталуы тиіс деп есептейміз. Ал қолдану өз өмірімен байланысын анықтау кезінде өткен қателіктері мен кемшіліктерін көру, болашақ арман-мақсаттарын құру жүзеге асырылады. Қолдану әрекеті болса, күнделікті сабақ үстіндегі, сабақтан тыс кезеңдегі шағын қадамдардан басталып, біртіндеп өмірлік дағдыға айналдыруды көздеуі тиіс. Нәтижесінде «түсіну – бағалау – өз өмірімен байланыстыру – қолдану» деген жаңа таксономияны ұсынамыз.

Яғни оқушы қазақ тілі сабағында берілген құндылық бағдарлы ақпаратты түсініп, жүрегімен бағалап, өз өміріне қажеттілігі тұрғысынан мақсаттар құрып, өмірде қолдана бастаса, уақыт өте келе ол құндылықтар тұлғаның өмірлік ұстанымына айналады.

Тәжірибе нәтижесінде білім беру нәтижесінде меңгерілетін ұлттық құндылықтар жүйесі студенттердің бойындағы адамгершілік қасиеттер түрінде көрініс тауып, өмірлік дағдыларына бағыт беретініне көзіміз жетті (14-сурет).

Жаһандану үдерістері қоғамдағы әлеуметтік қатынастар мен халықтардың мәдениетіне тікелей әсер етуде. Адамдардың жаңа шарттарға бейімделуін талап ететін жаңа әлеуметтік-мәдени құбылыстар пайда болуда. Бұл өз кезегінде қоғамдағы адамдардың өмірлік ұстанымдары мен құндылық бағдарларының біртіндеп өзгеруіне өз әсерін тигізуде. Осы тұста әрбір ұлт жаһанданудың тайқазанында бір жапырақ ет болып қалмай, ұлттығын сақтап қалуы үшін ата-бабаларының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы мен құндылық бағдарларына сүйенуі қажет.




Сурет 14 – Ұлттық құндылықтар және одан туындайтын адамгершілік қасиеттер

Түркі халықтарының этникалық бірегейлігіне жаһанданудың тигізіп отырған қаупі жағдайында тарихи жадыны жаңғыртып, ұлттық, мәдени құндылықтарға заман тұрғысынан жаңаша мән берудің маңызы зор. Ол үшін ауызша және жазбаша жеткен бай рухани мұралар мен ғасырлар бойы халық жадында сақталып келе жатқан наным-сенім, салт-дәстүр, әдет- ғұрыптарындағы мәдени кодты зерделеп, болашақ дамудың басты құндылық бағдары ретіндегі маңызын айқындау қажет. Бұл тарих қойнауынан этностың біртұтас өрісі мен өзіндік рухани санасын нығайта түсетін іргелі құндылық идеяларды іріктеп алу арқылы жүзеге аспақ.

Қоғамдық дамудың қазіргі дәуірі өтпелі кезең ретінде сипатталады, өйткені ол әлеуметтік-мәдени парадигмалардың өзгеруімен, құндылықтар дағдарысымен, құндылықтарды қайта бағалаумен - тоталитарлық қоғамның идеологиялық құндылықтар жүйесінің жойылуымен және ізденіспен сипатталады. Осындай кезеңде жаңа құндылық бағдарлар мен рухани тіректерді, ұлттық бірігу идеяларын түркілік тектен іздеуіміз қажет. Тәжірибе көрсеткендей, ұндылық нигилизмі, цинизм, бір құндылықтан екінші құндылыққа ауысу, экзистенциалды вакуум және құндылық базасының өзгеруі, мағынаға аштық пен дүниетанымның ауытқуы және әлеуметтік патологияның басқа да көптеген белгілері бар өтпелі кезеңде аксиологиялық мәселелерге қызығушылық анық немесе жанама түрде күшейеді. Сондықтан болашақ педагог мамандардың құндылық бағдарын ұлт тарихындағы базалық құндылықтарға сүйене отырып жүргізудің маңызы зор.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру жүйесінде құндылықтарды меңгертудің аксиолингвистикалық негіздерін саралап, зерттей келе төмендегідей қорытынды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

− аксиологиялық лингвистика және лингводидактика бағытында орындалған зерттеу жұмысымызда «Ұлттық құндылық бағдары айқын ұстаз ұлт болашағын айқындайды» идеясын, «тіл – басты рухани құндылық» қағидатын және «жаһандану үрдісі жағдайында жалпытүркілік лингвоэтномәдени құндылықтарды менталитет өзегіне айналдыру» ұстанымын басшылыққа ала отырып, адамды қоғамның ең жоғарғы құндылығы, қоғамдық дамудың басты мақсаты ретінде қарастырдық;

− құндылық дегеніміз – адам болмысының мәнін айқындайтын негізгі ұғымдардың бірі. - Тұлға бойында құндылықтар түсіну, бағалау, қажетін таңдап алып, өз өмірімен байланыстырып, мақсат құру, соған сәйкес әрекет жасау кезеңдері арқылы қалыптасады;

− тіліміздегі аксиологиялық концептілер - түркі халықтарының дүниетанымы мен болмысынан, рухани мәдениеті мен тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс;

– тарихи жадты жаңғыртып, ұлттық құндылықтарға заман тұрғысынан жаңаша мән бере оқыту арқылы тұлғаның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге болады;

− ұлттың ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мүдденің, ұлттық салттың, ұлттық мінездің, ұлттық идеологияның даму барысына бағыт беретін тілдік құралдар: мақал-мәтелдер, жырлар мен аңыздардан құралған, оқиғаларға толы өткен тарихты білдіретін ауыз әдебиеті, ғасырлар бойы қалыптасқан салт дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы. Осы аксиологиялық ұғымдардың қоғамдық сананы қалыптастырушы жастардың бойында өзін-өзі жетілдіру, кәсіби құзіреттіліктерін жүзеге асыру, өзіндік жетістігі арқылы өзіне қанағаттануы негізінде нәтижеге қол жеткізуі мен өмірлік ұстанымдарын тәжірибе арқылы бақылауды жүйелі түрде жүргізуді және болашақ маманның бойында өз пәнінің білім мазмұнында қандай құндылықтар қамтылғанын, оларды оқушы бойына сіңірудің әдіс-тәсілдерін меңгеру құзыреттілігі, құндылық ұғымының мәні мен түрлерін, қалыптасу кезеңдеріне қатысты толыққанды ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Бағалау – танымдық феномен ретінде сапаны анықтау формасы. Бағалау дегенді әлемді тану, оған сыни көзбен қарау деп түсінуге болады. Өмір сүру кеңістігіндегі субъектінің қабылдау, тану тәжірибесі. Бағалау адамды қоршаған ортамен, табиғатпен, әлеуметтік және басқа да шындықпен, адамдармен байланыстырып, құндылықтар әлеміне енгізеді. Бағалау арқылы біз құндылықтарды танимыз. Баға беру арқылы лингвистикалық аксиологиялық талдау жүргізіп, әлемнің тілдік суретінде аксиологиялық аспектілерді көрсетеміз.

Құндылықтар дүниесі – тұлғаның дүниетанымына негізделген іс-әрекет пен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған, ішкі және сыртқы әсерлерге байланысты адам бойында қалыптасқан, биік мақсат көздеген ізгі қасиеттердің өмір сүру барысындағы көрінісі деп тұжырымдауға болады.

Демек, аксиологиялық ұғымдардың мәні санада ұзақ уақытқа, тіпті мәңгілікке таңбаланады. Сондықтан олар ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Тілдегі аксиологиялық таңбалар халықтың дүниетанымы мен болмысынан, рухани мәдениеті мен сол халық тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс. Осы аксиологиялық ұғымдардың қоғамдық сананы қалыптастырушы жастардың бойында өзін-өзі жетілдіру, кәсіби құзіреттіліктерін жүзеге асыру, өзіндік жетістігі арқылы өзіне қанағаттануы негізінде нәтижеге қол жеткізуі мен өмірлік ұстанымдарын тәжірибе арқылы бақылауды жүйелі түрде жүргізу қажет. Болашақ мұғалім өз пәнінің білім мазмұнында қандай құндылықтар қамтылғанын, оларды оқушы бойына сіңірудің әдіс-тәсілдерін өте жақсы білуі тиіс. Ол үшін ең әуелі жалпы құндылық ұғымының мәні мен түрлерін, қалыптасу кезеңдерін білуі шарт.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі. – Алматы, 2015. – 178 б.

2 Дробницкий О.Г. Мир оживших предметов. Проблема ценности и марксисткая философия. – М.: Политиздат, 1967. – 350 с.

